

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ**



Б.О. Ильяс

**«ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТ»
ПӘНІ БОЙЫНША ПРАКТИКУМ**

50 жыл

Қостанай,
2021

Басуға ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Ғылыми кеңесінде ұсынылды

Пікір берушілер:

Қостанай қаласы ПБ-нің жергілікті полиция қызметінің бастығы полиция подполковнигі **М.А.Сахратов**

ҚҚЖЖОҰ кефедрасының бастығы философия докторы (PhD) полиция подполковнигі Д.А.Амангельдиев

Б.О.Ильяс

Ішкі істер органдары әкімшілік қызмет пәні бойынша практикум Б.О.Ильяс: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, Қостанай қ. 2021, - 108 б.

Бұл практикумның мақсаты ҚР ІІМ оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарын оқытудың тәжірибелік бағытын нығайту болып табылады.

Практикумның негізгі бөлімдері ретінде тапсырмалар жинағын және қорытынды бақылау үшін сұрақтар мен тестілер ұсынады.

Құрал ҚР ІІМ оқу орындарының курсанттарымен өзіндік жұмыс процесінде тәжірибелік, семинарлық сабақтарды өткізу кезінде қолдану үшін, сонымен қатар ішкі істер тәжірибелік органдарында кәсіби және қызметтік дайындық бойынша сабақтарды өткізу кезінде қолдануы мүмкін.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

МАЗМҰНЫ:

Қысқартылған сөздер	4
Алғы сөз	5-6
1. «Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша полицияның кешенді күштерін қолдану» тақырыбы	7
2. «Арнайы мекемелерінің қызметін ұйымдастыру» тақырыбы	7-14
3. «Уақытша ұстау изоляторының және айдауылдау қызметін ұйымдастыру» тақырыбы	15-22
4. «Участкелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру» тақырыбы	3-30
5. «Кәмелетке толмағандар арасындағы қараусыз және қадағалаусыздығын ескерту және алдын алу» тақырыбы	31-37
6. «Патрульдік полиция қызметін » тақырыбы	38-44
7. «Көліктегі полиция қызметін ұйымдастыру» тақырыбы	45-50
8. «Күзет қызметін ұйымдастыру» тақырыбы	51-57
9. «Лицензия-рұқсат беру жүйесін ұйымдастыру қызметі» тақырыбы	58-65
10 «Көші-қон полиция қызметін ұйымдастыру» тақырыбы	66-73
11. «Азаматтық қорғау органдарының қызметін ұйымдастыру» тақырыбы	74-81
12. «ҚР тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу» тақырыбы	82-91
13. «Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын құқықбұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу» тақырыбы	92-98
14. «ПО-да қызметтік іс жүргізу» тақырыбы.	99-105
15. «Ерекше жағдайлардағы ПО қызметі» тақырыбы	106
Тесттер жауаптары	
Қолданылған әдебиеттер:	107-108

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕРІ

АЕК - айлық есептік көрсеткіш

АЕАК - ақпараттарды есепке алу кітабы

АПБ - аудандық полиция бөлімі

ӘЗЗҚ - әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау

ӘПБ - әкімшілік полиция бөлімі

ЖБО - жедел басқару орталығы

ЖКО - жол көлік оқиғасы

ЖПБ - желілік полиция бөлімі

ЖПҚ - жергілікті полиция қызметі

КТІЖ УПИ - кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы

ҚАЖПБ - қалалық аудандық желілік полиция бөлімі

ҚАПБ - қалалық аудандық полиция бөлімі

ҚК - қылмыстық кодекс

ҚҚҚ - құқық қорғау қызметі

ҚПБ - қалалық полиция бөлімі

ҚПК - қылмыстық процестік кодекс

ҚТҚ - қоғамдық тәртіпті қорғау

ПБ - полиция бөлімі

ПД - полиция департаменті

ПП - патрульдік полиция

УПИ - учаскелік полиция инспекторы

УПП - учаскелік полиция пункті

ҰҰ - ұлттық ұлан

ІМ - ішкі істер министірлігі

ІО - ішкі істер органдары

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл практикумда «Ішкі істер органдары әкімшілік қызмет» пәнінің ерекше бөлігінде көрсетілген барлық тақырыптары бойынша тапсырмалар қарастырылып, тест сұрақтары, бақылау сұрақтары құралып жинақталған.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің негізгі мәселелері мен ерекшеліктері, оның нысандары мен әдістері ашылады, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметтері мен бөлімшелерінің ішкі ұйымдастырушылық әкімшілік қызметі және ішкі істер саласындағы басқару субъектілерінің әртүрлі деңгейдегі мәртебесі қамтылады.

Жұмыс заң бағыттары мен мамандықтар бойынша оқитын жоғары білім беру ұйымдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасының ІМ ведомствалық білім беру ұйымдарының) білім алушыларына (курсантар, тыңдаушылар), сондай-ақ Қазақстан Республикасының ІМ жүйесінде қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша біліктілігін арттыратын практикалық қызметкерлерде қолданылуы мүмкін.

Пәнді тереңдете зерделеудің бірі - әкімшілік рәсімдік құжаттарды дайындау және басқа да іс-жүргізу жұмысын орындау арқылы кіріспе тапсырмаларды шешуге негізделген тәжірибелік жаттығулар жүргізу.

Бұл сабақтар курсанттың және тыңдаушылар қызметкерінің сауатты және нақты әрекет етуін, барлық құқық бұзушылықтар қалыптасқан жағдайда, заңдылық және мүлдем төзбеушілік қағидатын сақтауға мүмкіндік береді. Тәжірибелік енгізуді қолдану ішкі істер органдарының алдағы жұмысына арналған оқу үдерісін барынша арттыруға мүмкіндік береді.

Тәжірибелік мәселелерді шешуде курсанттар алдымен кодификациялық заңдарға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне және әкімшілік-процессуалдық қызметті жүзеге асыруды реттейтін ведомстволық нормативтерге және құқық бұзушылықтың алдын-алу және алдын алу процесіне сүйене отырып, жағдайды дұрыс, саралауды білуі тиіс.

Тәжірибелік тапсырмада баяндалған жағдайды талдағаннан кейін курсанттар, тыңдаушылар ПО қызметкерлерінің іс-әрекеттерінің алгоритмін және ПО қызметкерінің сипатталған жағдайдағы процедуралық және өзге де іс жүргізу әрекеттерін тікелей жүзеге асыратын қадамдық әрекеттерін анықтауы керек.

Іс-әрекеттердің дұрыс алгоритмін анықтаған кезде курсанттар ұсынылған жағдайда қолдануға болатын сендіру және мәжбүрлеу шаралары тізімін дұрыс анықтауы керек.

Жеткізу және ұстау сияқты мәжбүрлеу шараларын дұрыс пайдалануға ерекше назар аудару қажет.

Жауаптарды талқылау барлық аудиторияның қатысуымен өтеді. Мәселелерді талқылағаннан кейін оқытушы қорытынды жасайды. Осылайша, практикалық жағдайларды шешу немесе жеке мәселелерді тереңірек түсінуге, сондай-ақ теориялық білімді шоғырландыруға және тәжірибелік жағдайлардың өзара әрекеттесуде практикалық дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

1. «Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша полицияның кешенді күштерін қолдану»

Осы тақырып бойынша қарастырылатын құжаттарда ҚБПү мәліметтер қарастырылған.

2.1 «Арнайы мекемелерінің қызметін ұйымдастыру»

Рудный қаласының кезекші бөліміне өзімен бірге құжаттары жоқ және өзінің сөзі бойынша тұрғылықты жері жоқ азамат В.Н. Найденов жеткізілді. Қалада белгілі тұрғылықты жері мен құжаттары жоқтарға арналған қабылдағыштың болмауына байланысты ҚПБ кезекшісі В.Н. Найденовты ұстау туралы қаулы шығарып, әкімшілік қамауға алынғандарға арналған арнайы қабылдағышқа жатқызды. Қабылданған шешім туралы ҚБ кезекшісі жазбаша баянатпен ҚПБ бастығы мен қала прокурорына хабарлады.

1) ҚПБ кезекшісінің әрекетін саралаңыз.

2) ҚПБ кезекшісі В.Н. Найденовты ұстау туралы шешімді дұрыс қабылдады ма?

3) ҚР нормативтік актілерімен В.Н. Найденовты ұстаудың ұзақ мерзімі қандай?

Тапсырма №2

АПБ кезекші бөлімінен сағат 17.00 шамасында өзімен құжаттары жоқ мас күйіндегі азамат В.О. Винников жеткізілді. АПБ кезекшісі АПБ-де детоксация бөлімшесінің болмауына байланысты оны сауыққанына дейін ұсталғандар бөлмесіне жатқызды.

Келесі күні В.О. Винниковтың жеке басы анықталды. Кезекші оған әкімшілік хаттама толтырып, 5 АЕК көлемінде айыппұл түріндегі әкімшілік жазалау тағайындау туралы қаулы шығарып, оны сағат 20:00-де босатты.

1) Осы құқық бұзушылықты саралаңыз.

2) АПБ кезекшісі Винниковты ұстау мерзімін бұзды ма?

3) АПБ кезекшісінің әрекетінде Винниковты анықтау кезінде бұзушылықтар жіберілген жоқ па?

4) Құжаттары мен тұрғылықты орындары жоқтарға арналған қабылдағышқа азамат Винниковты жатқызуға негіз болды ма?

Тапсырма №3

№12 патрульдік полицейлері ҚПБ кезекші бөліміне азамат П.Л.Омаровты (17 жас) және азамат Р.Т. Челкинді (19 жас) қатты мас күйінде жеткізді. Өздерімен құжаттары болмады, мекенжай бюросы бойынша тіркелмеген. Жеткізілгендердің беттері көгерген және қанталаған.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) Қоғамдық тәртіпті бұзушыларды мас күйінің қандай деңгейінде ұстап жеткізуге болады?
- 3) Осы жағдайда Омаров пен Челкинді ұстаудың ұзақ мерзімі қандай?
- 4) Осы жағдайдағы АПБ кезекшісінің әрекетін мазмұндаңыз.

Тапсырма №4

ҚПБ кезекші бөліміне полицейлер жеке басын куәландыратын құжаттарынсыз және тұрғылықты жерінсіз азаматты жеткізді. Жеткізілген азаматтың анық мүгедектік белгілері (оң қолы жоқ) көрінеді.

- 1) Оқиганы бағалаңыз.
- 2) ҚПБ кезекшісінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.
- 3) Осы жағдайда қандай материал жиналуы тиіс?
- 4) Жеткізілгеннің жеке басы мен тұрғылықты орны анықталса, онымен одан әрі қандай әрекет жасау тиіс?

Тапсырма №5

2020 жылы 22 қараша күні сағ. 11:00 шамасында әкімшілік ұстауға алынған Л.Д.Дебоширов ҚПБ ғимаратының қасындағы қарды тазалау үшін жұмысқа жіберілді. Сағат 13.00 шамасында ПО кезекшісі өзінің көмекшісіне барлығын түскі асқа шақыруға нұсқау берді, бірақ Дебошировтың қашып кеткені анықталды.

Кезекші ПО бастығына баяндап, Дебошировты іздеу жариялады.

- 1) ПО кезекші нарядының әрекеті дұрыс па?
- 2) Дебошировтың әрекетінде құқық бұзушылық немесе қылмыс құрамы бар ма?
- 3) Дебоширов бойынша қандай іздеу іс-шаралары қолданылуы керек?

Тапсырма №6

Кезекшілікті қабылдау кезінде ПО арнайы қабылдағышының бекет қызметіне түсуші әкімшілік тәртіпте ұсталған азамат Омаровтан келесі заттарды анықтады: дәрі-дәрмектер, домино, ойын картасы, қырынуға арналған станок, кір сабын мен сұйық сабын, насыбай, дезодорант, жаққыш, мақта, қалам, таза қағаздар, үш көркем кітап және 3400 теңге шамасында ақша.

- 1) Аталған заттардың қайсысы міндетті түрде алып қоюға жатады?
- 2) ПО кезекшісі қандай құжаттарды толтыруы қажет?
- 3) Заттарды алып қою хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №7

Әкімшілік қамауға алынғандарға арналған арнайы қабылдағышқа азамат С.Ю. Хамкин 15 күн тұтқынға алу жазасын өтеу үшін жеткізілді. Камерада алты адам жазасын өтеп жатты, олардың арасында ол көптен жеке нашар қарым-қатынастағы азамат Р.Д. Шиловты кездестірді. Осы себептен олардың арасында жанжал туындап, төбелеске айналып, бір бірін балағаттады.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) Арнайы қабылдағыш қызметкері қандай шаралар қолдануға құқығы бар?*
- 3) Осы жағдайда ПО қызметкерлері қандай материалдарды рәсімдеуі тиіс?*
- 4) Осы факт бойынша жауапкершілікке тартуға шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №8

Азаматша Л.Д. Сахарова Қостанай қ. ПО арнайы қабылдағыш бастығына әкімшілік тұтқынға алынған өзінің ағасы П.П. Сахаровқа сәлемдеме беруге жазбаша өтінішпен жүгінді. Арнайы қабылдағыш бастығы арнайы қабылдағыш кезекшісіне азық-түліктер мен заттарды тексеру бойынша нұсқау беріп, рұқсат етті. Пакетте жүн шұлық, бет орамал, қырынудан кейінгі иіссу, дәретхана қағазы, қырынуға арналған станок, орамал, нан, піскен ет, пачкадағы май, қыша, бір литр банкадағы тоспа, кішкене фотоальбом, қолсағат, нарды, қысқы аяқ киім.

Тексеру кезінде қыша мен майдың сақтау мерзімінің өтіп кеткендігі анықталды.

- 1) Арнайы қабылдағыш бастығының әрекеті дұрыс па?*
- 2) Сәлемдемені беру тәртібі қандай?*
- 3) Осы жағдайда қандай заттарды беруге тыйым салынады?*
- 4) Бүлінген азық-түлікке қатысты құжаттарды рәсімдеңіз.*

Тапсырма №9

22 сағат шамасында әкімшілік қамауға алынғандарды ұстауға арналған арнайы қабылдағышта әкімшілік қамау түріндегі жазасын өтеп жатқан азамат Волков пен азамат Омаровтың арасында жанжал туындап, бір-бірін балағаттап соңы төбелеске айналды.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО кезекшісі мен арнайы қабылдағыш жеке құрамының әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*

Тапсырма №10

Патрулдік полиция наряды шамамен 20.00 шамасында УПП-не 7-9 жастардағы екі кәмелетке толмағандарды «Март» супермаркетінің жанында

қайыр сұрап жүрген жерлерінен жеткізді. Балалар өздерінің балалар үйінен қашып кеткендерін және кез келген жерде қонатындарын айтты. Балалар үйі көрші қалада 80 км. жерде орналасқан.

- 1) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 2) Балаларды кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына жіберу тәртібі қандай?*

Тапсырма №11

Патрульдік полиция қызметкерлері жұмыс барысында жүк поездындағы жұлынған контейнердің пломбасын көрді, бірақ контейнерде бұзу іздері болған жоқ.

- 1) Жағдайды бағалаңыз.*
- 2) Полицейлер қалай әрекет етуі қажет?*
- 3) Осы жағдайда КПО қызметкерлері нені анықтаулары тиіс?*

Тапсырма №12

Патрульдік полиция қызметкерлері жұмыс барысында жүк ауласында азамат Р.Д. Бобровты құны 2500 теңгелік бес литр спиртпен көрді. Бобров спиртті цистернадан дубелмен тесіп алғанын және орнын аға тығынмен тығындап қойғанын мойындады.

- 1) Бобровтың әрекетін саралаңыз.*
- 2) Осы құқық бұзушылық бойынша қандай материал жинау керек?*
- 3) Осы сипатты құқық бұзушылықтармен күрестің алдын алу шараларын атап шығыңыз.*
- 4) Спиртті алып қою хаттамасын толтырыңыз.*

Тапсырма №13

Патрульдік полицей полиция сержанты Н.Н. Нұрбаевқа азаматша С.С. Самохина автоматтық сақтау камерасынан заттарды алу үшін көмектесуін сұрап жүгінді. Ол өте қобалжулы күйде болды, ұяшықтың кодын ұмытып қалғандығын және поезды он бес минуттан соң жүріп кететінін айтып жылады.

- 1) Осы жағдайда полицей қалай әрекет етуі тиіс?*
- 2) Автоматтық сақтау камерасын мәжбүрлі түрде бұзу туралы рұқсат беруге кім құқылы?*
- 3) Сақтау камерасын мәжбүрлі түрде бұзу кезінде қандай құжаттар құрастырылады?*

Тапсырма №14

Шамамен 14 сағатта ЖПО кезекші бөліміне Р.О. Смаилова хабарласып, үш минут бұрын вокзал перронында ер адам оның басынан құндыз бөркін жұлып алып, вокзал алаңы жағына қашып кеткендігін айтты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) Аталған ақпаратты қабылдау кезінде ЖПБ кезекшісі нені нақтылауы қажет?
- 3) Қылмысты «ізін суытпай» ашу бойынша күштер мен құралдарды басқару бойынша тәуліктік нарядтың әрекетін атап шығыңыз.

Тапсырма №15

ЖПО кезекші бөліміне сағат 9-да Тобыл станциясының темір жолдарында кәмелетке толмағандар зорлық белгісі жоқ белгісіз ер адамның денесін тапқандығы туралы хабар келіп түсті.

- 1) ЖПО кезекшісі ақпарат қабылдау кезінде нені нақтылауы тиіс?
- 2) ЖПО кезекшісі алынған ақпарат туралы кімге хабарлайды?
- 3) ЖПО кезекшісі жедел-тергеу тобының қандай құрамын қалыптастырады?
- 4) Осы ақпарат қайда тіркеледі?

2.2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. Қазақстан Республикасы ПО қызметінің ұйымдастыруы және уәкілеті, құрылымы, статусы қай заңнамада анықталған?

- А) «Ішкі істер органдары туралы» Заңы.
- В) «Арнайы мемлекеттік орган туралы» Заңы
- С) «Құқық қорғау туралы» Заңы
- Д) «Тұрмыстық зорлық-зомбылықты алдын алу туралы» Заңы
- Е) «Құқық бұзушылықты алдын алу туралы» Заңы

2. Мемлекеттік басқарудағы ПО Орталық саласы болып табылатын орган?

- А) Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігі
- В) Ішкі Істер департаменті
- С) Қалалық, аудандық органдар
- Д) Ішкі істер бас басқармасы
- Е) Полиция департаменті

3. Жергілікті полиция қызметін құрайды:

- А) Участкелік полиция инспекторлары бөлімшелерінен, кәмелетке толмағандар істері, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерден, патрульдік полициясынан, табиғатты қорғау полициясынан тұрады және ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді.

В) әскери-тергеу департаменті, әскери-тергеу басқармалары мен тергеу, жедел-ізвестіру, жедел-техникалық және өздерінің алдында тұрған міндеттерді шешу үшін қажетті өзге де бөлімшелерден тұратын бөлімдер құрайды.

С) жедел-ізвестіру, тергеу, полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметтері, сақшылық қызмет, ішкі істер органдарының арнаулы мекемелері және өзге де бөлімшелер құрайды

Д) Учаскелік полиция инспекторлары бөлімшелерінен, кәмелетке толмағандар істері, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерден және ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді.

Е) Учаскелік полиция инспекторлары бөлімшелерінен, кәмелетке толмағандар істері, жол-патрульдік полициясынан, табиғатты қорғау полициясынан тұрады және ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді.

4. Әкімшілік полицияны құрайды:

А) Жергілікті полиция қызметі, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерден, көші-қон, уақытша ұстау изоляторы, айдауыл қызметі, қабылдау-бөлу орындарынан, арнаулы қабылдау орындарынан және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

В) Әкімшілік полициясы полицияның учаскелік инспекторлары, кәмелетке толмағандар істері, әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерден, жол-патрульдік, көші-қон, табиғатты қорғау полициясынан, арнаулы мекемелерден, қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

С) жедел-ізвестіру, тергеу, полицияның учаскелік инспекторлары мен кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар қызметтері, сақшылық қызмет, ішкі істер органдарының арнаулы мекемелері және өзге де бөлімшелер құрайды

Д) Жергілікті полиция қызметі, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерден, көші-қон және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

Е) Жергілікті полиция қызметі, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерден, уақытша ұстау изоляторы, айдауыл қызметі, қабылдау-бөлу орындарынан, арнаулы қабылдау орындарынан және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

5. Аталғандардың қайсы әкімшілік жазаға жатпайды?

А) Ескертпе

В) Ескерту

С) Әкімшілік қамау

Д) Айыппұл

Е) Қамаққа алу

6. ҚР ӘҚБт Кодексінде әкімшілік жазаның қанша түрі қарастырылған?

- А) 9
- В) 7
- С) 10
- Д) 8
- Е) 6

7. Тұлға әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда қандай құжат толтырылады?

- А) Хаттама
- В) Арыз
- С) Қаулы
- Д) Баянат
- Е) Түсініктеме

8. Ұсақ бұзақылық жасағаны үшін қандай жастан бастап тұлғаны әкімшілік жазаға тартуға болады?

- А) 16 жастан
- В) 18 жастан
- С) 17 жастан
- Д) 19 жастан
- Е) 14 жастан

9. Әкімшілік ұстау-

- А) Құқыққа қайшы әрекеттің жолын кесу мақсатында арнайы бөлмеде мәжбүрлеп ұстауға тұлғаларды іс-әрекет және қозғалу бостандығынан уақытша айыру
- В) Азаматтың бостандығын шектеу
- С) Шартты кесім
- Д) Айыппұл салу
- Е) Жазалау

10. Арызға не жатады?

- А) Аталғандардың барлығы
- В) Лауазымды тұлғаның, мемлекеттік органның немесе мекемеде басқару функциясын атқаратын тұлғаның хабары
- С) Бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар
- Д) Өтініш
- Е) Шағым

2.3 Бақылау сұрақтары

1. Арнайы мекемелер қызметін ұйымдастыру
2. Қылмыс жасады деп айыпталушылар мен күдіктілерді ұстау тәртібі
3. Нақты тұрғылықты орны мен құжаттары жоқтарға әлеуметтік, медициналық және басқа да көмек көрсету бойынша шаралар

4. Әкімшілік қадағалаудағыларға арналған арнайы қабылдағыштардың қызметін ұйымдастыру
5. Участкелік полиция инспекторларының арнайы мекемеге құқық бұзушыны жеткізген кездегі толтырылатын іс құжаттар
6. Қазақстан Республикасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мен болдырмау бойынша арнайы мекемелерде жүргізілетін іс-шаралар
7. ҚР тұрмыстық деликтіліктің алдын алудың құқықтық негіздері
8. ҚР тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша арнайы мекемелер қызметкерлері субъектілері бола алады ма?
9. Арнайы мекемелерде азаматтардың жеке сұрақтары бойынша қабылдау тәртібі жүргізіледі ме?
10. Арнайы мекемелерде азаматтардың арыздары мен шағымдарын қабылдау процесіндегі қызметтік іс жүргізу
11. Айдауыл қызметіндегі құқық қорғау органдары қызметінің профилактикасын рәсімдеу және жүзеге асыру механизмі
12. ПО профилактикалық есебінде тұрғандармен арнайы мекемелер қандай профилактикалық жұмыстар жүргізеді.
13. Арнайы мекемелерде профилактикалық есеп істерін жүргізу түрлері мен тәртібі
14. ЖПҚ қызметкерлерімен арнайы мекемелерге жеткізу және ұстау тәртібі
15. Арнайы мекемелер қызметкерлерімен әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолданудың құқықтық негіздері

3. 1 «Уақытша ұстау изоляторының және айдауылдау қызметін ұйымдастыру» тақырыбы

Тапсырма №1

Сағат 2 шамасында қылмыс жасады деп күдіктенуші екеу Энкс қ. ПО УҰИ камерасының терезесінің торын кесу арқылы қашты. Бекет бақылаушысы бұл фактіні таңғы сағат 5-те анықтап, ПО кезекшісіне хабарлады.

- 1) Жағдайды және күдіктілердің әрекетін саралаңыз.*
- 2) ПО кезекші бөлімінің тәуліктік нарядының әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) Қашқан азаматтарды ұстау үшін қатысатын күштер мен құралдарды айтып шығыңыз.*

Тапсырма №2

Әуликөл ауданының ПО УҰИ-нан қылмыс жасады деп айыпталушы 6 адамды Энск қаласының тергеу изоляторына айдауылдау кезінде қалаға 25 км жетпей арнайы көлік бұзылды. Айдауыл құрамы үш айдауыл мен айдауыл бастығынан тұрды.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) Айдауыл нарядының әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*

Тапсырма №3

ҚПБ кезекші бөліміне қылмыс жасады деп айыпталушы азамат 3.3.Зекотты жеткізді. ҚПБ кезекшісі бұл туралы істі жүргізуші тергеушіге хабарлап, жеткізілгенді УҰИ-на жатқызды, сонымен қатар 3.3.Зекоттың өтініші бойынша туғандарына оның ұсталуы туралы хабарлады.

- 1) Кезекшінің әрекетін бағалаңыз.*
- 2) ҚПБ кезекшісі қандай құжаттарды толтыруы қажет?*
- 3) ПО кезекшісі қандай жағдайларда ішкі істер органдарымен ұсталушы туралы туыстарына хабарлауы тиіс?*

Тапсырма №4

ҚПБ кезекші бөліміне қаланың орталық саябағынан екі кәмелетке толмаған жеткізілді: Серик - 15 жаста және Кайрат - 17 жаста, олар орындықта спирттік ішімдік ішіп отырған. ҚПБ кезекшісі ата-аналарын шақырып, кәмелетке толмағандарды ұсталғандарға арналған бөлмеге жатқызды, ал үш сағаттан соң УҰИ-на ауыстырды. Одан әрі ПО кезекшісі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторды шақырып, оларды сауыққандарына дейін кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына жіберу туралы нұсқау берді.

- 1) Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) ҚПБ кезекшісінің әрекеті дұрыс па?
- 3) Кәмелетке толмағандар өз беттерімен жауапкершілікке тартыла ала ма?
- 4) Кәмелетке толмағандарды детоксация бөліміне сауыққанға дейін орналастыруға бола ма?

Тапсырма №5

ҚР ҚПК 128-бабы бойынша УҰИ ұсталушы С.С. Сомов түнгі сағат 2-де денсаулығының нашарлағанын айтты. ҚПБ кезекшісі «жедел жәрдем» шақыруға нұсқау берді. Дәрігерлер Сомовты денсаулық жағдайына байланысты, оған бөлек тамақтану мен стационарлық ем қажет болғандықтан УҰИ-да қалмауы қажет екендігі туралы қорытынды берді. Дәрігердің анықтамасының негізінде ҚПБ кезекшісі Сомовты босатты және сауыққанынан соң келуі қажет екендігін айтып міндеттеді.

- 1) Осы жағдайда ПО кезекшісі кімді ақпараттандырады?
- 2) ҚПБ кезекшісінің әрекеті заңды ма?
- 3) ПО қызметкерлерінің толық әрекетінің алгоритмін құрастырыңыз.
- 4) ПО органдары қандай құжаттар толтырады және ұндай жазбалар жазуға міндетті?

Тапсырма №6

Кезекшілікті қабылдау кезінде УҰИ бекет қызметіне кезекшілікке түсуші ұсталушыдан ҚР ҚПК 128 бабының тәртібінде Омаровтан келесі заттарды тапты: дәрі-дәрмек, домино, ойын картасы, кір сабын мен сұйық сабын, темекі, тұтатқыш, мақта, қалам, таза қағаз, үш шығармашылық кітап және 3400 теңге көлемінде ақша.

- 1) Жоғары аталған заттардың қайсысы міндетті алып қоюға жатады?
- 2) УҰИ кезекшісі қандай құжаттарды толтыруы қажет?
- 3) Тыйым салынған заттардың бірін алып қою туралы хаттама құрастырыңыз.

Тапсырма №7

Энск қ. ПО уақытша ұстау изоляторында ҚР ҚПК 128-бабының тәртібінде ұсталушы Сериков пен Бериковтың арасында жанжал туындап, төбелеске ұласты. Камерада тағы үш күдіктенуші болды, бірақ олар оларды татуластыру үшін ешқандай әрекет жасамады.

- 1) УҰИ бекетшісі мен ПО кезекшісі бөлімінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.
- 2) Осы жағдайда арнайы жолын кесу шараларының қандай түрін қолдануға рұқсат етіледі, және оған кім рұқсат береді?

3) *Осы оқиганы құжаттандыру тәртібі қандай.*

4) *Арнайы жолын кесу шараларын қолдану туралы баянат құрастырыңыз.*

Тапсырма № 8

УҰИ-да азамат Сериковке арналған сәлемдемені тексеру кезінде УҰИ қызметкерлерімен спирт толтырылған миниралды ауыз су бөтелкесі табылды, сәлемдемені Сериковтың туған апасы Омарова әкелген, ол оны Сериковтың өтініші бойынша, ертең туған күні болғандықтан әкелгенін түсіндірді.

1) *Жағдайды бағалаңыз және Омарованың әрекетін саралаңыз.*

2) *ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және осы факті бойынша қандай материал жинау керек?*

3) *Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

4) *Арақта алып қою туралы хаттама құрастырыңыз.*

Тапсырма № 9

Қостанай қаласының Бостандық ауданында көші-қон полициясының қызметкерлері Өзбекстан Республикасынан келген Юлдашев есімді азаматты ұстап алып, Арнайы қабылдау-тарату мекемесіне жеткізді. Тексеру кезінде аталған азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған. Юлдашев деп аталған азамат бүгін таңертең Қазақстан Республикасына келгенін және таңертең өзімен бірге құжаттары болғанын, ал қазіргі уақытта олардың жоқтығына таң қалғанын түсіндірді.

1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*

2) *ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және осы факті бойынша қандай материал жинау керек?*

3) *Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

4) *Көші-қон полициясы қызметкерлерінің іс-әрекеттері заңды ма?*

5) *Жеке басын куәландыратын құжаттардың болмауы құқық бұзушылық болып табыла ма?*

Тапсырма № 10

Көші-қон полициясы бөліміне Ресей Федерациясының азаматы В.К.Сидоров үш күн бұрын Алматы қаласына тіркелу үшін ағасына қонаққа келді. Көші-қон полициясының қызметкері оның ағасысыз келгенін айтып, тіркеуден бас тартты. Содан УҰИ қамаққа алды.

1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*

2) *Көші-қон полиция қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және осы факті бойынша қандай материал жинау керек?*

- 3) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?
- 4) Көші-қон полициясы қызметкерлерінің іс-әрекеттері заңды ма?
- 5) Шетел азаматтарын тіркеу үшін қандай құжаттар қажет?

Тапсырма №11

Азамат құжаттарын тексеру кезінде. Италия азаматы С.В. Мальдини Қостанай қ. ұрлық жасағаны бойынша ҚПБ УҰИ қамаққа алынды, учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты Мақсатов оның құжаттарын тексеру барысында визасы 10 күнге кешіктірілгенін анықтады.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және осы факті бойынша қандай материал жинау керек?
- 3) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?
- 4) Учаскелік полиция инспекторының іс-әрекеттері заңды ма?
- 5) Қылмыстық жазаға тартылған тұлғаға қатысты әкімшілік жауапкершілік қалай жүргізіледі?

Тақырып №12

"Лотос" қонақ үйінде паспорт режимін тексеру кезінде учаскелік полиция уәкілі №13 нөмірде Грузия азаматы З.И. Гавгадзе тіркеусіз тұратынын анықтады. Шетел азаматына қатысты УПИ ӘҚБтК 517 бабы бойынша 24 сағатқа УҰИ жапты. Өйткені осы уақытта арнайы қабылдау мекемесінде құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқанына байланысты жабық еді.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) УҰИ қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және осы факті бойынша қандай материал жинау керек?
- 3) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?
- 4) УПИ полициясы қызметкерлерінің іс-әрекеттері заңды ма?

Тақырып №13

Аяқ киім фабрикасын тексеру кезінде учаскелік полиция уәкілі зауыт директоры Р.И. Оганезовтың жеке авто көлігінде екі қапшық аяқ киімді, әкетіп бара жатқанын анықтады. Оқиға орнына УПИ жедел тергеу тобын шақырып Оганезовты оқиғаның мән-жайын анықтағанға дейін, тергеушінің қаулысы бойынша УҰИ жапты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және осы факті бойынша қандай материал жинау керек?
- 3) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?

4) УПИ және тергеу полициясы қызметкерлерінің іс-әрекеттері заңды ма?

Тапсырма №14

Финляндия елшілігінің жүргізушісі А.Кеккоен мас күйінде «Остров» мейрамханасының алдында өзінің ВАЗ 2101 авто көлігізіп жүрген кезінде УПИ тоқтатып Кеккоенға ҚР ӘҚБтК 608 бабы бойынша әкімшілік іс қозғап Кеккоенді УҰИ жатқызды.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және осы факті бойынша қандай материал жинау керек?

3) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?

4) УПИ полициясы қызметкерлерінің іс-әрекеттері заңды ма?

Тапсырма № 15

Азамат Сериков балық аулау кезінде жағалаудан бір жас баланың мәйтіні көрді. Оқиға бойына полицияға хабарлады. Оқиға орнына келген УПИ Сериковті күдікті ретінде УҰИ-на 5 тәулікке қамаққа алды.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және осы факті бойынша қандай материал жинау керек?

3) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?

4) УПИ полициясы қызметкерінің іс-әрекеті заңды ма?

5) УҰИ қамаққа алу бойынша қандай құжаттар қажет?

6) Неше тәулікке дейін қамаққа алуға рұқсат етілген?

3. 2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. УҰИ қамауға алынған адамдар мен ұсталғандарды күзетуге тағайындалады:

А) Кезекші және оның көмекшісі, бекеттегілер және шықпалар

Б) Бекеттегілер

С) Кезекші және оның көмекшісі

Д) Текқана көмекшісі

Е) Кезекшінің өзі.

2. Егер құқық бұзушыға ескерту білдіргенде, ол берілген ескертуге ашу кернеген ілтипат білдірсе қызметкер міндетті:

А). Тынышталуға уақыт беріп және өз әрекетін түсіндіруге мүмкіндік беруге, содан соң оның белгілі заңдарға сәйкес оның іс-әрекетінің дұрыс еместігіне көз жеткізу

- В) Құқық бұзушыға қатысты арнайы құралдарды қолдануға
- С) Тез арада оны тоқтатуға
- Д) Тынышталуға уақыт беріп және өз әрекетін түсіндіруге мүмкіндік беруге
- Е) Тынышталуға уақыт беріп және өз әрекетін түсіндіруге мүмкіндік беріп оны босатуға.

3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 744 бабы келесіні қарастырады:

- А) Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға
- В) Қорғаушыны беру тәртібі
- С) Жәбірленушінің құқығы
- Д) Аудармашы
- Е) Куәгер

4. УҰИ ұстау уақыты ...

- А) 72 сағат
- В) 24 сағат
- С) 3 сағат
- Д) 48 сағат
- Е) 12 сағат

5. Төмендегілердің қайсы ұсақ бұзақылыққа жатпайды ?

- А) Қоғамдық орында спирттік ішімдіктерді ішу
- В) Қоғамдық орында балағаттау
- С) Ортақ пайдалану орның ластау
- Д) Қоғамдық орында темекі шегу
- Е) Қоғамдық орында қару қолдану

6. Қазақстан Республикасының ПМ Жедел басқару орталығына міндеттеледі:

- А) Төменде аталғандардың барлығы
- В) Жедел әрекет бойынша қызметкерлер мен бөлімдерді бағыттау
- С) Төтенше жағдайлар пайда болғанда басқару шешімдерін құру және ұйымдастыру
- Д) Бейне бақылауларды қадағалау
- Е) 102-ге келген ақпараттарды қадағалау

7. Мемлекеттік басқарудағы ПО Орталық саласы болып табылатын орган?

- А) Қазақстан Республикасының Ішкі Істер Министрлігі

- В) Ішкі Істер департаменті
- С) Қалалық, аудандық органдар
- Д) Ішкі Істер басқармасы
- Е) Ішкі Істер бас басқармасы

8. Мас күйін көрсетудің нысанына не жатады?

- А) Аталғандардың барлығы
- В) Тұлға бөліктеп немесе толықтай бағдарын жоғалтқан
- С) Мас күйіндегі тұлға келіссіз түрде болуы
- Д) Теңселіп жүруі
- Е) Алкоголді сусынын ішіп жүргені

9. Полиция қызметкерлері жеке тексерісті куәгердің қатысуынсыз жүргізе алады ма?

- А) Құқығы бар, егер тұлғада қару бар деген негіз болса
- В) Жоқ, құқығы жоқ
- С) Құқығы бар, жедел кезекшінің рұқсатымен
- Д) Құқығы бар
- Е) Прокурордың санкциясы бойынша

10. Қылмыскердің жолына түсу кезінде оқиға орның күзетуді кім қамтамасыз етеді?

- А) Көршілес полиция жасақтарымен немесе азаматтарды тартумен
- В) Жедел-тергеу тобы
- С) Участкілік полиция инспекторы
- Д) Тергеуші
- Е) Анықтаушы

3. 3 Бақылау сұрақтары

1. ПО арнайы мекемелерінің қызметін ұйымдастыру.
2. Азаматтардың құқықтық тәртіпті қолдаудағы құқықтық формалары.
3. УҰИ қызметін ұйымдастыру.
4. Қылмыс жасады деп айыпталушылар мен күдіктілерді ұстау тәртібі.
5. УҰИ жүргізілетін жеке профилактика.
6. УҰИ профилактикалық есеп істерін жүргізу түрлері мен тәртібі.
7. ЖПҚ қызметкерлерімен УҰИ-на жеткізу тәртібі.
8. УҰИ ішкі тәртібі?
9. УҰИ қылмысқа қарсы алынған ақпараттарды қарау және рәсімдеу тәртібі.
10. ЖПҚ қызметкерлерімен құқық бұзушыларды ұстау және УҰИ жеткізу негіздері мен мерзімдері.

11. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық бойынша УҰИ бейімдеу заңдылығының құқықтық негіздері.
12. ПО-ның жүйесі.
13. УҰИ негізгі бағыттары
14. УҰИ қолданылатын мәжбүрлеу шаралары
15. ҚР-да шетел азаматтарын УҰИ ұстау тәртібі.

4.1 «Учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру» тақырыбы

Тапсырма №1

«Теміржол» учаскелік полиция пунктіне азамат А.П. Бомбиловты азаматтарға такси қызметін табанды түрде ұсынғаны, нақты айтқанда өз көлігімен тасуды ұсынғаны үшін жеткізілді.

Анықтау процесінде Бамбилов жолаушыларды тасу қызметімен айналысуға рұқсаты жоқ екендігі және Ресей азаматы екендігі анықталды.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) УПИ қандай материал жинауы керек?*
- 3) Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) А.П. Бомбиловты ұстау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №2

«Жасөспірім» жедел алдын алу шаралары шеңберіндегі рейдтік іс-шаралар барысында 23 сағатта кәмелетке толмағандар ісі бойынша УПИ өзінің көмекшісімен бірге «Холидей» дәмханасында бөлек бөлмеде туған күн тойлап отырған төрт жасөспірімді көрді.

Олар алкогольдік сусындар ішпеген, бірақ екі жасөспірім темекі шеккен, үстелде күлсалғыш болды.

Анықтау кезінде жасөспірімдердің буреуі он сегізге әлі толмағанын, сонымен қатар дәмханада темекі шегі үшін арнайы орынның болмағаны анықталды.

- 1) Жағдайды бағалап, құқық бұзушылықты саралаңыз.*
- 2) ЖПҚ қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және осы жағдайдағы кәмелетке толмағандар ісі бойынша УПИ Сидорованың нақты әреуПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №3

Қостанай ауданының Жақсылық ауылында Алтынсарин-Гвардейская көшелерінің қиылысында «Ваз-2106» көлігінің жүргізушісі Сериков «Ваз-21099» көлігінің жүргізушісі Бериковпен жаяу жүргіншілер жолағына тоқтау кезінде соқтығысты (артқы бамперін майыстырды).

Анықтау кезінде УПИ «Ваз-2106» көлігі Сериковтың ағасынікі екендігі, сақтандыруда тек қана өзіне ғана белгіленгендігі анықталды.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) УПИ тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және қандай материал жинауы қажет?*

- 3) *Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) *«Ваз-2106» көлік құралын қарау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №4

Аң аулау кезеңінің ашылуына байланысты жедел-алдын алу іс-шараларының барысында УПИ Қостанай ауданы ІО ЖПҚ табиғатты қорғау полициясы қызметкерлерімен бірлесе Обаған өзенінде қармақтармен және бір аумен балық ұстап отырған үш балықшыны көрді. Ау салуға рұқсаттары болғанмен балықшылардың барлығы мас болды. Анықтау кезінде балықшылар түскі ас кезінде үшеуіне 0,7 литр арақ ішкендіктері анықталды.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ЖПҚ қызметкері балық аулауға рұқсаттың болмауы жағдайында қалай әрекет етуі қажет?*
- 3) *Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) *Балық аулау ауын алып қою туралы хаттаманы құрастырыңыз.*

Тапсырма №5

Сағат 22.30 шамасында «Ромашка» азық-түлік дүкенінің қасынан өтіп бара жатқан УПИ мен оның көмекшісі дүкеннен екі жасөспірімнің екі шыны арақпен шыққандарын көрді.

Анықтау кезінде жасөспірімдердің жастары 19 және 20 екендіктері, және олар мас емес екендіктері анықталды. Жасөспірімдер арақты «Ромашка» дүкенінен алғандарын және оны үйде достарымен ішпекші болғандарын айтты.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *УПИ және оның көмекшісінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз және олар қандай материалдар жинауы қажет?*
- 3) *Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) *Арақты алып қою хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №6

23 сағат 10 минутта «Колос» мәдениет үйіне кіре берісте УПИ және оның көмекшісі 16 жастағы Попов пен Ивановты тоқтатты, олар екеуі бірге ата-аналарының рұқсатынсыз киноға барғандарын айтты.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ЖПҚ қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз және УПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3) *Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) *Кәмелетке томағандарды сұрау бойынша хаттама құрастырыңыз.*

Тапсырма №7

2020 жылғы 25 сәуірде «Иммигрант» жедел-алдын алу шаралары барысында УПИ және оның көмекшісі Университет жатақханасынан Серікті (03.01.1998 ж.т.) және Берікті (13.02.1998 ж.т.) жеке бастарын куәландыратын құжаттарын жоқ екендігін анықтады. Серік пен Берік ХҚКО барып куәлік алу үшін оқу сабақтарынан босамайтындықтарына байланысты жазғы демалыста бармақшы болғандарын айтты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ЖПҚ қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және УПИ қанай материал жинауы қажет?*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Серікті сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №8

Университет жатақханасының азаматтардың тіркелулерін тексеру барысында УПИ мен оның көмекшісі азамат Сериковтың жеке куәліксіз тұрып жатқандығын анықтады. Сериков өзінің куәлігін кешкі ас ішіп ақшасы жетпегендіктен «Көктем» дәмханасының әкімшісі Бериковке кепілге қалдырғандығын түсіндірді. Үш күннен соң шәкіртақы алатынын және куәлігін алып кететіндігін айтты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ЖПҚ қызметкерлерінің тәжірибелік қызметін мазмұндаңыз және УПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3) Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) Сериковтың куәлігін алып қою хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №9

УПИ мен оның көмекшісі Шаяхметов көшесінен өтіп бара жатып, Шаяхметов және Таран көшелерінің қиылысында №103 маршруттық автобусының жүргізушісі Сериковтің екі жолаушыны түсіріп тастағанын көрді.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ЖПҚ қызметкерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, УПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №10

«Оңтүстік» УПП-не азамат Ермакова өзінің көршісі Маратовтың өзінің жеке көлігін Абай көшесі, 3 үйдің балалар алаңына қоятынын айтып шағымданды. Оқиға орнына бару кезінде Ермакованың ақпараты расталды.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ЖПҚ қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және УПИ қандай құжаттарды жинауы қажет?*
- 3) *Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) *Құқық бұзушылық орын қарау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №11

УПП-не азамат Сериков өзінің «Ауди-80» автокөлігіне зиян келтірген белгісіз азаматтар туралы шағым жасады. Қарау барысында УПИ және оның көмекшісі автокөліктің артқы жағында кішкене майысқан мен сызылғанын көрді. Азық-түлік дүкенінің қожайынының қойған бейнекамерасынан қарау арқылы «Ваз-2106» автокөлігі артқа шегіну кезінде Сериковтың автокөлігіне зиян келтіріп, ЖКО орнынан қашып кеткен.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ЖПҚ қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және УПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3) *Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) *Көлік құралын қарау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №12

Нұрсұлтан қаласының жергілікті полиция қызметінің бастығы өзінің орынбасарына жергілікті атқару органдарына УПИ мен олардың көмекшілерінің штаттық санын арттыру қажеттігі туралы ақпарат дайындауды тапсырды. Қалада 290 мың тұрғын және 15 учаскелік полиция пунктері бар.

- 1) *УПИ қанша болуы керек?*
- 2) *Учаскелік полиция инспекторларының жұмысына жауапты УПИ саны қандай?*
- 3) *УПИ көмекшілері қанша болуы қажет.*

Тапсырма №13

Азаматша Жданова үйіне 22 сағат 30 минутта оралап келе жатты. Подъездінің жанында оны күйеуі күтіп тұрды, ол оған үйіне кеш қайтқаны үшін ұрысты. Жданова жұмыстан кейін құрбысының үйіне қонаққа кіргендігін айтып ақталды. Күйеуі әйеліне осы үшін жанжал шығарып, балағаттады, күш қолданатындығын айтып қорқытты. Әйелі қорқып, үйіне жүгіріп кіріп, есікті жауып полиция шақырды.

- 1) Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) Полиция қызметкерлері қандай әрекет жасаулары керек, қандай материал құрастырады?
- 3) Әкімшілік жазалау тағайындау туралы шешімді кім қабылдайды?
- 4) Құқық бұзушыға қатысты қорғау нұсқамасы шығарылғанды профилактикалық есепке қою туралы баянат құрастырыңыз.

Тапсырма №14

Аулалық аралау кезінде УПИ мен оның көмекшісі құжатсыз және тіркеусіз азаматша Утегенова мен бірге тұратын азамат Оспановты анықтады. Анықтау кезінде азамат Оспанов өзінің бас бостандығынан айыру орындарынан босағаны туралы анықтаманы көрсетті, онда сипаты бойынша азамат Оспанов әкімшілік қадағалау туралы заңның әрекетіне жатады.

- 1) Жаздайды бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) Полиция қызметкерлері қандай әрекет жасауы қажет, және қандай материал құрастыруы қажет?
- 3) Әкімшілік жазалау тағайындау туралы шешімді кім қабылдайды?
- 4) Әкімшілік қадағалау белгіленген құқық бұзушыны профилактикалық есепке қою туралы баянат құрастырыңыз.

Тапсырма №15

Бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған азамат Аскаров УПИ-на басқа ауылға тұрғылықты көшу туралы жазбаша арызбен жүгінді. УПИ азамат Аскаровқа рұқсат етпеді, онысын азамат Аскаровтың ҚР ӘҚБтК 440-бабы бойынша қоғамдық орындарда спирттік ішімдік ішкені үшін жабылмаған әкімшілік құқық бұзушылығы бар екендігімен түсіндірді.

- 1) УПИ әрекетін бағалаңыз.
- 2) Бас бостандығынан мерзімінен бұрын шартты түрде босатылғандарға кім және қандай шектеулер қояды.
- 3) Бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарды профилактикалық есепке қою туралы баянат құрастырыңыз.

4. 2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. Участелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметі ҚР ІІМ қандай бұйрығымен реттеледі?

- А) №564-2004 жыл;
- В) №282-2010 жыл;

- С) №787-2003 жыл;
- Д) 1095- 2015 жыл;
- Е) №290-2010 жыл.

2. ҚР әкімшілік полициясының туған күні деп қай күн саналады?

- А) 30 тамыз;
- В) 26 желтоқсан;
- С) 10 қараша;
- Д) 5 қазан;
- Е) 7 қараша.

3. Участкелік полиция инспекторы лауазымына тағайындауға кімнің құқығы бар?

- А) облыстық ПД бастықтары;
- В) ҚАПБ бастығы;
- С) ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитеті (бұдан әрі - ӘПК) төрағасы;
- Д) облыстық ПД жергілікті полиция қызметі (бұдан әрі - ЖПҚ) бастығы;
- Е) қала (аудан) әкімімен келісіп ҚАПБ бастығы.

4. Участкелік полиция инспекторының әкімшілік учаскесінің көлемі мен шекараларын кім анықтайды?

- А) ПД бастығы;
- В) ҚАПБ бастығы;
- С) ҚАПБ ЖПҚ бастығы;
- Д) облыстық ПД ЖПҚ бастығы;
- Е) қала (аудан) әкімі.

5. Участкелік полиция инспекторымен қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскі көлемі мен шекаралары қандай критерийлермен анықталады?

- А) тек қана тұрғылықты халық санымен;
- В) тек қана жедел жағдайға және әкімшілік учаскідегі халық тығыздығына байланысты;
- С) әкімшілік бөлуге, А), В) пуктерінде көрсетілген аумақтар мен шарттар ерекшеліктеріне сәйкес;
- Д) учаскідегі бұрын сотты болғандар санына байланысты;
- Е) ауылдық және қалалық жерлерді есепке ала отырып, УПИ мен олардың көмекшілерінің штаттық санына байланысты.

6. Учаскіге паспорт қайда сақталады?

- А) ҚАПБ ЖПҚ-де;

- В) учаскелік полиция пункті ғимаратында учаскелік полиция инспекторының сейфінде;
- С) тек қана УПП қызметіне жауапты УПИ сейфінде;
- Д) ҚАПБ хатшылығында;
- Е) ҚАПБ кезекші бөлімінде;

7. Учаскіге паспорт қайда тіркеледі?

- А) ҚАПБ хатшылығында немесе канцеляриясында;
- В) ҚАПБ ЖПҚ-де;
- С) облыстық ПД ӘПБ;
- Д) акиматта;
- Е) УПП жұмысына жауапты УПИ арнайы журналында.

8. УПИ жұмыс күні тәртібін кім анықтайды?

- А) ҚАПБ бастығы;
- В) ҚАПБ ӘПБ бастығы;
- С) қалада УПП қызметіне жауапты УПИ, ал ауылдық жерде УПИ ауылдық аймақ әкімімен келісілу арқылы;
- Д) тек қана ҚАПБ бастығының қызмет бойынша орынбасары;
- Е) УПИ қызметіне басшылық ету бойынша ҚАПБ ЖПҚ инспекторы.

9. УПИ әкімшілік учаскісін қабылдауға кім қатысады?

- А) тек ПО бастығы немесе оның орынбасары және учаскені тапсырушы УПИ;
- В) тек ҚАПБ ЖПҚ бастығы, УПП қызметіне жауапты УПИ және учаскені тапсырушы УПИ;
- С) ПО бастығының қызмет бойынша орынбасары, ЖПҚ бастығы, УПП қызметіне жауапты УПИ және учаскені тапсырушы УПИ;
- Д) тек учаскені тапсыру және қабылдаушы УПИ;
- Е) ҚАПБ ЖПҚ бастығының қалауы бойынша.

10. УПИ өз жұмысын қандай уақытқа жоспарлайды?

- А) бір күнге және бір айға;
- В) тек бір айға;
- С) бір тоқсанға;
- Д) жартыжылдыққа;
- Е) бір күнге, аптаға және айға.

4.3 Бақылау сұрақтары

1. Учаскелік полиция пунктіне жеткізілген құқық бұзушылармен анықтау жүргізу.

2. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын мәжбүрлеу.
3. ЖПҚ қызметкерлерімен күш және арнайы құралдарды қолдану негіздері мен ерекшеліктері.
4. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасының құқықтық негіздері.
5. УПИ профилактикалық есебінде тұрғандар санаттары.
6. ЖПҚ қызметкерлерімен әкімшілік жауапкершілікке тарту тәртібі.
7. Учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру.
8. Учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру.
9. Әкімшілік қадағалау.
10. Әкімшілік қадағалау түсінігі қылмыстың қайталануының алдын алу негізгі құралы ретінде.
11. Ішкі істер органдары бастамасы бойынша әкімшілік қадағалауға алу тәртібі.
12. Учаскелік полиция инспекторларымен әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру механизмі.
13. Учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру.
14. Учаскелік полиция инспекторларының қызметінің тарихы және құқықтық негіздері.
15. Учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерін лауазымға тағайындау тәртібі мен құқықтық ережесі.

5. 1 «Кәмелетке толмағандар арасындағы қараусыз және қадағалаусыздығын ескерту және алдын алу» тақырыбы

Тапсырма №1

Полиция арнайы мотоатқыш полкінің патрулі ПО кезекші бөліміне 9-сынып оқушысы А. Абжаковты есірткілік мас күйінде жеткізді.

Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторы оқушының жеке басын анықтап, ата-анасын шақыртып, ұлдарының есірткі қолданғаны үшін 10 АЕК көлемінде айыппұл салды.

- 1) Учаскелік полиция инспекторының әрекетін бағалаңыз және жағдайды саралаңыз.*
- 2) Учаскелік полиция инспекторы қандай материал құрастыруы қажет?*
- 3) Учаскелік полиция инспекторының А. Абжаковты немесе оның ата-анасын профилактикалық есепке қоюы үшін негіз бар ма?*

Тапсырма №2

ҚПБ кезекші бөліміне қаланың орталық саябағынан екі кәмелетке толмаған жеткізілді: Олег - 15 жаста және Кайрат - 17 жаста, олар орындықта спирттік ішімдік ішіп отырған. ҚПБ кезекшісі ата-аналарын шақырып, кәмелетке толмағандарды ұсталғандарға арналған бөлмеге жатқызды, ал үш сағаттан соң УҰИ-на ауыстырды. Одан әрі ПО кезекшісі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторды шақырып, оларды сауыққандарына дейін Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына жіберу туралы нұсқау берді.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) УПИ әрекеті дұрыс па? КТІЖ УПИ қандай материал құрастыру қажет?*
- 3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды? ?*
- 4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын толтырыңыз.*

Тапсырма №3

Қостанай қ. ПО жаяу патрулімен Орталық парктен 13 жасар Қайрат «Чертовое колесо» каруселіне тегін мінгізбегені үшін бақылаушыны балағаттағаны үшін жеткізілді.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің: патруль, ПО кезекшісі, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі УПИ әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №4

УПП-не жаяу патрульмен қаланың орталық паркінен екі адам жеткізілді: Михаил - 18 жаста және Кайрат - 17 жаста, олар үйдің ауласында, балалар алаңында сыра ішкен.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №5

Анасы баласына өзінің 17 жас туған күнін 20 толған үлкен баласының қарауымен түнгі клубта тойлауға рұқсат берді. Жергілікті полиция қызметінің полиция нарядының патрулі шамамен 23 сағат 30 минутта ПО-на кәмелетке толмағанды жеткізіп, анасына қатысты ҚР ӘҚБК 422-бабының 1 тармағына сәйкес ойын-сауық жеріне түнгі сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін заңды өкілінсіз жібергені үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғады. Анықтау кезінде учаскелік полиция инспекторы үлкен ағасын інісінің заңды өкілі деп санамады.

- 1) Жағдайды бағалаңыз. құқық бұзушылықты саралау дұрыс жүзеге асырылды ма?*
- 2) ЖПҚ қызметкерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз. Осы факті бойынша қандай материал жинауы қажет?*
- 3) Осы жағдайда шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №6

2020 жылдың 20 қыркүйегінде сағат 16.00 шамасында кәмелетке толмаған Ермек (15 жас) Есіл қ. қоғамдық орында, нақты айтқанда орталық паркте шекілдеуік шағып отырып, қабығын жерге шашып тастады. Бұл факт ЖБО бейнебақылау камерасына тіркелген, және жедел кезекші полицияның жақын арадағы нарядын құқық бұзушылықтың жолын кесу үшін бағыттады.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3) Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Ермекті сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №7

Екі кәмелетке толмаған Айгүл мен Серік көшеде көлік жолына жүгіріп шығып, рұқсат етілмеген жерде жолдан өтті, нәтижесінде «Ауди-80» көлігінің жүргізушісі жылдамдығын өзгертуге мәжбүр болып, ағашқа соғылды. Жаяу

патруль бұны байқап, кәмелетке толмағандарды мән-жайды анықтау үшін тоқтатты.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №8

Көпқабатты үйдің ауласында орындықта Михаил (18 жас), Серік пен Берік (16 жаста) отырды, Михаил темекісін шығарып, кәмелетке толмағандарға ұсынды. Олар темекі шегіп отырған кезінде КТІЖ УПИ мен УПИ көмекшісі келіп олардың бұл әрекеттерінің бейне бақылау камерасына түскендігі жайында айтты.

Одан әрі оларды УПП-не жеткізіп, ата-аналарын шақыртты.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №9

2020 жылғы 20 қаңтарда 21:00 сағат шамасында «Наурыз» Қостанай қ. мәдениет үйіндегі би кешіне КТІЖ УПИ мен УПИ көмекшісі келіп, екі кәмелетке толмағандардың (16 жаста және 17 жаста) алкогольдік ішімдік ішкен мас күйінде көрді. Мән-жайды анықтау кезінде кәмелетке толмағандар біреуінің туған күніне байланысты (екеуі ағайынды болып табылады) үйде ата-аналарының рұқсатымен бір бокалдан шампан ішкендерін айтты.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №10

КТІЖ УПИ автобус аялдамасындағы дүңгіршектен бір кәмелетке толмағанның бір пачка темекі алғанын байқап қалды.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) КТІЖ УПИ әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №11

Кәмелетке толмағандар Серік, Берік және Марат (16-17 жаста) үйдің ауласында пиротехникалық құрылғыларды жарып тұрақта тұрған көлікке зақым келтірді. Осы факт үйдің ауласында қойылған бейне бақылау камерасына тіркелген.

Зақымданған көліктің иесі жақын жердегі УПП-не арызбен жүгінді.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №12

Кәмелетке толмағандар Серік, Берік және Марат (14-15 жас) Жеңіс саябағында соғыс батырларына арналған ескерткіштердің беттерін бояп қойған. Осы факт Жеңіс саябағында қойылған бейне бақылау камерасына тіркелген.

Жаяу патруль УПП-не кәмелетке толмағандарды мән-жайды анықтау үшін жеткізілді.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Қандай материал жинау қажет және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №13

Химия пәнінің мұғалімі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторына 7 сынып оқушысы 15 жастағы Сериовке химия сабағының соңында Берикованы тәжірибелік сабақтың жауабын жазып алу үшін бермегені үшін балағаттағандығын айтып, шара қолдануын өтінді.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) КТІЖ мектеп УПИ қандай әрекет етуі қажет, және КТІЖ УПИ қандай материал жинауы қажет?

3) Әкімішілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?

4) Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №14

Жаяу патруль учаскелік полиция пунктіне 15 жастағы О. Досов пен Е.Кравцовты қоғамдық орында мас күйінде жүргендері үшін жеткізді. Құқық

бұзушылар подъезде «Ромашка» дүкенінен алған «Портвейн» бір бөтелке шарабын ішкендіктерін айтты.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз..*
- 2) *О. Досов пен Е. Кравцовпен анықтау тәртібін айтып шығыңыз.*
- 3) *Осы жағдайда әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4) *Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №15

7 сынып оқушысы Исаев сабақты өткізіп алады, кейде тіпті келмейді, бала ауа райына қарай киінбейді, киімі ескі. Мұғалім Исаевтің дүкеннің қасында өткендерден қайыр сұрап жүргенін көреді. Тұрғылықты жеріне барып отбасымен профилактикалық әңгімелесу барысында Исаевтің әкесі көлікке қаржы жинап жатқанын және әйелі (балалардың анасы) мен балаларын әрдайым қарды жағынан қысатынын, шығысын әрдайым есептеп отыратынын және жұмсалған ақшаның есебін сұрап отыратынын анықтады.

Оқушы сабаққа бармау себебін оны балалардың киімі үшін мазақ қылуынан екендігін айтты. Сынып жетекшісі жоғарыда аталған фактілер туралы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторына баяндады.

- 1) *Жағдайды, тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ПО қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) *Исаевтің әкесі заңды жауапкершілікке тартылуға жата ма?*
- 4) *Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

5.2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. КТІЖ УПИ қызмет көрсетілетін аумақтардың шекаралары қалай анықталады?

- А) ҚАПБ бастығының бұйрығымен анықталады;
- В) Астана, Алматы қалалары ПД бастықтарының бұйрығымен;
- С) облыстық ПД ЖПК басқармасының бастығының бұйрығымен;
- Д) облыс әкімінің шешімімен;
- Е) Астана, Алматы қалалары, қалалар (аудандар) әкімдерінің шешімдерімен.

2. Әкімшілік қамаудағыны медициналық мекемеге емдеуге бағыттау жағдайында кімді ақпараттандыру қажет?

- А) ПО бастығын, прокурорды және судьяны;
- В) ПО бастығы мен судьяны;
- С) ПО бастығы мен прокурор;
- Д) ПО қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығын ғана;
- Е) ешкімді ақпараттандырмайды, ал емделуден кейін АҚ жатқызылады.

3. ПО арнайы қабылдағышынан босату кезінде әкімшілік қамауға алынғанға қандай құжат беріледі?

- А) анықтама;
- В) хаттама;
- С) акт;
- Д) маршруттық парак;
- Е) ештеңе берілмейді.

4. КІТЖ учаскелік инспектордың жұмыс режимін кім анықтайды?

- А) облыстық ПД Қоғамдық қауіпсіздік полициясы басқармасының бастығының бұйрығымен;
- В) Астана, Алматы қалалары, облыстар ПД бастықтарының бұйрығымен;
- С) облыстық ПД басқармасының бастығының бұйрығымен;
- Д) облыстық ПД криминалды полиция бастығының бұйрығымен;
- Е) ҚАПБ бастығының бұйрығымен.

5. КТІЖ жұмыс жоспарын кім бекітеді?

- А) КТІЖ бастығы;
- В) ЖПК бастығы;
- С) облыстық ПД ЖПК бөліністері бастығы ғана;
- Д) ҚАЖПБ бастығы және оның орынбасарлары;
- Е) ҚАЖПБ бастығы және оның орынбасарлары қала (ауыл) әкімдерімен келісілу арқылы.

6. КТІЖ учаскелік инспектордың азаматтарды қабылдау кестесі бекітіледі:

- А) ҚАПБ бастығымен;
- В) КТІЖ бастығымен;
- С) облыстық ПД ЖПК бөліністері бастығымен ғана;
- Д) ҚАПБ, ЖПК бастығымен;
- Е) Қала (аудан) әкімімен.

7. КТІЖ азаматтарды қабылдауды есепке алу жүргізіледі:

- А) әкімшілік учаскі паспортында;
- В) ақпараттарды есепке алу журналында;
- С) арыздарды қабылдау журналында;
- Д) азаматтарды қабылдау журналында;
- Е) КТІЖ УПИ жұмыс дәптерінде.

8. КТІЖ УПИ қызметін ұйымдастыру бойынша КТІЖ тексеру нәтижелері қайда есепке алынады?

- А) КТІЖ УПИ қызметін ұйымдастыру бойынша КТІЖ тексеру журналында;
- В) ақпараттарды есепке алу журналында;
- С) арыздарды қабылдау журналында;
- Д) азаматтарды қабылдау журналында;
- Е) КТІЖ УПИ жұмыс дәптерінде.

9. Қандай кәметке толмаған үйсіз болып саналады?

- А) қараусыз қалдырылған, тұрғылықты орны жоқ;
- В) нашар отбасының баласы;
- С) жетім;
- Д) ата-анасынан қашып кеткен бала;
- Е) барлық жауап дұрыс.

10. Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың алдын алу, панасыздық және қараусыздық саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын кім әзірлейді?

- А) ҚР Үкіметі;
- В) ҚР Президенті;
- С) ҚР Парламенті;
- Д) облыс әкімдері;
- Е) ҚР Ішкі істер министрі.

5. 3 Бақылау сұрақтары

1. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын мәжбүрлеу
2. Кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыз және қараусыз қалу профилактикасының субъектілерінің құзыреті
3. Кәмелетке толмағандарға және нашар жағдайлы отбасыларға қолданылатын жеке алдын алу шаралары
4. Кәмелетке толмағандарды заңды жауапкершілікке тартудың құқықтық негіздері
5. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының әкімшілік-юрисдикциялық қызметі
6. Кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыздық пен қараусыздықтың алдын алу және профилактикасы
7. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ПО құзыреті
8. КТІЖ УПИ профилактикалық әсер етуіне жататындар санаты және олардың қысқаша сипаттамасы
9. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының жеке профилактикасы
10. Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мектеп учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру
11. Кәмелетке толмағандарды Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына және арнайы білім беру ұйымдарына, соның ішінде ерекше ұстау режимімен бағыттау тәртібі.
12. КТІЖ УПИ қызметін ұйымдастыру қандай нормативтік құқықтық актілерге сай іске асырылады?
13. КТІЖ УПИ уәкілеттіктері?
14. Кәмелетке толмағандарды бейімдейтін арнайы мекемелер?
15. Кәмелетке толмағандарға арнайы құралдармен дене күшін қандай кездерге қолдануға рұқсат етіледі? НҚА ата.

6. 1 «Патрульдік полиция қызметін ұйымдастыру» тақырыбы

Тапсырма №1

Қостанай қаласында «Мерседес» жүргізушісі қала ішінде артқы терезесінде балағат сөз болып табылатын жазумен жүрді. Қала тұрғындарының ақпараты бойынша ЖБО кезекшісі жол және патрульдік полиция қызметкерлеріне «Мерседес» жүргізушісін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы бұйрық берді. Полицейлер «Мерседес» жүргізушісін тоқтатып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырып, ҚР ӘҚБК 620-бабына сәйкес 3 АЕК көлемінде әкімшілік жаза тағайындау туралы қаулы шығарды.

1) ЖБО кезекшісінің және патрульдік нарядтың әрекетін бағалаңыз.

2) ПО патрульдік нарядының әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?

4) Әкімшілік жазалу туралы қаулыны құрастырыңыз.

Тапсырма №2

2021 жылғы 15 қаңтарда, 20:00 сағат шамасында жол және патрульдік қызмет қызметкерлерімен «Мерседес» жүргізушісі қауіпсіздік белбеуінсіз басқарғаны үшін тоқтатылды. Құжаттарын тексеру кезінде инспектор спирт ішімдігінің иісін сезді, сол үшін оны медициналық мекемеге куәландыру үшін жеткізді. «Мерседес» жүргізушісі дәстүрлі медициналық куәландырудан бас тартты, және өзінен сараптама үшін қан алуын ұсынды. Содан кейін инспектор 3,5 АЕК көлемінде әкімшілік жаза салу туралы қаулы шығарып үйіне босатты. Үш күннен кейін қан сараптамасы жүргізушінің мастықтың жеңіл деңгейде болғанын көрсетті.

1) Патрульдік наряд инспекторының әрекетін бағалаңыз және «Мерседес» жүргізушісінің әрекетін саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет етуінің толық алгоритмін мазмұндаңыз.

3) Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?

4) Әкімшілік жазалу туралы қаулыны құрастырыңыз.

Тапсырма №3

Бекеттегі полицейге азамат Волгин бес минут бұрын «Достық» дүкенінің жанынан оның «Жигули-ВАЗ-2106» көлігін айлап кеткендігін айтып жүгінді. Полицей дереу ПО кезекші бөліміне рация арқылы көліктің белгілерін айтып хабарлады.

1) Осындай хабар алған ҚІІБ жедел кезекшісі қандай шаралар қолдануы тиіс?

2) *Автокөлік қралын айдап кету жағдайында қандай арнайы жедел жоспар құрылады?*

3) *ПО кезекшісі автокөлік құралын айдап кетуде кімге бағдар қағазын береді?*

Тапсырма №4

Әскери қызметкер А. Воронов патрульдік полиция инспекторымен бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кеткені үшін тоқтатылды. Құқық бұзушымен анықтау кезінде ППҚ қызметкері А. Вороновтың мас күйде екеніне күдіктенді.

1) *Жағдайды саралаңыз.*

2) *ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және осы факті бойынша ППҚ қызметкері қандай материал жинауы тиіс?*

3) *А. Вороновты жауапкершілікке тарту бойынша шешімді кім қабылдайды?*

4) *Ұстау, жеткізу және көлік құралдарын пайдалануға тыйым салу туралы акт құрастырыңыз.*

Тапсырма №5

Жүргізуші Б. Быстров ППҚ қызметкерлерімен ауылдық жерде 75 км/сағ. жылдамдықпен жүргені үшін тоқтатылды. Түсініктемесінде жолда спидометрі сынып қалып, қандай жылдамдықпен келе жатқанын білмегенін айтты.

1) *Б. Быстровтың әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамы бар ма?*

2) *Жол полициясының қызметкерлері қалай әрекет етуілері тиіс?*

3) *Автокөлік құралдарының жүргізушілерінің жылдамдықты арттырғандары үшін әкімшілік жазалау тағайындауға кім құқылы?*

4) *Әкімшілік жазалау туралы қаулыны құрастырыңыз.*

Тапсырма №6

Кәмелетке толмаған С. Котов көлік жолына жүгіріп шығып, «Мерседес» жүргізушісі И. Иванов көлікті басқара отырып, бағытын бұруға мәжбүр болды, осылайша ағашқа соғысты.

1) *Жағдайды бағалаңыз.*

2) *Кәмелетке толмаған С. Котов жауапкершілікке тартыла ма?*

3) *Жол-көлік оқиғасы орнына шығу кезінде ППҚ қызметкерлері қалай әрекет етуі қажет?*

Тапсырма №7

Жүргізуші М.Кротов жолдың оң жағынан сол жағына бұрылғандықтан сол жақта келе жатқан О.Поповқа жүру бағытын өзгерту керек болды, оның көлігі жолдың шетіне шығып, автокөліктің бампері бұзылды.

- 1) *О.Попов пен М. Кротовтың әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамы бар ма?*
- 2) *Бар болса, онда құқық бұзушыны жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 3) *ПО қызметкері оқиға орнында қандай әрекет жасауы тиіс?*

Тапсырма №8

Азамат В.Быстров үйіне асығып, төмен тұрған шлагбаумды айналып өтіп, темір жолдан өтіп кетті, оны патрульдік полиция инспекторы тоқтатты.

- 1) *Құқық бұзушылықты саралаңыз.*
- 2) *ППҚ инспекторы қандай материал жинауы тиіс?*
- 3) *Осы құқық бұзушылық үшін В.Быстровқа жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №9

Аудан орталығының әкімі ауылдың орталық көшесімен көліктің жүруіне тыйым салу туралы шешім қабылдады. Осы шешімді орындауға жауапты ретінде жергілікті полиция қызметінің бастығын тағайындады.

- 1) *Осындай нормативтік актіні аудан әкімінің қабылдағаны заңды ма?*
- 2) *Көлік құралдарының қозғалысының уақытша тоқтатылу тәртібі мен негізін кім қабылдайды?*
- 3) *Көлік құралдарын уақытша шектеу негізін атап шығыңыз.*

Задача №10

Жүргізуші Т. Мамедов таңертең ерте ақылы тұрақтан шығып бара жатып қасында тұрған көлікті алдыңғы бамперімен жырып өткенін байқамады. Оқиға орнына келген жол-патрульдік полиция қызметкерлеріне ақылы тұрақ күзетшілері Т. Мамедовтың көлігінің түр-түсі мен мемлекеттік нөмірін айтты.

- 1) *Т. Мамедовтың әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамы бар ма?*
- 2) *Жол-патрульдік полиция қызметкерлері қандай материал толтырулары қажет?*
- 3) *Жәбірленушіге келтірілген зиянды өтеу сұрағы қалай шешілуі керек?*

Тапсырма № 11

Жол-патрульдік полициясы батальонының командирін оның орынбасарларымен бірге облыстық ПД-не жедел кеңеске шақырып алды, ол взвод командирі Ж.Омаровқа кезекшілікке түсетін жол полициясы нарядына өзі нұсқаулық жүргізуін тапсырды.

- 1) *Жол полициясы патруліне нұсқаулық жүргізу тәртібі қандай?*

2) *Кезекшілікке түскен кезде жол полициясының полицейлері қалай жабдықталуы қажет?*

3) *Нұсқаудың аяқталуы бойынша взвод командирі Ж.Омаров қандай бұйрықты айтуы қажет?*

Ескерту: *кіріспе тапсырма іскерлік ойын түріне шешіледі. Курсанттар кезкепен Омаровтың рөлінде басқа тыңдаушылар наряд болып нұсқаулық өткізеді.*

Тапсырма №12

Жүргізуші М. Котов «ГАЗ-24» жеке автокөлігін басқара алмай қалып, жол қозғалысының қарсы жағына шығып кетіп, С. Кошкин басқарып келе жатқан «ВАЗ-2105» автокөлігімен соқтығысты. Анықтау және өткізілген медициналық куәландыру барысында С. Кошкин жол апаты кезінде мас күйде болғаны анықталды.

1) *Жол-көлік оқиғасының болуына кім кінәлі?*

2) *Жол полициясы қызметкері осы факті бойынша қандай материал жинауы қажет?*

3) *Осы жағдайда әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

4) *Жол апаты орнын қарау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №13

ПО кезекші бөліміне азамат И. Сидоров «ГАЗ-24» автокөлігімен белгісіз адам оның үйінің қасындағы ағашпен соқтығысқандығы туралы хабарлады. Оқиға орнынан үш сағат бұрын кетіп қайта оралмаған. Автокөлікте мемлекеттік нөмірлері болмаған.

1) *ПО кезекшісі қалай әрекет етуі тиіс?*

2) *Аталаған оқиғаны саралаңыз.*

3) *Көлік құралын қарау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №14

Азамат Н. Новиков өзінің ұлына 15 жасқа толған туған күніне «ВАЗ-2108» автокөлігін сыйлады.

1) *Н. Новиков осындай әрекет жасауға құқылы ма?*

2) *Автокөлік кімнің атына тіркелуі қажет?*

3) *Көлік құралын тіркеу үшін қандай құжаттар ТЕБ ұсынылуы қажет?*

Тапсырма №15

Азамат Д. Шилов Қостанай облысы ТЕБ автокөлігін Қостанай қаласының тұрғыны И. Сидоровқа сатқандықтан есептен шығаруын өтініп жүгінді. ТЕБ

қызметкері өтінішті орындаудан бас тартты, оны ол автокөліктің Ақтөбе қаласында есепте тұрғандығымен және көлікті тек қана тіркелген жерінен шығару қажет екендігімен түсіндірді.

1) ТЕБ қызметкерінің әрекеті дұрыс па?

2) Автокөлікті қайта тіркеу үшін ТЕБ қандай құжаттарды ұсыну қажет?

6. 2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. Қазақстан Республикасының ПМ қандай бұйрығы патрульді-бекеттік қызметтің қызметін реттейді?

- А) Қазақстан Республикасының ПМ 28.01.2016 жылғы № 10 қбұ бұйрығы
- В) Қазақстан Республикасының ПМ 30.03.1999 жылғы № 156 бұйрығы
- С) Қазақстан Республикасының ПМ 17.07.2000 жылғы № 400 бұйрығы
- Д) Қазақстан Республикасының ПМ 29.12.20215 жылғы № 1095 бұйрығы
- Е) Қазақстан Республикасының ПМ 29.03.2016 жылғы № 313 бұйрығы

2. Патруль дегеніміз не?

- А) Құрамында екі немесе бірнеше полиция қызметкері бар, патрульдеу бағыттарында жүктелген міндеттерді орындаушы жылжымалы жасақ
- В) Құрамы бірнеше патрульдерінен тұратын, бекітілген патрульдік учаскеде қызмет атқару үшін біріктірілген жасақ
- С) Полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді атқаратын жер немесе жер учаскесі.
- Д) Құрамы бір патрульдерінен тұратын, бекітілген патрульдік учаскеде қызмет атқару үшін біріктірілген жасақ
- Е) Полиция қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді атқаратын жер немесе жер учаскесі.

3. Жалпы ережеге сәйкес жасақтардың нұсқамасы қай жерде өтуі тиіс?

- А) Қызметтің арнайы жабдықталған сыныбында немесе саптық алаңда
- В) ПО кезекші бөлімінде
- С) Актовый залда
- Д) Мәжіліс залында
- Е) Полиция департаментінде

4. ЖПҚ жасақтары түскі уақытта қызмет атқару барысында қай жерде болуы тиіс?

- А) Көрінетін жерлерде
- В) Азаматтардан жасырылған жерлерде

С) Өздерінің қарауымен

Д) Өз үй-жайларында

Е) Полиция басқармасында

5. Азаматтардан жасалған қылмыс жөнінде ақпарат алған кезінде жасақ қандай іс-әрекет жасауы тиіс?

А) Арызданушы тұлға жөнінде мәліметтерді анықтау, кезекшіге баяндау, бұйрық бойынша оқиға орнына бару, құқық бұзушыларды анықтау және ұстау, жәбірленушілерге көмек көрсету, ЖТТ келгенше оқиға орның күзетуін қамтамасыз ету

В) Кезекшіге баяндау, бұйрық бойынша оқиға орнына барып ЖТТ күту

С) Оқиға орнына бару, жәбірленушілерге көмек көрсету, ЖТТ шақыру

Д) Арызданушы тұлға жөнінде мәліметтерді анықтау.

Е) Арызданушы тұлға жөнінде мәліметтерді анықтау, кезекшіге баяндау, бұйрық бойынша оқиға орнына бару, құқық бұзушыларды анықтау және ұстау, жәбірленушілерге көмек көрсету.

6. Полиция жасақтары жарылғыш заттарды анықтаған жағдайда не істемеуі тиіс?

А) Жарылғыш затты залалсыздандыру шараларын қолдану

В) Адамдарды құтқару мен эвакуациялауға көмек көрсету

С) Оқиға орнына апаттық және арнайы қызмет шақыруын ұйымдастыру

Д) Адамдардың заттарын эвакуациялауға көмек көрсету

С) Жарылғыш затты көріп алу құралдарын қолдану

7. Қоғамдық орындарда темекі шегуіне тиым салынған бұзақылық үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының ӘҚБт Кодексінің қандай бабында қарастырылған?

А) ҚР ӘҚБтК 441 бап

В) ҚР ӘҚБтК 442 бап

С) ҚР ӘҚБтК 336-2 бап

д) ҚР ӘҚБтК 434 бап

Е) ҚР ӘҚБтК 337-2 бап

8. Қоғамдық орындар мен көшелерде қызмет атқару қандай күштермен жүзеге асырылады

А) Негізгі және берілген күштермен

В) Арнайы күштермен

С) Негізгі күштермен

Д) Күшейтілген күштермен

Е) Арнайы жасақпен

9. «Ізін суытпай» ұстау жүзеге асырылады:

- А) Алдын ала дайындықсыз және ол жүзеге асады егер қылмыскерлер полиция қызметкерлері келуінен шамалы уақыт бұрын жасырынып кетсе
- В) Қылмысты «ізін суытпай» ашу бойынша ПО арнайы мобильді тобымен
- С) Қызметкерлерді ұқыпты дайындауымен
- Д) Алдын ала дайындалып және ол жүзеге асады егер қылмыскерлер полиция қызметкерлері келуінен шамалы уақыт бұрын жасырынып кетсе
- Е) Алдын ала дайындалып және жоспарлап полиция қызметкерлері келуінен шамалы уақыт бұрын жасырынып кетсе

10. Көлік құралын ұстауда қандай жедел-тактикалық жоспар еңгізіледі:

- А) Тосқауыл
- В) Сирена
- С) Қамал
- Д) Тревога
- Е) Тоқтату

6.3 Бақылау сұрақтары

1. ПО патрульдік нарядымен қызмет өткеруді ұйымдастыру.
2. Қылмыс жасады деп айыпталушы және күдіктілерді ұстау тәртібі.
3. Нақты тұрғылықты орны мен құжаттарды жоқтарға әлеуметтік, медициналық және басқа да көмек көрсету бойынша патрульдің іс-әрекеті
4. ПП қызметкерлерімен жүргізілетін жеке профилактика.
5. ҚР-да шетел азаматтарының болу тәртібіне ПП қызметкерлерінің бақылауды жүзеге асыруы.
6. Әкімшілік қадағалау түсінігі қылмыстың қайталануының алдын алу негізгі құралы ретінде.
7. Ішкі істер органдары бастамасы бойынша әкімшілік қадағалауға алу тәртібі.
8. ПППҚ қызметкерлерімен қолданылатын мәжбүрлеу.
9. ППҚ қызметкерлерімен күш және арнайы құралдарды қолдану негіздері мен ерекшеліктері.
10. Атыс қаруын қолдану тәртібі.
11. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қорғаудағы полицияның іс-әрекеттері.
12. Ішкі істер органдарының патрульдік нарядтарымен қызмет өткеруін ұйымдастыру.
13. Жол-бекеттік қызмет қызметін ұйымдастыру.
14. Полицияның нарядына нұсқама өткізу тәртібі.
15. Нақты тұрғылықты орны мен құжаттарды жоқтарға әлеуметтік, медициналық және басқа да көмек көрсету бойынша шаралар.

7. 1 «Көліктегі полиция қызметін ұйымдастыру» тақырыбы

Тапсырма №1

Сүйемелдеу тобының қызметкерлері азамат М.Б. Бериков пен азамат П.Ю. Сериковты жолаушылар вагонының купесінде алкогольдік ішімдік ішіп темекі шегіп отырғандықтарын көрді.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және сарлаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекеттерін мазмұндаңыз.*
- 3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды.*
- 4) Алкогольдік ішімдіктер алып қою хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №2

2021 жылғы 29 қаңтарда 23:00 сағат шамасында сүйемелдеу тобымен поезда 20 литр спирт апара жатқан жерінен азамат Ю.Г. Тумасянды анықтады. Спиртті тасымалдау үшін құжаттар болмады және ол спиртті орталық базардан белгісіз азаматтан сатып алғандығы туралы айтты. Оның сөзінен спирт жиенінің тойына арналған.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз?*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*
- 3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды.*
- 4) Спиртті алып қою хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №3

Сүйемелдеу тобының полицейлері жолаушылар поездын аралау кезінде Н.Н. Никонов терезені ашып, темекі шегіп тұрғанын көрді.

- 1) Н.Н. Никоновтың әрекетін саралаңыз.*
- 2) Сүйемелдеу тобының полицейлері қандай материал құрастыруы қажет?*
- 3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №4

Патрульдеу кезінде Тобыл станциясында патрульдік полиция қызметкерлері жолаушылар поездінің терезесінен азамат Л. Пенкинның қоқыс салынған пакетті лақтырғанын көрді.

- 1) Пенкиннің әрекетінде қандай-да бір құқық бұзушылықтың құрамы бар ма?*
- 2) Осы жағдайдағы полиция қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*
- 3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №5

Азаматша Цыганова екінші жолда тұрған жолаушылар поездына кешігіп жатқандықтан жерасты өтуінен өтпей, бірінші жолда тұрған электричка вагондарының астынан өтіп кетті. Оны патрульдік полиция қызметкері ПО жүйелік пунктіне жеткізді.

- 1) Цыганованың әрекетін саралаңыз.*
- 2) Азаматша Цыганованың ұстау мүмкін ба? Егер мүмкін болса қандай мерзімге?*
- 3) Осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №6

2021жылғы 30 қаңтарда Қостанай қаласында 20:00 сағат шамасында Теміржол ПБ кезекші бөліміне белгісіз азаматтан аэропорт (самолет) ғимаратында жарылғыш құрылғы салынғаны туралы хабар келіп түсті.

- 1) ТПБ кезекшісінің әрекетін мазмұндаңыз.*
- 2) Егер азамат өзінің тегі мен жарылғыш құрылғының қойылған жері туралы хабарламаса, онда ТПБ кезекшісі қалай әрекет етуі керек?*
- 3) Оқиға орнына шығуда ПО жеке құрамы қалай әрекет етуі қажет?*
- 4) Осы хабарламаны кезекші қайда тіркейді?*

Тапсырма №7

Теміржол ПБ кезекшісіне аэропорт диспетчерінен авиациялық апат туралы хабарлама түсті. Самолет ұшу кезінде байланыс үзіліп, аэродромнан үш километрден соң құлаған.

- 1) Ақпаратты қабылдау кезінде ТПБ кезекшісі нені нақтылау тиіс?*
- 2) Оқиға орнына кімді жібереді?*
- 3) Оқиға орнындағы ТПБ қызметкерлерінің әрекетін мазмұндаңыз.*

Тапсырма №8

Теміржол ПБ кезекшісіне үш қарулы қылмыскер самолетті адамдарымен бірге кепілге алып, оларға миллион доллар, есірткі және самолетты толтыруларын талап етіп отырғандығы туралы хабарлама түсті.

- 1) Ақпаратты қабылдау кезінде ТПБ кезекшісі нені нақтылау тиіс?*
- 2) Оқиға орнына кімді жібереді?*
- 3) Оқиға орнындағы ТПБ қызметкерлерінің әрекетін мазмұндаңыз.*

Тапсырма №9

Әскериленген күзет (ӘК) қызметкерлері аэдром аумағында азаматша О.Козлованы ұстады. Козлова орманға саңырауқұлық теруге бара жатқанын және жолды қысқарту мақсатында ұшу алаңынан өткендігін айтты.

- 1) Козлованың әрекетінде қандай-да бір құқық бұзушылық әрекет бар ма?*
- 2) ПО мен ӘК қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*

Тапсырма №10

Жүк ауласы алаңында азамат Р.Д. Бобров ұсталды, ол Қостанай станциясына дейін тез арада жету керек екендігін түсіндірді. Ол жүк поездына отырып, ұйқтап кеткендігін және поздбен жүк ауласына келгенін айтты.

- 1) Бобровтың әрекетінде қандай-да бір құқық бұзушылық әрекет бар ма?*
- 2) Полиция қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін атап шығыңыз.*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №11

Сағат 10:00 шамасында Теміржол ПБ кезекшісі вокзал диспетчерінен шамамен 50 адам шамасындағы бір топ адам рельстарға отырып алып, поездін жүруіне кедергі жасап, еңбекақылары мен әлеуметтік төлемдерін төлеулерін талап етіп отырғандығы туралы хабар алды.

- 1) Ереуілге шығушылардың әрекетін саралаңыз.*
- 2) ТПБ кезекшісі қандай шаралар қолдануы тиіс?*
- 3) Осы оқиға туралы ПО кезекшісі кімді хабардар етуіс тиіс?*
- 4) Ереуіл орнына ПО кезекшісі кімді жібереді?*

Тапсырма №12

В. А Попов поездға кешігіп бара жатып, вагонның баспалдағына секіріп мінді, осылай ол Тобыл станциясына дейін жетті, сол жерде оны Көліктегі ПО жүйелік пунктін қызметкерлері ұстады.

- 1) Жағдайды саралаңыз.*
- 2) Көліктегі жүйелік пункт қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*
- 3) Осы әкімшілік құқық бұзушылық туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №13

Кәмелетке толмаған М. Меньшов үйінен қашып кетіп, Светлов қаласына әжесіне бару үшін жүк вагонына мініп, патрульдік полицейлермен ұсталды.

- 1) Жағдайды саралаңыз.*

- 2) *Көліктегі жүйелік пункт қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*
- 3) *Меньшовты ұстау үшін негіз бар ма? Болса қандай мерзімге ұсталады?*
- 4) *Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №14

«КамАЗ» автокөлігінің жүргізушісі Т. Тосолов үйіне баласының тойына асығып бара жатып, дыбыстық сигнал мен жабық тұрған шлагбаумға қарамастан теміржолдан өтіп кетті, бірақ 200 метрден соң осы құқық бұзушылығы үшін ПО желілік пунктінің бастығымен тоқтатылды.

- 1) *Жағдайды саралаңыз.*
- 2) *ПО желілік пунктінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*
- 3) *Тосоловты жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Задача №15

Әскерилендірілген күзет қызметкерлері КПО желілік пунктіне 16 жастағы рельстерге темір салып тегістеп жатқан екі жасөспірімді әкелді.

- 1) *Осы әрекеттері үшін жасөспірімдер жауапкершілікке тартыла ма?*
- 2) *Осы жағдайда ПО қызметкерлері қалай әрекет етулері қажет?*
- 3) *Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі туралы шешімді кім қабылдайды?*

7.2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. Қазақстан Республикасының ПО азаматтардың жүгінулері мен арыздарын қабылдау қашан жүргізіледі?

- А) Тәулік бойы жүргізіледі
- В) Келушілерді қабылдау графигіне сәйкес
- С) 14 сағатқа дейін
- Д) 12 сағатқа дейін
- Е) күніне 4 сағат

2. Ақпараттар мен арыздарды есепке алу кітабында тіркелген ақпарат қандай мерзімнен кем болмай тексеріледі:

- А) 24 сағат
- В) 72 сағат
- С) 12 сағат
- Д) 48 сағат
- Е) 4 сағат

3. Қазақстан Республикасының ПМ қандай бұйрығы ПО кезекші бөлімдерінің қызметін реттейді?

- А) Қазақстан Республикасының ПМ 17.07.2014 жылғы №439 бұйрығы
- В) Қазақстан Республикасының ПМ 30.03.1999 жылғы № 156 бұйрығы
- С) Қазақстан Республикасының ПМ 17.07.2000 жылғы № 400 бұйрығы
- Д) Қазақстан Республикасының ПМ 29.03.2016 жылғы № 313 бұйрығы
- Е) Қазақстан Республикасының ПМ 29.12.2015 жылғы № 1095 бұйрығы

4. Кезекші ауысымның басшысы кім болып табылады?

- А) Жедел кезекші
- В) Тергеуші
- С) Жедел уәкілетті қызметкер
- Д) Аға Тергеуші
- Е) УПИ

5. Қылмыс жасады деп сезіктелген тұлғаны тәртіпке салу кезінде жедел кезекші қандай әрекет жасауы тиіс?

- А) Аталғандардың барлығы
- В) Заңды негіздер болған жағдайда жеке тексеріс жүргізу
- С) Сезіктелген тұлғаның қашып кетпетіндей күзетін қамтамасыз ету
- Д) Сезіктелген тұлғаны жеткізу журналына тіркеу қамтамасыз ету
- Е) Сезіктелген тұлғаның аты-жөнін анықтауды қамтамасыз ету

6. Қазақстан Республикасының ПМ Жедел басқару орталығына міндеттеледі:

- А) Жоғары аталғандардың барлығы
- В) Жедел әрекет бойынша қызметкерлер мен бөлімдерді бағыттау
- С) Төтенше жағдайлар пайда болғанда басқару шешімдерін құру және ұйымдастыру
- Д) Жедел әрекет бойынша қызметкерлер мен бөлімдерді бағыттау және қадағалау
- Е) Төтенше жағдайлар пайда болғанда басшылықтарға хабарлауды ұйымдастыру

7. Көлік құралын ұстауда қандай жедел-тактикалық жоспар енгізіледі

- А) Тосқауыл
- В) Сирена
- С) Қамал
- Д) Тоқтату
- Е) Тревога

8. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға атыс қаруын қолдануға бола ма?

- А) Болмайды
- В) Болады, егер ол қашып бара жатса
- С) Болады, егер ол бағынбаса және қашып бара жатса

- Д) Болады егер балағаттаса
- Е) Болады егер бірнеше құқық бұзушылық жасаса

9. Қажетті қорғаныстың шегінен шығу деп танылады?

- А) Қорғаныстың қол сұғушылық қаупінің сипаты мен дәрежесіне сай келмеуі
- В) Құқыққа қайшы әрекетті мас күйінде жасауы
- С) ҚР ӘҚБтК қарастырылған әрекетті қатты жан күйзелісінде жасауы
- Д) Егер заңды талаптарына бағынбасаа
- Е) Егер бірнеше құқық бұзушылық жасаса

10. Аталғандардың қайсы арнайы құралдарға жатпайды?

- А) Макаров тапаншасы
- В) Қол кісендер (БР)
- С) Газды қарулар және көзден жас ағызатын құралдар
- Д) Аңшылық қаруы
- Е) Оқ дәрілер

7.3 Бақылау сұрақтары

1. ЖПҚ қызметінің құрылымы мен негізгі бағыттары
2. ЖПҚ қызметкерлерімен күш және арнайы құралдарды қолдану негіздері мен ерекшеліктері
3. ЖПҚ қызметкерлерімен құқықтық тәртіпті қолдаудағы азаматтардың қатысуының құқықтық формалары
4. Қоғамдық тәртіпті күзетке және құқық бұзушылықтың алдын алуға қатысушы қоғамдық құрылымдар
5. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасының құқықтық негіздері
6. Жол қозғалысын қолмен реттеу тактикасы.
7. Кәмелетке толмағандарға қатысты алдын алу шаралары
8. ЖПҚ қызметкерлерімен әкімшілік жауапкершілікке тарту тәртібі
9. Ішімдікке, есірткіге құмарларды және таксикомандарды көлікте ұстағандары бойынша құқықтық негіздері
10. Ішімдікке, есірткіге құмарларды және таксикомандарды көлік жүргізу кезіндегі көзделген жауапкершілік
11. Табиғатты қорғау полициясы қызметкерлерімен бірігіп әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алудың мақсаты, міндеттері, құқықтық негіздері
12. Азаматтардың құқықтық тәртіпті қолдаудағы құқықтық формалары
13. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті күзетке қатысушы қоғамдық құрылымдардың бағыттары мен рөлі
14. Көлік оқиғасы болған жердегі полиция қызметкерлерінің әрекеті
15. ПО патрульдік нарядымен қызмет өткеруді ұйымдастыру

8.1 «Күзет қызметін ұйымдастыру»

Тапсырма № 1

Шамамен 04:00 сағатта жедел қызмет әскери қызметшілері Б.Можаревский мен Р.Бессонов "ГАЗ-21" автокөлігін ұрлауға тырысты. Оқиға орнына келген күзет бөлімінің жасағы Б. Можаревскийді ұстады, ал Р. Бессонов оқиға орнынан жасырынуға тырысты. Р.Бессоновты ұстау мақсатында полиция қызметкері А.А.Расторгуев жоғары қарай екі ескерту оқ атқан, оған Р. Бессонов ешқандай қортынды шығармады, содан кейін қызметкер нысандап атып, Р.Бессоновтың оң аяғын жарақаттады.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *МКҚ қызметкері қандай материал жинауы керек?*
- 3) *Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) *МКҚ қызметкердің іс-әрекеті заңды екенін анықтаңыз?*

Тапсырма № 2

Түнгі сағат 02:00 шамасында Прусаков С. М. (12 жаста) және оның ағасы Прусаков Г. А. (14 жаста), орта мектеп оқушылары терезені сындырып, "Олжа" дүкенінің қоймасына кірді. Пультті дабыл сигналымен келген полиция киімін көріп, олар жасырынуға тырысты. Қашып кеткендерді қудалау кезінде күзет бөлімінің полиция кіші сержанты Г. Зиновьев ПМ қаруын қолданып М.Прусаковтің басын жарақаттап, оны ұстады.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *МКҚ қызметкері қандай материал жинауы керек?*
- 3) *Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) *МКҚ қызметкердің іс-әрекеті заңды екенін анықтаңыз?*

Тапсырма №3

Сағат 12:00 шамасында күзет бөлімінің патрульдік жасағы құжаттарды үш күдікті адамнан тексергенде, олардың біреуі құжаттарды көрсетуден бас тартып, полиция қызметкері О.Ижболдинді итеріп, жасырынуға тырысты. Оны қуып жетіп, полиция қызметкері табельдік қару қолданып қашып бара жатқан адамды жарақаттады.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *МКҚ қызметкері қандай материал жинауы керек?*
- 3) *Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) *МКҚ қызметкердің іс-әрекеті заңды екенін анықтаңыз?*

Тапсырма №4

Күзет бөлімінің ұстау тобының экипажы "дабыл" белгісі бойынша Абай көшесі 10 үйде орналасқан "Ателье-2" объектісіне келді. Полиция қызметкерлері объектіні қарап жатқан уақытта белгісіз азамат екінші қабаттың балконынан рюкзагымен секіріп, оқиға орнынан жасырынуға тырысты. Ол тоқтау туралы талаптарға жауап бермеді. Құқық бұзушыны ұстау мақсатында

полицей И.Шмелев табельдік «ПМ» қаруды жоғарыға бес ескерту оқ атқан, содан кейін қашқан адамға нысандап атып, оған оң жіліншігінің жанасқан жарасын келтірген.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *МКҚ қызметкері қандай материал жинауы керек?*
- 3) *Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) *МКҚ қызметкердің іс-әрекеті заңды екенін анықтаңыз?*

Тапсырма №5

2021 жылғы 20 қаңтар күні сағат 12:00 шамасында Қостанай қаласы Алтынсарина көшесі 118 орналасқан, Мамандандырылған күзет қызметі күзететін Қостанай облыстық прокуратурасы мекемесіне белгісіз қызметкері көлемі 60-40см. қол сумкасымен кірді. Шамалы уақыттан кейін осы мекемеде жарылғыш зат табылды деген, ЖБО хабар түсті.

1. *Жағдайды саралаңыз.*
2. *МКҚБ қызметкерлерінің іс-әрекеттері?*
3. *ПО полиция қызметкерлерінің әрекеттері?*
4. *Қандай жедел органдар шақырылып іс-әрекеттер жасайды?*

Тапсырма №6

2021 жылғы 10 қаңтар күні сағат 02:00 шамасында Қостанай қаласы Алтынсарина көшесі 118 орналасқан, Мамандандырылған күзет қызметі күзететін Қостанай облыстық «КАЗПОЧТА» мекемесіне белгісіз бір азамат көз салып күдік тудырып бірнеше уақыт бойы тұрды. Мұны байқаған күзеттегі қызметкер ол азаматты мекемеден шығып ұстады, содан жеке басшысына хабарласты.

1. *Жағдайды саралаңыз.*
2. *МКҚБ қызметкерінің іс-әрекеттері заңды ма?*
3. *МКҚБ қызметкерінің іс-әрекеттері заңдылығын анықтаңыз?*

Тапсырма №7

Финляндия елшілігінің жүргізушісі А.Роберт Қазақстан аумағында масаң күйінде мамандандырылған күзет қызметі күзететін, Қостанай қ. шетел елшілері отыратын мекемеге келіп өз шағымын білдіргісі келді. Күзеттегі МКҚБ қызметкері полиция кіші сержанты А.Сабитов шетел азаматы А.Робертті мекемеге кіргізбеді.

1. *Жағдайды саралаңыз.*
2. *МКҚБ қызметкерінің іс-әрекеттері заңды ма?*
3. *МКҚБ қызметкерінің іс-әрекеттері заңдылығын анықтаңыз?*

Тапсырма №8

2021 жылғы 20 қаңтар күні сағат 23:00 шамасында Қостанай қаласы Гоголь көшесі 79 орналасқан, мамандандырылған күзет қызметі күзететін Қостанай облыстық ҰҚК мекемесіне, ҰҚК-нің бір қызметкері мекеме жанына, көлемі 60-40см. шамасында қағаз жәшік алып келді. Мұны байқаған күзет қызметкері полиция аға сержанты А.Калиев шұғыл түрде 102-ге хабарласты және өзінің тікелей басшысына хабарлады.

1. *Жағдайды саралаңыз.*
2. *МКҚБ қызметкерлерінің іс-әрекеттері?*
3. *ПО полиция қызметкерлерінің әрекеттері?*
4. *Қандай жедел органдар шақырылып іс-әрекеттер жасайды?*

Тапсырма №9

2021 жылғы 10 қаңтар күні сағат 10:00 шамасында Қостанай қаласы Садовый көшесі 100 орналасқан, мамандандырылған күзет қызметі күзететін Қостанай облыстық сараптама мекемесіне белгісіз бір азамат құжатсыз кіргісі келді. Мұны байқаған күзеттегі қызметкер ол азаматты мекемеге кіргізбеді.

1. *Жағдайды саралаңыз.*
2. *МКҚБ қызметкерінің іс-әрекеттері заңды ма?*
3. *МКҚБ қызметкерінің іс-әрекеттері заңдылығын анықтаңыз?*

Тапсырма №10

Финляндия елшілігінің азаматы С.Мусабеков Қазақстан аумағында масаң күйінде мамандандырылған күзет қызметі күзететін, Қостанай қ. «Қостанай-су» мекемесіне келіп, өзіне қатысты ЖШ «Калиев» мекемеге қатысты келісім-шарт құрғысы келді. Күзеттегі МКҚБ қызметкері полиция кіші сержанты А.Сабитов шетел азаматы С.Мусабековты мекемеге кіргізбей ЖБО хабарлап, келген полиция қызметкерлерінен азамат Мусабековты ҚР ӘҚБтК 440 бабы бойынша жауапкершілікке тартуын талап етті.

1. *Жағдайды саралаңыз.*
2. *МКҚБ қызметкерінің іс-әрекеттері заңды ма?*
3. *МКҚБ қызметкерінің іс-әрекеттері заңдылығын анықтаңыз?*
4. *Оқиға орнына келген ПО полиция қызметкерлерінің іс-әрекеттері?*

Тапсырма №11

ОМ сынып жетекшісіне мұғалімдер 6 сынып оқушысы Б.К. Исаевтың психологиялық дамуында ауытқулар бар екендігін, үлгерімі төмендегенін, оқу материалын ұғыну үшін назарының төмен екендігін бірнеше мәрте айтқан болатын.

Исаевпен профилактикалық әңгіме барысында сынып жетекшісі Исаевтың отбасында соңғы жарты жылда отағасының (Серік) тұрақты жұмысының жоқ екендігін, спирт ішімдіктерін ішетіндігін анықтады. Осыған байланысты ол үйінде жанжал шығарып, отбасы мүшелерін балағаттап, күш қолданатынын айтып қорқытады.

Сынып жетекшісі жоғарыда аталған фактілер туралы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторына баяндады.

- 1) Жағдайды, тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) Мектеп инспекторының әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) Осы жағдайда әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №12

23 сағат 10 минут шамасында ауылдық «Колос» мәдени үйінен шыға бергенде КТІЖ УПИ полиция қоғамдық көмекшісі П.Д. Волковпен бірлесіп 16 жастағы Попов пен Ивановты тоқтатты, олар ата-аналарының рұқсатынсыз киноға барғандарын айтты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және КТІЖ УПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №13

2020 жылғы 25 сәуірде «Иммигрант» жедел-алдын алу шаралары барысында КТІЖ УПИ және оның көмекшісі П.Д. Волков Университет жатақханасынан Серікті (03.01.2001 ж.т.) және Берікті (13.02.2001 ж.т.) жеке бастарын куәландыратын құжаттарын жоқ екендігін анықтады. Серік пен Берік ХҚКО барып куәлік алу үшін оқу сабақтарынан босамайтындықтарына байланысты жазғы демалыста бармақшы болғандарын айтты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және КТІЖ УПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Серікті сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №14

КТІЖ учаскелік полиция инспекторы полиция қоғамдық көмекшісі П.Волковпен бірге саябақта екі жасөспірім мен бір ер адамның ақшаға карта ойнап отырғанын байқады.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және КТІЖ УПИ қандай материал жинауы қажет?*
- 3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

4) Осы факті бойынша алып қою хаттамасын құрастырыңыз

Тапсырма №15

7 сынып оқушысы Бобров «101»-ге қоңырау шалып, өзін мектеп күзетшісі ретінде таныстырып, мемлекеттік өртке қарсы қызметкерлеріне өзі оқитын №2 ОМ жанып жатыр деп хабарлады.

Кейіннен КТІЖ мектеп УПИ ПО КПБ қызметкерлерімен бірлесе математика сабағы бойынша бақылау жұмысын бұзу мақсатында өтірік айтқан Бобровты анықтады.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) КТІЖ учаскелік полиция инспекторы қандай әрекет етуі тиіс? Қандай материал жинауы тиіс?

3) Әкімшілік жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?

4) Кәмелетке толмағанды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

8.2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. Жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға күзет бөлімшесің құрған кезде нені жасап бекіту керек

А) Күзет бөлімшесі туралы ереже

В) Нұсқау

С) Бұйрық

Д) Бекет

Е) Қаулы

2. Күзет қағидасымен айналасатын заңды тұлғалар және ҚР азаматтары біркелкі қанша мекемелерде қатысушы және құрылтайшы бола алады

А) бір мекемеден көп емес

В) екі мекемеден көп емес

С) үш мекемеден көп емес

Д) төрт мекемеден көп емес

Е) бес мекемеден көп емес

3. Жеке күзет ұйымы күзетшілері, жеке күзетшілер және күзет бөлімшелерінің жұмыскерлері, күзетшілердің лауазымын атқаратын қызметкерлер арнайы құралдарды және қаруды қолдануға құқығы барма

А) ия

В) жоқ

С) кейбір кезде

Д) басшының рұқсаты бойынша

Е) барлық кезде

4. Қажетті қорғаныс кезінде арнайы құралдарды және қаруды лауазымнан аса пайдалану неге әкеп соғады

А) Жеке күзет ұйымы күзетшілері, жеке күзетшілер және күзет бөлімшелерінің жұмыскерлерінің құжаттардың жоюына

- В) Жеке күзет бөлімшелердің қызметкерлердің құжаттардың жойылуына
- С) Жеке күзет ұйымы күзетшілері.
- Д) Жеке күзет бөлімшелердің қызметкерлердің күзетшілері.
- Е) Ештеңеге әкеп соқпайды

5. Қазақстан Республикасы аумағында күзет қызметі саласында заңдардың және басқа да нормативтік құқықтық актілердің қолдануына бақылауыды кім жүзеге асырады

- А) Қазақстан Республикасы прокуратурасы және аумақтық органдар
- В) ҚР ІІМ
- С) ҚР үкіметі
- Д) ҚР Президенті
- Е) ПД

6. Қаруды тіркеу кезінде қандай уақытқа қаруды қолдану және сақтауға рұқсат беріледі

- А) Құжаттың негізінде үш жыл мерзімге
- В) 1 жыл мерзімге
- С) 2 жыл мерзімге
- Д) 4 жыл мерзімге
- Е) 5 жыл мерзімге

7. Объектіге кіргізу қандай рұқсат қағаздардың ұсынылуымен жүзеге асады

- А) Тұрақты электрондық рұқсат қағазы, біржолғы рұқсат қағазы, материалдық рұқсат қағаздары
- В) Біржолғы рұқсат қағаздары, материалдық рұқсат қағаздары
- С) Жоғары айтылғандар
- Д) Жүргізілмейді
- Е) Басшының рұқсаты бойынша

8. мемлекеттік күзетке жататын объектілерді қорғау бойынша террорлыққа қарсы оқу уәкілденген органдардың келісімімен қаншама рет өткізіледі

- А) Айына екі реттен кем емес
- В) Жылына бір реттен кем емес
- С) Жылына үш реттен кем емес
- Д) Тоқсанына екі рет
- Е) Айына бір рет

9. Орталық мемлекеттік әкімшілік ғимарат орган биліктерінде «Дабыл» белгісін беру кіммен келісу керек

- А) ҚР СГО и ҰҚК бекітілген, жауапты қызметкерлермен,
- В) ҚР СГО бекітілген, қызметкерлермен
- С) Жоғары айтылғандар
- Д) МКҚБ басшысымен
- Е) Облыстық ПД басшысымен

10. Қаруды басып алу және постовойға шалбуылды жаусауды сахналау рұқсат етіледі ме

А) Жоқ

В) Ия

С) Кейбір кезде

Д) Кезекшінің рұқсаты бойынша

Е) Басшының рұқсаты бойынша

8.3 Бақылау сұрақтары

1. Қоғамдық тәртіпті күзетке және құқық бұзушылықтың алдын алуға қатысушы қоғамдық құрылымдар

2. Күзетілетін мекемелерде әкімшілік құқық бұзушылықты қылмыстың алдын алу профилактикақ іс-әрекеттерінің негіздері?

3. Күзетілетін мекемелерде кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыз және қараусыз қалған балалар арасында жасалған әрекеттердің алдын алу.

4. Мамандандырылған әкімшілік сотында ішімдікке, есірткіге құмарларды және таксикомандар құқық бұзушылық жасаған кездегі МКҚБ қызметкерлерінің іс-әрекеттері.

5. МКҚБ күзетілетін арнайы мекемелерінің қызметін ұйымдастыру

6. МКҚБ қызметі қызметін ұйымдастыру

7. Әкімшілік қызметінің түсінігі мен мазмұны

8. ПО-ры мен қолданылатын мәжбүрлеу шаралары.

9. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті күзетке қатысушы қоғамдық құрылымдардың бағыттары мен рөлі

10. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті күзетке қатысушы қоғамдық құрылымдар

11. Қоғамның ішкі істер органдарымен заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту бойынша өзара әрекеті

12. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі азаматтардың қатысуы

13. МКҚБ қоғамдық көмекшілерді іріктеу тәртібі және оларға жеке істерді жүргізу

14. МКҚБ ПО-ның жүйесіне жатады ма?

15. Объектінің техникалық нығайтулылығына ғимаратты тексеру тәртібі

9.1 «Лицензия-рұқсат беру жүйесін ұйымдастыру қызметі» тақырыбы

Тапсырма №1

Рейд барысында 25 желтоқсанда учаскелік полиция инспекторы өзінің көмекшісімен бірге «Юбилейный» кіші базарында рұқсат қағаздары жоқ пиротехникалық құралдарды сатып тұрғанын анықтады. Пиротехника сату туралы сертификаты болмады.

Омаров бұл заттарды оған еңбекақысы ретінде берілген Ресейлік танысы сатып беру үшін әкелгендігін айтты.

- 1) Құқық бұзушылықты бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұнаңыз және ПО қызметкерлері қандай құжаттар толтыруы қажет?
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?
- 4) Пиротехникалық құралдарды алып қою хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №2

Заречный ауылында әуесқой-аңшы Иванов тұрғылықты жерін Ресейдің Воронеж қаласына ауыстырып, өзінің аңшылық қаруын көршісі Бериковке сыйлады. Жарты жылдан соң Бериков қаруды өзінің атына рәсімдеу үшін Қостанай АІБ АҚҚАБ бөліміне арызданып, оған Иванов тастап кеткен құжаттарды ұсынды.

- 1) Иванов пен Бериковтың әрекеттерінде құқық бұзушылық құрамы бар ма?
- 2) Бөлім инспекторы қалай әрекет етуі қажет және ПО кезекшісі анықтау жүргізушілерден қандай құжаттарды қабылдауы қажет?
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?
- 4) Бериковты сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №3

Заречный ауылында азамат Иванов жолдың жиегінен 16 калибрлі шолақ мылтық тауып алды және оны үйіне алып келді. Жарты жылдан соң Иванов өз еркімен қаруды тапсыру үшін сыйақы туралы естіп, АІБ-не әкелді.

Кезекші өз еркімен тапсырылған қаруды қабылдады, азамат Ивановқа әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырды, Ивановтан түсініктеме алып, жазалау шарасын қолдану үшін құжаттарын АҚҚАБ бөліміне жолдады.

- 1) Ивановтың әрекетінде құқық бұзушылық құрамы бар ма?
- 2) АІБ кезекшісінен ақпаратты алғаннан соң АҚҚАБ инспекторы қлай әрекет етуі тиіс?
- 3) Осы жағдайда қаруды комиссиялық жүзеге асыру үшін беруге шешім қабылдануы мүмкін бе?

4) КОсы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?

Тапсырма №4

Азамат Л.Ж. Омаров өзінің көршісі Р.П. Охотниковтан аң аулау қаруын сатып алып, оны тексеру үшін «Дорожник» гараждар кооперативінің ауласында бос бөтелкелерге екі рет атты. Бұл жағдайдың куәгерлері кооператив төрағасы мен күзетшісі бұл туралы учаскелік полиция инспекторына хабарлады.

- 1) Құқық бұзушылықты бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және ПО кезекшісі УПИ-нен қандай құжаттарды қабылдауы қажет?*
- 3) Осы факті бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4) Азамат Омаровада қаруды сақтау шарттарын тексеру туралы баянат құрастырыңыз.*

Тапсырма №5

Майкөл ауылында азамат Л.Иванов көршісі әуесқой аңшы Р.Охотниковты шошқа союға көмектесу үшін шақырды. Шошқа үлкен болғандықтан олар Охотниковтың қаруынан екі рет оқ атты. Оқтың даусына УПИ мен оның көмекшісі келді.

- 1) Құқық бұзушылықты саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз, және ПО кезекшісі УПИ-нен қандай құжаттарды қабылдауы тиіс?*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Қаруды алып қою хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №6

Затобол ауылында 23 сағат 15 минутта Терешкова көшесінің 16 және 17 үйлерінің ауласында үш кәмелетке толмаған Серік – 17 жас, Берік – 16 жас және Марат – 15 жас, балалар құм ауласында бөтелкеден, шөп пен карбидтан құралған жасанды жарылғаш құралды жарды.

Жарылу кезінде Берікке бөтелке сынықтары тиіп, оны орталық аудандық аурухананың травматологиялық бөлімшесіне жеткізіліп, медициналық көмек көрсетілді. Аурухана қызметкерлері АІБ кезекші бөліміне Беріктің денесінің жарақаты туралы хабарлады.

- 1) АІБ кезекшісі осы факті бойынша оқиға орнына кімді жібереді?*
- 2) Кәмелетке толмағандар әрекеттерінде құқық бұзушылық құрамы бар ма?*
- 3) Бөлім инспекторы қалалық әрекет етуі қажет және ПО кезекшісі анықтау жүргізушілерден қандай құжаттарды қабылдауы қажет?*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*

4) Кәмелетке толмағандарды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №7

Затобол ауылында 23 сағат 15 минутта «Фараон» түнгі клубының жанында төрт ер адамнан тұратын топ мас күйінде өз араларында жанжал шығарып, соңы төбелеске айналды. Жанжал барысында балағат сөздер айтып, азамат Стрельцов газ пистолетінен азамат Ивановтың бетіне жеңіл дене зақымын келтіре отырып, үш рет атты. Шуға патрульдік полиция экипажы келіп оқиға туралы АІБ кезекшісіне хабарлады.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) АІБ кезекшісі осы факті бойынша оқиға орнына кімді жібереді?*
- 3) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз және ПО кезекшісі анықтау жүргізушілерден қандай құжаттарды қабылдауы қажет?*
- 4) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 5) Сот-медициналық сараптама тағайындау туралы құжатты құрастырыңыз.*

Тапсырма №8

УПИ өзінің көмекшісімен бірге екі қару заңды түрде тіркелген әуесқой аңшы О.Д. Омаровтың тұрғылықты орнын тексерді. Сейфті тексеру кезінде ішінде бір ғана қару болды.

Омаров 2020 жылғы сәуірде аңшылықтың ашылуына барып, қайықпен жүзіп бара жатып, бір қарудың қайықтан түсіп қалып суға батып кеткендігін байқамағандығы жайлы түсіндірді. Күн суық болғандықтан таба алмаған, бірақ жазда сол орныға барып тауып аламын деп үміттенгендігін және сол себептен жоғалу туралы ПО хабарламағандығын айтты.

- 1) О.Д. Омаровтың әрекетінде құқық бұзушылық құрамы бар ма?*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз және ПО кезекшісі анықтау жүргізушілерден қандай құжаттарды қабылдауы қажет?*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Әуесқой аңшы О.Д. Омаровты тексеру туралы баянат құрастырыңыз.*

Тапсырма №9

Қостанай қ. АҚҚАБ инспекторы УПИ бірлесіп «Иволга» ЖШС күзет ұйымының 22 бірлік атыс қаруы тіркелген қару бөлмесін тіркелді. Тексеру барысында «Сайга» бір ұңғылы карабиннің жоқ екендігін анықтады. Күзет қызметінің бастығы оны «Иволга» ЖШС директорының орынбасары алып Федеров ауданына аңға кеткендігін айтты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*

- 2) *ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз және ПО кезекшісі анықтау жүргізушілерден қандай құжаттарды қабылдауы қажет?*
- 3) *Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) *«Иволга» ЖШС қару бөлмесін тексеру актісін құрастырыңыз.*

Тапсырма №10

«Арсенал» жедел алдын алу іс-шаралары барысында АҚҚАБ бөлінісінің инспекторы УПИ бірлесіп «Золотой фазан» ойын-сауық кешенінің ашық тирін тексерді. Тексеру кезінде мас күйіндегі екі келуші Бериков пен Сериков ұшып жүрген мишеньдерге атты. УПИ Бериков пен Сериковке әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырып, ҚР ӘҚБК 440-бабына сәйкес 5 АЕК көлемінде әкімшілік жазалау туралы үкім шығарды.

Қаруды сақтау мен ашық тир мазмұнында бұзушылықтар анықталған жоқ.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ПО қызметкерлерінің әрекетінің дұрыс алгоритмін мазмұндаңыз. АҚҚАБ инспекторы нені тексеруі тиіс?*
- 3) *Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?*
- 4) *Ойын-сауық кешенінің қару бөлмесін тексеру актісін құрастырыңыз.*

Тапсырма №11

«Арсенал» жедел алдын алу іс-шаралары барысында АҚҚАБ инспекторы УПИ бірге қаланың орталық саябағында орналасқан пневматикалық қарудан атуға арналған жабық тирді тексерді. Тексеру кезінде тир қызметкерінің атыс тирін ашуға рұқсаты болмады.

Қаруды сақтау мен ашық тир мазмұнында бұзушылықтар анықталған жоқ.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ПО қызметкерлерінің әрекетінің дұрыс алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3) *Егер тирде ату үшін 7,5 джоул немесе 4,5 мм жоғары калибрлі қару қолданылса, онда сы факті бойынша шешімді кім қабылдайды*
- 4) *Ату тирін тексеру актісін құрастырыңыз.*

Тапсырма №12

Өзінің әйеліне қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағаны үшін азамат Дебошировқа оның мінез-құлқына қатысты ерекше талаптар қойылып, сонымен қатар ол ҚР ӘҚБК 73-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Осының негізінде АҚҚАБ инспекторы ЖПҚ бастығына азамат Дебошировтың азаматтық қаруды қолдануға және сақтауға рұқсаты жойылғаны туралы үкімді жолдап, және осы үкімнің жедел орындалуын талап етті.

ЖПҚ бастығының тапсырмасы бойынша УПИ мен оның көмекшісі аң аулау билеті мен қару қолдану мен сақтауға рұқсатын алып қойды. Дебоширов қаруды беруден бас тартты, және онысын ол оның жеке мүлігі екенімен және оны өзі тапсырып, ол туралы АҚҚАБ бөлінісіне хабарлайтындығымен түсіндірді.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және УПИ мен оның көмекшісі қандай құжаттар құрастыруы қажет.

3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Қаруды және оған рұқсатты алып қою хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №13

УПИ мен оның көмекшісі әуесқой аңшы ретінде есепте тұрған және екі бірлік қаруға рұқсаты бар азамат Орашевті тұрғылықты жері бойынша тексерді. Тұрғылықты жері бойынша ол үйінде болмады. Тұрғында жарты жыл бұрын азамат Орашевтан осы пәтерді сатып алғандарын және қазір ол қайда тұратынынан хабарсыз екендіктерін айтты.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және УПИ мен оның көмекшісі қандай құжаттар құрастыруы қажет.

3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Қаруды және оған рұқсатты алып қою хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №14

Абай мен Фараби көшелерінің қиылысында екі автокөлік соқтығысып, жүргізушілері Сериков пен Бериковтың арасында жанжал туындады, барасында Сериков Бериковты балағаттап, күш жұмсайтындығын айтып қорқытты, Бериков газдік тапаншасынан екі рет Сериковтың кеудесіне атып, жеңіл дене жарақатын келтірді.

Атыс шуына патрульдік полиция экипажы келіп, жанжалды жойды. Анықтау барысында Бериков газдік қаруға рұқсатын көрсетіп, өзін Сериковтан сақтанғандығын айтты.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және УПИ мен оның көмекшісі қандай құжаттар құрастыруы қажет.

3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Газдік қаруды және оған рұқсатты алып қою хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №15

Азамат О. Мажитовақа 23:30 сағат шамасында перзентханадан хабарласып, ұлы туылғандығы туралы хабарлады. Өзінің қуанышын білдіре, азамат О.Мажитов салют ретінде өзінің пәтерінің терезесінен аңшы қаруынан бес рет оқ атты. Көршілері қорқып, ҚПБ кезекші бөліміне хабарласты.

1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

2) ПО қызметкерлерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз, және осы факті бойынша қандай құжаттар құрастыруы қажет.

3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Қаруды және оған рұқсатты алып қою хаттамасын құрастырыңыз.

9. 2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. Қазақстан Республикасының ПМ қандай бұйрығы ПО азаматтық және қызметтік қару айналымын реттейді?

А) Қазақстан Республикасының ПМ 29.03.2016 жылғы №313 бұйрығы

В) Қазақстан Республикасының ПМ 30.03.1999 жылғы № 156 бұйрығы

С) Қазақстан Республикасының ПМ 17.07.2000 жылғы № 400 бұйрығы

Д) Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 Заңы

Е) Қазақстан Республикасының ПМ 29.12.2015 жылғы № 1098 бұйрығы

2. Қарсылық көрсететін не қылмыс жасау кезінде үстінен түскен, қамаудан қашқан адамдарды ұстау, қаруланған адамдарды ұстау. «Құқық қорғау қызметі» туралы Заңының 61 бабының қай тармағында көзделген?

А) 4

В) 5

С) 6

Д) 3

Е) 2

3. Қазақстан Республикасының ПМ Жедел басқару орталығына міндеттеледі:

А) Жоғары аталғандардың барлығы

В) Жедел әрекет бойынша қызметкерлер мен бөлімдерді бағыттау

С) Төтенше жағдайлар пайда болғанда басқару шешімдерін құру және ұйымдастыру

Д) Кезекші бөлімдерінің қызметін қадағалау

Е) Бейне бақылау бойынша қадағалау

4. Спорттық қаруға не жатады?

А) Аталғандардың барлығы.

В) ойық ұңғылы атыс қаруы;

С) тегіс ұңғылы атыс қаруы;

Д) сұқпа суық қару;

Е) лақтырылатын қару үрлемелі қуаты 3 Дж-дан жоғары пневматикалық қару;

5. Аңшылық қаруға не жатады:

А) Аталғандардың барлығы

В) Ойық ұңғылы атыс қаруы;

С) Тегіс ұңғылы, оның ішінде ойық бөлігінің ұзындығы 140 миллиметрден

Д) Аспайтын атыс қаруы, аралас (ойық және тегіс ұңғылы), оның ішінде алмалы-салмалы және жиналмалы ойық ұңғылы атыс қаруы;

Е) Үрлемелі қуаты 25 Дж-дан аспайтын пневматикалық қару, сұқпа суық қару;

6. ПО азаматтық қаруды сақтауға беру мерзімі?

А) 5 жыл

В) 3 жыл

С) 2 жыл

Д) 4 жыл

Е) 1 жыл

7. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға атыс қаруын қолдануға бола ма?

А) Болмайды

В) Болады, егер ол қашып бара жатса

С) Болады, егер ол бағынбаса және қашып бара жатса

Д) Болады, егер ол заңды талаптарға бағынбаса

Е) Болады, егер ол қашып бара жатса

8. Қажетті қорғаныстың шегінен шығу деп танылады?

А) Қорғаныстың қол сұғушылық қаупінің сипаты мен дәрежесіне сай келмеуі

В) Құқыққа қайшы әрекетті мас күйінде жасауы

С) ҚР ӘҚБтК қарастырылған әрекетті қатты жан күйзелісінде жасауы

Д) Құқыққа қайшы әрекетті ескертусіз жаса

Е) ҚР ӘҚБтК қарастырылған әрекетті жаса

9. Аталғандардың қайсы арнайы құралдарға жатпайды?

А) Макаров тапаншасы

В) Қол кісендер (БР)

С) Газды қарулар және көзден жас ағызатын құралдар

Д) Аңшылық қару

Е) оқ дәрілер

10. Жеке тұлғалардың азаматтық қару сақтау ережелерін сақтамағаны бойынша қай баптарға сиына отырып жауапкершілік Қазақстан Республикасының ӘҚБт Кодексінің қандай бабымен реттеледі?

А) 484 бап

- В) 446 бап
- С) 434 бап
- Д) 440 бап
- Е) 476 бап

9.3 Бақылау сұрақтары

1. Учаскелік полиция пунктіне жеткізілген қару иелерінен құқық бұзушылық бойынша іс-шара жүргізу
2. Қару иелеріне қолданатын толмағандарға қолданылатын мәжбүрлеу
3. ЖПҚ қызметкерлерімен күш және арнайы құралдарды қолдану негіздері мен ерекшеліктері
4. Қоғамдық тәртіпті күзетке және құқық бұзушылықтың алдын алуға қатысушы қоғамдық құрылымдар
5. Қару иелерімен тұрмыстық зорлықшыларға қолданылатын жеке профилактика шаралары.
6. Азаматтық қару иелерінің жеке сұрақтары бойынша қабылдау тәртібі
7. Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қару қолдану туралы заңдылық
8. Қару құралдарымен қолданып жасалған құқық бұзушылықтың алдын алудың құқықтық негіздері
9. Қару иелерімен профилактикалық есеп істерін жүргізу түрлері мен тәртібі
10. Алынған қаруды тәркілеу нәтижелерді қарау және рәсімдеу тәртібі.
11. АҚЕА бөлімінде профилактикалық есебінде тұрғандар санаттары
12. Кәмелетке толмағандарды қару иелерінің заңдылығы және жауапкершілігі.
13. Лицензиялық-рұқсат жүйесі объектілеріне бақылау механизмі мен негізгі бағыттары
14. Қарудың жеке түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау
15. Рұқсат-лицензиялық жүйе объектілері айналымына бақылау жасау тәртібі

10. 1 «Көші-қон полиция қызметін ұйымдастыру» тақырыбы

Тапсырма №1

АПБ кезекші бөліміне автопатрульмен «Юбилейный» шағын базарының маңында өткен азаматтарға тиісіп, балағат сөз айтып тұрған азамат Сериков жеткізілді.

Жеткізілгенмен анықтау барысында кезекші (құқық бұзушының сөзінен) Сериктың Қырғызстан азаматы екендігін және Қазақстанға екі ай бұрын құрылысқа жұмысқа орналасу үшін келгенін анықтады. Сондай-ақ Сериков танысының үйінде тұратыны, жұмысқа әлі тұрмағандығы және тұрғылықты орны бойынша тіркелмегендігі анықталды.

1) Жағдайды саралаңыз.

2) АПБ кезекшісінің әрекетін мазмұндаңыз.

3) Қандай материал жинау керек және ол бойынша шешімді кім қабылдайды?

4) Сериковты ұстау туралы сұрақ қалай шешілуі тиіс?

Тапсырма №2

Рудный қаласының кезекші бөліміне өзімен бірге құжаттары жоқ және өзінің сөзі бойынша тұрғылықты жері жоқ азамат В.Найденов жеткізілді.

Қалада белгілі тұрғылықты жері мен құжаттары жоқтарға арналған қабылдағыштың болмауына байланысты ҚБ кезекшісі В.Найденовты ұстау туралы қаулы шығарып, әкімшілік қамауға алынғандарға арналған арнайы қабылдағышқа жатқызды. Қабылданған шешім туралы ҚБ кезекшісі жазбаша баянатпен ҚБ бастығы мен қала прокурорына хабарлады.

1) ҚБ кезекшісінің әрекетін саралаңыз.

2) ҚБ кезекшісі В. Найденовты ұстау туралы шешімді дұрыс қабылдады ма?

3) ҚР нормативтік актілерімен В. Найденовты ұстаудың ұзақ мерзімі қандай?

Тапсырма №3

АПБ кезекші бөліміне полицейлер жеке басын куәландыратын құжаттарынсыз және тұрғылықты жерінсіз азаматты жеткізді. Жеткізілген азаматтың анық мүгедектік белгілері (оң қолы жоқ) көрінеді.

1) Оқиғаны бағалаңыз.

2) ҚБ кезекшісінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.

3) Осы жағдайда қандай материал жиналуы тиіс?

4) Жеткізілгеннің жеке басы мен тұрғылықты орны анықталса, онымен одан әрі қандай әрекет жасау тиіс?

Тапсырма №4

2021 жылдың 28 наурызында Қостанай қаласында «Иммигрант» жедел алдын алу іс-шаралары кезінде УПИ өзінің көмекшісімен бірге «Есіл» қонақ үйінде жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеріп жүрді. №245 нөмірінде азамат Найденов (жасы 44-те) 2003 жылы 10 наурызда Қарағанды қ. КҚҚБ берілген жеке куәлігін көрсетті.

Азамат Найденов өзінің Қостанай қаласында іссапарла жүргендігін айтты.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ҚБ қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) *Осы жағдайда қандай материал жиналуы тиіс?*
- 4) *Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №5

2020 жылғы 28 наурызда Қостанай қаласында «Жастар» шағын ауданын патрульдеу кезінде полицейлер азамат Конов адамның ар-намысын түсіретін мас күйінде қоғамдық орындарда жүргені үшін ұсталды.

Құжаттарын тексеру кезінде азамат Коновтың азаматтығы жоқ екендігі және куәлігінің мерзімі 2019 жылғы 1 наурызда өткендігі анықталды.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ҚБ қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) *Осы жағдайда қандай материал жиналуы тиіс?*
- 4) *Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №6

2020 жылғы 28 наурызда Қостанай қаласында «Жастар» шағын ауданын патрульдеу кезінде полицейлер азамат Коновты автобус аялдамасында мас күйінде азаматша Мироноваға тиіскені үшін ұсталды. Азаматша оған шара қолдануды өтінді.

Азамат Конов РФ азаматының паспортын көрсетті және ол Ресей азаматы болып табылатындығын айтты. Ал Қазақстанда тұрғылықты тұруға рұқсаты бар екендігін және оны бір ай бұрын жоғалтып алып, ІО қайта қалпына келтіру үшін барып үлгермегендігін айтты.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ҚБ қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) *Осы жағдайда қандай материал жиналуы тиіс?*
- 4) *Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 5) *Осы жағдайда азамат Коновты. ҚР аумағынан шығару туралы шешім қабылдануы мүмкін бе?*

Тапсырма №7

2021 жылғы 28 наурызда Қонай ауылында техникалық нығайтылу мақсатына азық-түлік дүкенін тексеру барысында УПИ құжаттар сақтауға арналған темір шкафтан Қонай ауылының тұрғындарының 6 паспорты мен жеке куәліктері табылды.

Сатушы азаматтар тауарды қарызға алып жиі құжаттарын кепіл ретінде тастап кететіндіктерін және еңбекақы алысымен алып кететіндіктерін айтты.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ҚБ қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) *Осы жағдайда қандай материал жиналуы тиіс?*
- 4) *Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №8

Қостанай қ. ҚПБ көші-қон полиция қызметінің аға инспекторы өзінің өндірісіне Қырғыз азаматы болып табылатын азамат Куатовтың отбасына қосылуына байланысты тұрғылықты тұруға ауысуы туралы істі алды. Мәліметтерді тексеру кезінде азамат Куатов ауыр қылмыс жасағаны туралы жабылмаған соттылығының бар екендігін көрсетпегені анықталды.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *КҚП қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз. Азамат Куатовты. шығару тәртібі қандай?*
- 3) *Осы жағдайда қандай материал жиналуы тиіс?*
- 4) *Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №9

Астана-Екатеринбург жолаушылар поездының сүйемелдеу тобы жолсерікпен бірге поезға отырған азаматтардың құжаттарын тексеруді жүзеге асырды. Азамат Павлов РФ азаматының паспорты мен билетін көрсетті, ал билетінде Қазақстан азаматына тиесілі жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі көрсетілген.

Азамат Павлов екі жыл бұрын Екатеринбург қаласына көшуіне байланысты Қазақстан азаматтығынан айырылғандығын, бірақ куәлігін сол уақытта жоғалтып алдым деп ойлағандықтан тапсырмағанын айтты. Қазір туыстарына қонаққа келіп куәлігін тауып алған соң оны қолданып билет алған.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ҚБ қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз. Азамат Павловты. шығару тәртібі қандай?*
- 3) *Осы жағдайда қандай материал жиналуы тиіс?*
- 4) *Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №10

Дүйенбі күні, 2020 жылғы 1 сәуірде Қырғыз азаматы Р.Ю. Керимов Қостанай қ. көші-қон полиция қызметінің бөліміне тіркелу үшін келді. Инспектор ҚР шығу күні көші-қон картасына сәйкес 2020 жылғы 26 наурыз көрсетілгендігін байқады.

Азамат Керимов бірден тіркелмегендігін жеке істерімен қолы тимегендігімен, содан соң екі күн демалыс енді бүгін тіркелу үшін келгендігін түсіндірді.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) КҚП қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 3) Осы жағдайда қандай материал жиналуы тиіс?*
- 4) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №11

ҚР ӘҚБК 380-бабын бұзғаны үшін Қырғыз азаматы Керимов Қазақстан аумағынан үш тәулік ішінде шығару туралы сот қаулысын алды. Участкелік полиция инспекторы Рамазанов азамат Керимовты, оның уақытша тұрғылықты жері бойынша тексеріп оның ҚР аумағынан шықпағандығын анықтады, ол одан соң қайтадан Қырғыстанға кеткісі келмейтінімен және РФ шығуға ақшасының жетпейтіндігін түсіндірді.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) ҚБ қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз. Азамат Керимовты шығару тәртібі қандай?*
- 3) Осы жағдайда қандай материал жиналуы тиіс?*
- 4) Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №12

Азамат Ф. Слесаренко өзі қозғалтқышы 30 л/с және конструктивті ең жоғары жылдамдығы 45 км/сағ автөкөлік құрастырды.

Жол-патрульдік полициясының қызметкері қаланың көшесінде автокөлікті тоқтатып, ТЕБ белгіленген тәртіпте тіркемегені үшін жүргізуші куәлігін алып қойып, көлікті айып алаңына қойды.

- 1) Жол полициясы қызметкерінің әрекетін бағалаңыз.*
- 2) Қандай көлік құралдары ТЕБ тіркеуге жатпайды?*
- 3) Ұстау, жеткізу және көлік құралдарын пайдалануға тыйым салу туралы акт құрастырыңыз.*

Тапсырма №13

Жол-патрульдік полициясының инспекторы азамат Т. Шилов басқарып келе жатқан «КамАЗ-5320» көлігін тоқтатты, жүргізуші куәлігі мен «Арай» ЖАҚ жол жүру парағын көрсетіп тексеру кезінде жол жүру парағында гараж

менгерушісі Ю. Сомовтың көліктің мемлекеттік тіркеуі туралы куәлік ТЕБ-де қарау нәтижелерін рәсімдеу үшін жатқандығы туралы белгісі болды.

1) Жағдайды саралаңыз.

2) Аталған құқық бұзушылық үшін кім жауапты?

3) ППҚ инспекторы қандай әрекет етуі қажет?

Тапсырма №14

Автокөлікті тексеру барысында жол-патрульдік полициясының инспекторы «ЗА3-968» автокөлігінде мемлекеттік тіркеу нөмірінің стандарт талаптарына сай ауытқулар бар екендігін көрді. ЗА3 жүргізушісі тіркеу нөмірлерінің механикалық зақымдануының және шірігендігіне байланысты техбайқау алдында өзі сырлағандығын айтты.

1) ЗА3 жүргізушісінің әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамы бар ма?

2) ЖПҚ инспекторы қалай әрекет етуі керек?

3) Тіркеу нөмірін алып қою хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №15

«Москвич» автокөлігін басқарып келе жатқан азамат В. Шиловты ППҚ инспекторы алдыңғы тіркеу нөмірінің болмауына байланысты тоқтатты. В. Шилов шамамен бір ай бұрын аң аулауға барып, нөмірін жоғалтып алғандығын түсіндірді. ТЕБ-не қолының босамауына байланысты бармағанын және біреу тауып алып, қайтаратынына сенетінін айтты.

1) В. Шиловтың жағынан бұзушылықтар бар ма?

2) ППҚ инспекторы қалай әрекет етуі қажет?

3) Жоғалған мемлекеттік нөмірді қалпына келтіру тәртібі қандай?

10. 2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. ҚР-да азаматтарды тіркеуге қайда тыйым салынады?

А) Бау-бақша серіктестігінің саяжай құрылыстары

В) Бау-бақша кооперативінің саяжай құрылыстары

С) Қызметтік ғимараттар мен үй-жайларда

Д) Гараж кооперативінің жеке гаражында

Е) Емдеу мекемелері, санаторийлер, демалыс үйлері

2. Иммигранттарды шығарып жіберу туралы кім шешім қабылдайды?

А) Облыстық ПД көші-қон полициясының бастығы

В) Облыстық ПД бастығы

С) ҚАТПБ бастығы

Д) Көші-қон полициясының бастығы прокурордың санкциясымен

Е) Судья

3. Жеке басын куәландыратын құжаттарды қандай жағдайларда алуға рұқсат беріледі?

А) Тұлғаны анықтау мүмкін емес кезінде

В) Профилактикалық есепке қою кезінде

- С) Кімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін
- Д) Тұрғылықты жері бойынша тіркеусіз тұру үшін
- Е) Әкімшілік айыппұлды төлемегені үшін

4. Қандай құжаттар жеке басын куәландыратын құжат мәртебесіне ие емес?

- А) ҚР азаматының жеке куәлігі
- В) Құқық қорғау органы қызметкерінің куәлігі
- С) Қазақстан Республикасы теңізшісінің жеке куәлігі
- Д) Қазақстан Республикасының дипломатиялық паспорты
- Е) Қайтып оралуға куәлік

5. "Қоныс аударушы" деген кім?

- А) Ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасына сәйкес Қазақстан.
- В) Республикасынан тыс жерлерден қоныс аударушы адамдар да, оралман да.
- С) Ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасына сәйкес ҚР ішінде қоныс аударушы адам.
- Д) ҚР-ға келген және ҚР-дан кеткен тұлға.
- Е) ҚР-ға уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.

6. Оралман деген кім?

- А) ҚР-ға уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам
- В) Ішкі көшіп-қонушылардың қоныс аудару квотасына сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге қоныс аударушы тұлға
- С) Қоныс аударушы сияқты
- Д) Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ
- Е) Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын этникалық қазақ

7. Иммиграцияның негізгі түрлеріне қандай мақсат қатысы жоқ?

- А) Тарихи отанына оралу мақсатында
- В) Отбасы біріктіру мақсатында
- С) Дипломатиялық қызмет мақсатында
- Д) Білім алу және еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында
- Е) Гуманитарлық және саяси себептер бойынша

8. ПО құзыретіне қандай қызмет жатпайды:?

- А) Халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру
- В) Құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады
- С) Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың есебін және тіркеуін жүзеге асырады
- Д) Заңсыз иммиграцияның жолын кесу бойынша шаралар қабылдайды
- Е) Босқын мәртебесін беру туралы шешім қабылдайды

9. Оралман мәртебесін алған адамдар және олардың отбасы мүшелері қамтамасыз етіледі:.

А)Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарындағы тегін бейімдеу және ықпалдастыру қызметтерімен жабдықталады

В) Кезектен тыс тегін тұрғын үй алуға құқылы

С) ҚР азаматтарымен бірдей әлеуметтік қорғануы

Д) Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең дәрежеде мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдардың орындарына орналасу

Е) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық көмек.

10. Тұруға рұқсат қандай мерзімге беріледі?

А) шетелдік паспорттың қолданылу мерзіміне;

В) 10 жыл;

С) 5 жыл, сол мерзімге ұзартылуы мүмкін.

С) 3 жыл, сол мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Е) 1 жыл, сол мерзімге ұзартылуы мүмкін.

10. 3 Бақылау сұрақтары

1. Учаскелік полиция пунктіне жеткізілген шетел азаматары құқық бұзушыларымен анықтау жүргізу

2. Шетел азаматтарымен құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасының құқықтық негіздері

3. УПИ профилактикалық есебінде тұрғандар санаттары

4. Көші-қон полиция қызметін ұйымдастыру

5. Шетел азаматтарын әкімшілік жауапкершілікке тарту тәртібі

6. Көші-қон полициясы қызметкерлерімен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алудың мақсаты, міндеттері, құқықтық негіздері

7. Кәмелетке толмаған шетел азаматының заңды жауапкершілікке тартудың құқықтық негіздері

8. ҚР аумағында шетел азаматы қылмыс жасады деп айыпталушы және күдіктілерді ұстау тәртібі

9. ҚР-да шетел азаматтарының болу тәртібінде КҚ полицейлері қызметкерлерінің бақылауды жүзеге асыруы

10. Шетелдіктерге қолданылатын әкімшілік түсәнәгә мен заңдылығы.

11. Шетелдік азаматтарға ПО қызметкерлерімен қолданылатын мәжбүрлеу

12. Шетелдік азаматтарының құқықтарының шектелуі

13. Шетел азаматтары арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ПО құзыреттілігі

14. Көші-қон қызметкерлерімен шетелдік азаматтарды ҚР-на келуі және ҚР аумағында болу тәртібі бойынша құжаттарды құрастыру тәртібі

15. ҚР аумағында тіркеусіз жүрген шетелдік азаматтарды әкімшілік жауапкершілікке тарту.

11.1 «Азаматтық қорғау органдарының қызметін ұйымдастыру»

Тапсырма № 1

Новосевирск облысында белгісіз індет пен эпизоотияның таралу себептері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 30 тәулік мерзімге төтенше жағдай режимі енгізілді.

Коменданттық сағат кезінде түнгі сағат бір шамасында ПО кезекші бөліміне масаң күйінде азамат Сексенов жеткізілді, ол көшеде жүрген және құлаған. Тергеу барысында екі ай бұрын азамат Сексенов әкімшілік қадағалауға алынғаны анықталды.

1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.
2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?
3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?
4. Жеткізу хаттамасын жасаңыз

Тапсырма № 2

Новосевирск облысында белгісіз індет пен эпизоотияның таралу себептері бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 60 тәулік мерзімге төтенше жағдай режимі енгізілді.

Коменданттық сағат кезінде түнгі сағат бір шамасында ПО кезекші бөліміне азамат Петров жеткізілді. Тергеу барысында екі ай бұрын азамат Петров жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғаны анықталды.

1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.
2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?
3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?
4. Азамат Петровты ұстау хаттамасын жасаңыз.

Тапсырма № 3

Новосевирск облысында COVID-19 індетінің таралу себептері бойынша ҚР Президентінің Жарлығымен 60 тәулік мерзімге төтенше жағдай режимі енгізілді. Түнгі 22 сағаттан кейін азаматтардың пәтерлерінен шығуына тыйым салынды. Бірақ соған қарамастан, азамат Омарова серуендеу мақсатымен, емшектегі сәбиін балалар арбасымен далаға шығарды.

Патрульдің талаптарын елемей, азамат Омаров пәтерге кіруден бас тартты және балағат сөздер айтты.

1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.
2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?
3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?
4. Азамат Омаровтан жауап алу хаттамасын жасаңыз.

Тапсырма №4

Новосевирск ауданының аумағына енгізілген төтенше жағдай режимі кезеңінде түнгі сағат 24 шамасында құжаттарын тексеру және тексеріп қарау үшін патрульдік полиция қызметкерлері азамат Омаровтың автокөлігін тоқтатты. Азамат Омаров құжаттарды ұсынудан бас тартты, өйткені ол жол жүрісі қағидаларын бұзбадым және оны тоқтатуға құқығы жоқ деп санайды.

- 1. Азамат Омаровтың әрекеттерінде қандай да бір құқық бұзушылықтың құрамы бар ма?*
- 2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?*
- 3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4. Азамат Омаровтың көлік құралын қарап тексеру туралы құжат жасаңыз.*

Тапсырма № 5

Новосевирск ауданының аумағына енгізілген төтенше жағдай режимі кезеңінде шамамен кешкі 20 сағат шамасында патрульдік полиция қызметкерлері құжаттарды тексеру және қарап тексеру үшін екі жасөспірімді (16 және 18 жас) тоқтатты. Жасөспірімдер өздерімен бірге құжаттары жоқ екенін және ешкім жеке басын куәландыратын құжаттарды алып жүруге міндетті емес деп санайтынын айтты.

Тапсырма:

- 1. Жасөспірімдердің немесе олардың ата-аналарының іс-әрекеттерінде қандай да бір құқық бұзушылықтың құрамы бар ма?*
- 2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?*
- 3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4. Ұстау хаттамасын жасаңыз.*

Тапсырма № 6

ТЖ барлық кезеңінде алкогольді ішімдіктерді сатуға тыйым сала отырып, Новосевирск ауданының аумағына енгізілген төтенше жағдай режимі кезеңінде шамамен кешкі 19 сағат шамасында патруль масаң күйдегі және қолында екі бөтелке арағы бар азамат Орашевты тоқтатты. Азамат арақты «Достық» дүкенінен шамамен 15 минут бұрын сатып алғанын түсіндірді. Дүкен сатушысы алкогольдік ішімдіктерді сатуға тыйым салу түріндегі шектеу туралы білмейтінін түсіндірді.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?*
- 3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4. Арақты алып қою хаттамасын жасаңыз.*

Тапсырма № 7

Новосевирск облысында COVID-19 індетінің таралу себептері бойынша ҚР Президентінің Жарлығымен 20 тәулік мерзімге төтенше жағдай режимі енгізілді. Қоғамдық орындарға бетперделерсіз баруға тыйым салынды. Бірақ, соған қарамастан, азамат Омарова дүкенге маскасыз кірді. Дүкен қызметшілерінің ескертулеріне ол маска кигісі келмейтінін, өйткені оның тынысы тарылатынын түсіндірді, сонымен қатар оған қызмет көрсетілмейінше, дүкеннен кетуден бас тартатынын жеткізді. Дүкен қызметшілері полиция шақырды.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?*
- 3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасаңыз.*

Тапсырма № 8

Новосевирск облысында COVID-19 індетінің таралу себептері бойынша ҚР Президентінің Жарлығымен 20 тәулік мерзімге төтенше жағдай режимі енгізілді. Түнгі 22 сағаттан кейін ойын-сауық мекемелерінің: мейрамханалар, кафелер, түнгі клубтар және т.б. жұмыс істеуіне тыйым салынды. Полиция қызметкерлері рейд барысында «Жетінші континент» түнгі клубының ашықтығын және залда 40-қа жуық адамның болуын анықтады.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.*
- 2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?*
- 3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?*
- 4. Түнгі клубты тексеру туралы құжат жасаңыз.*

Тапсырма № 9

Жітіқара ауданының ТЖ бойынша аумақтық басқармасы қардың күрт еруіне және толып қалған су қоймаларынан Шортанды өзеніне жоспардан тыс су жіберілуіне байланысты ауданның кейбір елді мекендеріне су тасқыны қаупі төніп тұрғаны туралы ескерту таратты. ТЖ бойынша басқарманың бастығы әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай режимін 30 тәулікке дейінгі мерзімге енгізді.

Тапсырма:

- 1. ТЖ бойынша басқарманың бастығы дұрыс істеді ме?*
- 2. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай режимін енгізуге кім құқылы?*
- 2. Осы факт бойынша тартылатын күштер мен құралдарды атап шығыңыз.*
- 3. Дайындық, атқарушылық және қорытынды кезеңдерде ПО орындауға жататын іс-шараларды атаңыз.*

Тапсырма № 10

Қырғызстанда билікті қарумен басып алу және жаппай тәртіпсіздіктер орын алды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы Қырғыз Республикасының аумағынан азаматтардың (шамамен 3 мың адам) жаппай көшуі орын алды.

ҚР ҰҚК төрағасы әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай режимін 30 тәулікке дейінгі мерзімге енгізді.

Тапсырма:

- 1. ҚР ҰҚК төрағасы дұрыс істеді ме?*
- 2. Бұл жағдайда әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай режимін енгізуге кім құқылы?*
- 3. Осы факт бойынша тартылатын күштер мен құралдарды атап шығыңыз.*
- 4. ІІО орындауға жататын іс-шараларды атаңыз.*

Тапсырма № 11

Жергілікті атқарушы органдар саяси партияға коммуналдық қызметтер бағасының өсуіне байланысты митинг өткізуге рұқсат бермегеніне қарамастан, Нұрсұлтан қаласы әкімдігінің жанында 50-ге жуық адам жиналды.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.*
- 2. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін анықтаңыз.*
- 3. Митингке қатысушыларды жазалау туралы кім шешім қабылдай алады?*
- 4. Митингке қатысушыдан жауап алу хаттамасын жасаңыз.*

Тапсырма № 12

Нұрсұлтан қаласында орталық алаңдағы мұнай компаниясы жұмысшыларының жаппай тәртіпсіздіктеріне байланысты 30 тәулік мерзімге төтенше жағдай режимі енгізілді. Бірақ осыған қарамастан, түскі ас кезінде 50-ге жуық адам алаңға қайта келіп, бейбіт жиналыс ұйымдастырып, қала әкімімен, депутаттармен және прокурормен кездесуді талап етті.

Тапсырма:

- 1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.*
- 2. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін анықтаңыз.*
- 3. Жиналысқа қатысушыларды жазалау туралы кім шешім қабылдай алады?*
- 4. Жиналысқа қатысушыдан жауап алу хаттамасын жасаңыз.*

Тапсырма № 13

Сағат 22-де ҚПБ кезекші бөліміне азамат М.С. Беріков масаң күйінде мейрамхана қызметшілері мен әкімшісіне балағат сөздер айтқаны үшін жеткізілді.

Тергеу процесінде даяшы мейрамхана тек 22.00-ге дейін жұмыс істейтінін, өйткені COVID-19 эпидемиясына байланысты қалада карантин енгізілгенін айтып, түсіндіргеніне қарамастан, Беріковтің мейрамханадан кеткісі келмегені анықталды.

Тапсырма:

1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.
2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін анықтаңыз.
3. Жиналысқа қатысушыларды жазалау туралы кім шешім қабылдай алады?
4. Жеке тұлғаның заттары мен құжаттарын алып қою хаттамасын жасаңыз.

Тапсырма № 14

Бекет полицейіне азамат Волгин бес минут бұрын «Достық» дүкенінен оның «Жигули-ВАЗ-2106» көлігін айдап әкеткені туралы хабарламамен жүгінді. Полиция қызметкері дереу рациямен ҚПБ кезекші бөліміне машинаның белгілерін сипаттап хабарлады.

Тапсырма:

1. ҚПБ жедел кезекшісі осы хабарламаны алған кезде қандай шаралар қабылдауы керек?
2. Автоматокөлік құралын айдап әкеткен жағдайда қандай арнайы жедел жоспар енгізіледі?
3. Көлік құралын айдап әкету кезінде ПО кезекшісі кімге бағдар береді?

Тапсырма № 15

Қостанай облысында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен белгісіз індет пен эпизоотияның таралу себептері бойынша 30 тәулік мерзімге төтенше жағдай режимі енгізілді.

Коменданттық сағат кезінде түнгі сағат бір шамасында ПО кезекші бөліміне жеке басын анықтау үшін азамат Петров жеткізілді. Тергеу барысында екі ай бұрын азамат Петров аса ауыр қылмыс жасағаны үшін жазасын өтеп шыққаны анықталды. Соңғы алты айда ол ҚР ӘҚБК 400-бабының 1-бөлігі және 440-бабының 3-бөлігі бойынша екі рет жауапқа тартылды.

Тапсырма:

1. Жағдайды бағалаңыз және анықтаңыз.
2. ПО қызметкерлерінің іс-қимыл алгоритмін баяндаңыз және қандай құжаттар жасау керек?
3. Іс бойынша кім шешім қабылдайды?
4. Азамат П-ны ұстау хаттамасын жасаңыз.

11. 2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. Қазақстан Республикасының ПО азаматтардың жүгінулері мен арыздарын қабылдау қашан жүргізіледі?

- А) Тәулік бойы жүргізіледі
- В) Келушілерді қабылдау графигіне сәйкес
- С) 14 сағатқа дейін
- Д) 24 сағатқа дейін
- Е) 12 сағатқа дейін

2. Ақпараттар мен арыздарды есепке алу кітабында тіркелген ақпарат қандай мерзімнен кем болмай тексеріледі:

- A) 24 сағат
- B) 72 сағат
- C) 12 сағат
- D) 48 сағат
- E) 8 сағат

3. Арнайы құралдарды қолдану мақсаты болып .

- A) Қоғамға қауіпті әрекеттерді тоқтату
- B) Дене жарақатын түсіру үшін
- C) Құқық бұзушыны қорқыту
- D) Құқық бұзушыны ұстау
- E) Құқық бұзушыны жасалау

4. Әкімшілік ұстау уақыты ...

- A) 3 сағат
- B) 24 сағат
- C) 72 сағат
- D) 48 сағат
- E) 12 сағат

5. Кәмелетке толмағандарды ұстаудың ұзақ мерзімі қандай?

- A) 24 сағатқа дейін, егер мас күйде болса, онда – медицина қызметкерімен бекітілген сауыққан уақытынан бастап;
- B) 1 сағат;
- C) 3 сағатқа дейін;
- D) 3 сағатқа дейін, ал егер баптың санкциясы әкімшілік ұстауды қарастырса, онда 4 сағатқа дейін;
- E) 72 сағатқа дейін.

6. КТІЖ УПИ қандай мерзім ішінде КТІБ кәмелетке толмағанды КТБО жіберу фактісі туралы ақпараттандыруы қажет?

- A) КТІЖ УПИ өз еркімен кәмелетке толмағанды КТБО жеткізуге құқығы жоқ;
- B) бір тәулік ішінде;
- C) бір сағаттан кеш емес;
- D) үш сағаттан кеш емес;
- E) 12 сағаттан кеш емес.

7. Қорғаныс ұйғарымы шығарылған кәмелетке толмағанды тексеру мерзімділігі қандай?

- A) күн сайын;

- В) 7 күнде екі реттен аз емес;
- С) оқу орнында күнделікті және тұрғылықты жері бойынша екі күнде бір рет;
- Д) 3 күнде бір реттен аз емес;
- Е) он күн сайын.

8. Мінез-құлқына ерекше талаптар қойылған кәмелетке толмағанды тексеру мерзімділігі қандай?

- А) күн сайын;
- В) 2 күнде екі реттен аз емес;
- С) оқу орнында күнделікті және тұрғылықты жері бойынша екі күнде бір рет;
- Д) 3 күнде бір реттен аз емес;
- Е) он күн сайын.

9. Сотпен жаза өткеруден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы шешім қабылданған кәмелетке толмағанды тексеру мерзімділігі қандай?

- А) айына үш реттен аз емес;
- В) апта сайын;
- С) 3 күнде бір реттен аз емес;
- Д) айына бір рет;
- Е) оқу орнында күнделікті және тұрғылықты жері бойынша аптасына бір рет.

10. Арнайы білім беру ұйымдарына жолданатын кәмелетке толмағандар қайда ұсталады?

- А) КТБО-да;
- В) әкімшілік ұсталғандар бөлмесінде;
- С) уақытша ұстау изоляторында;
- Д) әкімшілік қамауға алынғандарды ұстауға арналған арнайы қабылдағышта;
- Е) ПО қабылдағышында.

11.3 БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қоғамдық тәртіпті күзетке және құқық бұзушылықтың алдын алуға қатысушы қоғамдық құрылымдар
2. Ішімдікке, есірткіге құмарларды және таксикомандарды зорлап емдеудің құқықтық негіздері
3. Азаматтардың құқықтық тәртіпті қолдаудағы құқықтық формалары
4. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті күзетке қатысушы қоғамдық құрылымдардың бағыттары мен ролі
5. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті күзетке қатысушы қоғамдық құрылымдар
6. ПО патрульдік нарядымен қызмет өткеруді ұйымдастыру

7. ПО жеке профилактика
8. Объектінің техникалық нығайтулылығына ғимаратты тексеру тәртібі
9. Профилактикалық әсер етуге жататындар санаттары мен олардың қысқа сипаттамасы
10. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздері және оны қолдау шарттары
11. Құқық қорғау органдарындағы арзыдар, шағымдар мен жүгінулерді қабылдау мен шешу тәртібі
12. ПО келіп түсуші қабылдау және шешу механизмінің құқықтық негіздері
13. Жеке және заңды тұлғалардың арыздарын қарастыру, шешу
14. Азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау тәртібі
15. Азаматтардың арыздары мен шағымдарын қабылдау процесіндегі қызметтік іс жүргізу

12. 1 «ҚР тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу».

Тапсырма №1

«Сәтпаев» атындағы 6 сынып жетекшісіне мұғалімдер 6 сынып оқушысы Б.К.Исаевтың психологиялық дамуында ауытқулар бар екендігін, үлгерімі төмендегенін, оқу материалын ұғыну үшін назарының төмен екендігін бірнеше мәрте айтқан болатын.

Исаевпен профилактикалық әңгіме барысында сынып жетекшісі Исаевтың отбасында соңғы жарты жылда отағасының (Серік) тұрақты жұмысының жоқ екендігін, спирт ішімдіктерін ішетіндігін анықтады. Осыған байланысты ол үйінде жанжал шығарып, отбасы мүшелерін балағаттап, күш қолданатынын айтып қорқытады.

Анасы Асем Исаевамен әңгіме өткізу кезінде оқушының ақпараты расталды. Сонымен қатар Б.К. Исаевтың қарындасы (5 жаста) бар екендігі анықталды. Жанжыл кезінде күш жұмсаймын деп қорқыту кезінде Асем балаларымен жиі туыстарының үйіне баратындығын айтты. Сонымен қатар Асем жолдасын жарты жыл бұрын жұмыстан қысқартқандығын, сол себептен ол ішімдік қолдана бастағандығын, онысымен отбасын қиын материалдық жағдайға қалдырғандығын да айтты.

Сынып жетекшісі жоғарыда аталған фактілер туралы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторына баяндады.

- 1) *Жағдайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз, саралаңыз.*
- 2) *Оқушы Б.К. Исаев пен оның отбасы мүшелеріне қандай көмек қажет?*
- 3) *Мектеп инспекторының әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 4) *Осы жағдайдағы тұрмыстық зорлық субъектілерінің ведомствоаралық қарым-қатынас тәртібі қандай?*
- 5) *ПО қызметкерлері әкімшілік мәжбүрлеудің және жеке алдын алудың қандай шараларын қолдануы тиіс?*
- 6) *Осы жағдайда әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №2

№115 Орта мектептің 8 сынып жетекшісіне мұғалімдер 8 сынып оқушысы Б.К. Исаевтың психологиялық дамуында ауытқулар бар екендігін, үлгерімі төмендегенін, оқу материалын ұғыну үшін назарының төмен екендігін бірнеше мәрте айтқан болатын. Сонымен қатар кейде оның денесінің түрлі бөліктері көгеріп, сырылып, жараланып келеді, оқушы оны жасырып, олар туралы түрлі сылтаулар ойлап табады (құлап қалды, сырғып кетті, үстіне бірдеңе құлады және т.б.).

Жеке ісінің мазмұны бойынша мінездемесінен Исаевтың сынып жетекшісі Исаевтың отбасының толық емес екендігін, нақты айтқанда анасы Асем екі ұлын өзі тәрбиелеп отырғандығын анықтады. Үлкен ұлы Серік (17 жаста), оқымайды және тұрақты жұмысы жоқ. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторы Серіктің теріс жағынан сипатталатынын, анасының бақылауынан әлдеқайда шыққанын және асоциалды мінез-құлықты кәмелетке толмағандар тобына кіретіндігін хабарлады.

Сынып жетекшісі Б.К. Исаевтың тұрғылықты жеріне барып анасымен және көршілерімен әңгімелесу барысында Б.К. Исаевқа қол жұмсайтын оның ағасы Серік екендігін анықтады. Серік мас болған кезде анасына да қол көтереді.

Сынып жетекшісі жоғарыда аталған фактілер туралы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторына баяндады.

- 1) Жағдайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз, саралаңыз.*
- 2) Оқушы Б.К. Исаев пен оның анасына қандай көмек қажет?*
- 3) ПО қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.*
- 4) Осы жағдайдағы тұрмыстық зорлық субъектілерінің ведомствоаралық қарым-қатынас тәртібі қандай?*
- 5) ПО қызметкерлеріне кәмелетке толмаған тұрмыстық зорлықшыға алдын алу сипатындағы шараларды қолдануға рұқсат етіледі?*
- 6) ПО қызметкерлері әкімшілік мәжбүрлеудің және жеке алдын алудың қандай шараларын қолдануы тиіс?*
- 7) Осы жағдайда заңды жауапкершілікке тарту туралы шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №3

Сынып жетекшісіне 8 сынып оқушысы өгей кәмелетке толмаған қызы Майраға өгей әкесі сексуалды сипаттағы әрекеттер жасайтыныдығы туралы факті белгілі болды. Майра өгей әкесінің бұндай қылықтары қызының қарсылығына қарамастан соғып қалу, шымшу, сипау, құшақтау, сүю және басқа да жақындасулар түрінде екендігін айтты. Өгей әкесі оның көзінше ұятты нәрселер айтып, сексуалды мазмұндағы әрекеттерге тартатынын айтты.

Сынып жетекшісі бұл туралы Майраның анасына хабарлады, анасы алдымен сенбеді, бірақ көзі жеткен соң мұғалімге бұл туралы ешкімге айтпауын өтініп, бірге тұратын адаммен (күйеуімен) ажырасатынын айтып уәде берді. Бірақ сынып жетекшісі бұл туралы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторына айтты.

- 1) Жағдайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз, саралаңыз.*

- 2) Оқушы Майраға қандай көмек қажет?
- 3) ПО қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.
- 4) Осы жағдайдағы тұрмыстық зорлық субъектілерінің ведомствоаралық қарым-қатынас тәртібі қандай?
- 5) ПО қызметкерлері әкімшілік мәжбүрлеудің және жеке алдын алудың қандай шараларын қолдануы тиіс?
- 6) Майраның әкесі заңды жауапкершілікке тратыла ма? Бұл жерде екі жақтың келісуі бойынша іс бойынша өндірісті тоқтату мүмкін бе? ?

Тапсырма №4

7 сынып оқушысы Иванов сабақты өткізіп алады, кейде тіпті келмейді, бала ауа райына қарай киінбейді, киімі ескі. Мұғалім Ивановтің дүкеннің қасында өткендерден қайыр сұрап жүргенін көреді. Тұрғылықты жеріне барып отбасымен профилактикалық әңгімелесу барысында Ивановтің әкесі көлікке қаржы жинап жатқанын және әйелі (балалардың анасы) мен балаларын әрдайым қарды жағынан қысатынын, шығысын әрдайым есептеп отыратынын және жұмсалған ақшаның есебін сұрап отыратынын анықтады.

Оқушы сабаққа бармау себебін оны балалардың киімі үшін мазақ қылуынан екендігін айтты.

Сынып жетекшісі жоғарыда аталған фактілер туралы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мектеп инспекторына баяндады.

- 1) Жағдайды, тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) Оқушы Ивановқа қандай көмек қажет?
- 3) ПО қызметкерлерінің әрекет ету тәртібін мазмұндаңыз.
- 3) Ивановтің әкесі заңды жауапкершілікке тартылуға жата ма?
- 4) Осы жағдайдағы тұрмыстық зорлық субъектілерінің ведомствоаралық қарым-қатынас тәртібі қандай?
- 5) ПО қызметкерлері әкімшілік мәжбүрлеудің және жеке алдын алудың қандай шараларын қолдануы тиіс?
- 6) Ивановтің әкесі заңды жауапкершілікке тартыла ма?

Тапсырма №5

Азамат Назарбаев Б.А., іс-сапардан келіп, Пушкин көш. 135 үй мекен-жайындағы өз үйінің есігін қақты. Есікті әйелі ұзақ уақыт ашпады. Азамат Назарбаев терезеден бір ер адамның секіріп шығып қаша жөнелгенін көрді. Азамат Назарбаев, әйелін көзіне шөп салады деп күдіктеніп соңынан қуа жөнелді. Азамат Назарбаев әйелі күйеуінен қорқып көшеге жүгіріп шықты, азамат Назарбаевты балағаттап, күш қолданатынын айтып қорқытты. Әйелі учаскелік полиция инспекторына келіп шағымданып, жұбайына шара

қолдануын сұрады. Осы оқиғаның куәгерлері азамат Назарбаевтың көршілері болды.

Участкелік полиция инспекторы ҚР ӘҚБК 73-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғап, қорғау нұсқамасын шығарды.

1) Участкелік полиция инспекторының әрекетін бағалаңыз.

2) Азамат Назарбаевқа қатысты қандай әкімшілік мәжбүрлеу және жеке алдын алу шаралары қолданылады?

3) Азамат Назарбаевті жазалай туралы шешімді кім қабылдайды?

Тапсырма №6

Азамат Абишев Пригородный поселкісінің көшесінде 15 жыл көрмеген сыныптасы азаматша Оспанованы көріп, үйіне шығарып салды. Сыныптасы оны үйіне шай ішуге шақырды. 20 минуттан соң азаматша Оспанова күйеуі келді, ол қызғаныштан жанжал шығарып, азамат Абишевқа күш көрсететінін айтып қорқытты.

Азамат Абишев үйден шығып бара жатып, азаматша Оспанованың күйеуі өзіне бағытталып келе жатқанын көрді. Азамат Абишев аулаға жүгіріп шығып моншаға тығылды. Азамат Абишев ұялы телефонынан ЖБО хабарласты, бірақ толық мекен-жайды білмегендіктен айта алмады. ЖБО кезекшісі участкелік полиция инспекторына хабарлап, мекен-жайды анықтамақ болды. Азаматша Оспанованың күйеуі балтамен есікті сындырмақ болды, және әрі қарай қорқытуын қоймады.

1) Жағдайды саралаңыз.

2) ЖБО кезекшісінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз. Азамат Абишева Қандай кеңес беруі қажет?

3) Оқиға орнына келген ПО қызметкерлері қандай жанжалдың жолын кесу шараларын қолдануы тиіс?

Тапсырма №7

52 жастағы азаматша Атамбекова өзінің 56 жастағы күйеуінің көзіне шөп салғандығы туралы білді. Күйеуінің, өзінен бірнеше мәрте кешірім сұрап енді ондай ешқашан қайталанбайтындығына сөз бергеніне қарамастан, ертесіне барлығын жақын туыстары мен балаларына және немерелеріне айтатынын айтты.

Таңертең азаматша Атамбекованың күйеуі гаражға барып, өзін аңшы қаруынан атып тастап өзіне қол жұмсады.

1) Жағдайды саралаңыз.

2) Азаматша Атамбекованың. әрекетінде «Өз өзіне қол жұмсауға итермелеу» қылмыс құрамы бар ма?

3) *Осындай жағдайлардың алдын алу мен профилактикасы бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы субъектісінің рөлі қандай?*

Тапсырма №8

Азаматша Сексенова, азамат Қошқаровпен 2 жыл азаматтық некеде тұрды. Азамат Қошқаров өзінің азаматтық әйеліне әрі қарай онымен тұрғысы келмейтіндігін және әлі ресми түрде ажыраспаған бірінші әйеліне кететіндігін айтты.

Азаматша Сексенова оған ол бірінші әйеліне кететін болса өзін өзі өлтіретінін айтып қорқытты. Азамат Қошқаров заттарын жинай бастады, ал әйелі терезенің жақтауына тұрып, төртінші қабаттан секіретінін айтып қорқытты. Азамат Қошқаров құлақ аспады, ал әйелі төртінші қабаттан секіріп, денсаулығына ауыр жарақат келтіріп, көз жұмды.

1) *Жағдайды саралаңыз.*

2) *Азамат Қошқаровтың әрекетінде «Өз өзіне қол жұмсауға итермелеу» қылмыс құрамы бар ма?*

3) *Осындай жағдайлардың алдын алу мен профилактикасы бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы субъектісінің рөлі қандай?*

Тапсырма №9

Әйел отбасылы еркекпен романтикалық қарым-қатынаста болып, аяғы ауыр болып қалды. Түсік жасаудан бас тартып, көңілдесіне баланы өзі үшін туатынын және оған одан ештеңе талап етпейтінін айтты. Бала туғаннан соң жарты жалдан кейін әйел баласының биологиялық әкесінен көмек сұрады. Ол болса, оған көмектесе алмайтынын, өйткені отбасылық қаражатын әйелі жұмсайтынын айтты. Әйел болса оған егер ол ақша бермейтін болса, әйеліне олардың байланыстары туралы айттатынын айтып қорқытты.

Еркек учаскелік полиция инспекторынан және Дағдарыс орталығынан көмек сұрады.

1) *Жағдайды саралаңыз және зорлық-зомбылық түрін анықтаңыз.*

2) *Зорлық-зомбылықтың алдын алу субъектілерінің әрекет ету алгоритмін анықтаңыз.*

Тапсырма №10

Прокуратураға азаматша Л.Д. Омарова соңғы екі жылда үйіне мас күйінде келіп, жанжал шығаратын өзінің күйеуі Ж.Н. Омаровқа шағым айтып

жүгінді. Оны балағаттайды, егер оған шағымданатын болса күш қолданатынын айтып қорқытады.

Ж.Н.Омаров ПО қылмыстық іздестіру қызметкері. Омаровтың әйелінің бастығына айтқан шағымдарына ол отбасында түрлі жағдай болатынын айтып ешқандай шара қолданбайды, ао спирттік ішімдік қолдануына байланысты Ж.Н. Омаровпен әңгіме өткізетіндігін айтады.

1) Жағдайды бағалаңыз.

2) Полиция қызметкерлері тұрмыста құқық бұзушылық жасағандары үшін жауапкершілікке тартыла ма?

3) Прокурордың әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.

Тапсырма №11

2021 жылдың 20 қаңтарында Алтынсарин көшесіндегі №34 үйдің көршілерінің арызы бойынша учаскелік полиция инспекторы үйінде таңғы 5-ке дейін әуен қатты ойнаған азамат Р.Л. Шумовқа қатысты материал құрастырды. Р.Л. Шумов туған күні болғандығын айтты.

Анықтау барысында учаскелік полиция инспекторына өткен жылы туған күнін тойлап, дәл осындай құқық бұзушылық жасағандығы және ПО бастығының қаулысымен 5000 теңге көлеміндегі айыппұл өтегендігі мәлім болды.

1) Жағдайды бағалаңыз.

2) Осы жағдайда учаскелік полиция инспекторы қандай әрекет етуі тиіс?

3) Отбасылық жанжалшы ретінде Р.Л. Шумов профилактикалық есепке қойыла ма?

Тапсырма №12

Учаскелік полиция инспекторына азаматша Жумашева өзінің күйеуі П.Козловтың соңғы жарты жылда спирттік ішімдік ішіп, балағаттап, күш қолданатындығын айтып қорқытатындығын айтып арызданды.

Анықтау барысында учаскелік полиция инспекторы П. Козловтың әуесқой аңшы екендігін және сақтауда қаруы бар екендігін анықтады.

1) Азамат Ж. әрекетін бағалаңыз және саралаңыз.

2) П. Козлов заңды жауапкершілікке жата ма?

3) Аңшылық қаруды алып қоюға учаскелік полиция инспекторына негіз бар ма?

4) Отбасылық жанжалшы ретінде П. Козлов профилактикалық есепке қойыла ма?

Тапсырма №13

Л.Д.Исмаилов өзінің сүйікті «Қайрат» футбол командасы ҚР кубогын «Тобыл» футбол командасынан жеңіліп қалғаны үшін теледидарын терезеден лақтырып жіберіп, өтіп бара жатқан К.Р.Смадыровқа жеңіл дене жарақатын келтірді.

Жарты жыл бұрын Л.Д.Исмаилов өзінің қайын енесін балағаттағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Учаскелік полиция инспекторы Л.Д. Исмаиловты отбасылық жанжалшы ретінде профилактикалық есепке қойып, К.Р. Смадыровқа келтірілген дене жарақаты үшін моральдық зиянды төлеуін міндеттеді.

- 1) *Жағдайды және учаскелік полиция инспекторының әрекетін бағалаңыз.*
- 2) *Жіберілген құқық бұзушылығы үшін Л.Д. Исмаиловты жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 3) *К.Р. Смадыровқа келтірілген дене жарақаттары фактісі бойынша қандай материал жиналуы тиіс?*

Тапсырма №14

АПБ кезекшісі учаскелік полиция инспекторына оған жедел түрде Әл-Фараби көшесі, 23 үй, 45 пәтерге азамат П.Д. Журманов жанжал шығарған үйге баруы қажеттігін айтты. Учаскелік полиция инспекторы П.Д. Журмановтың дәрігер-психиатрдың есебінде және ПО профилактикалық есебінде отбасылық жанжалшы ретінде тұрғанын анықтады.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз.*
- 2) *Журманов П.Д. әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жата ма?*
- 3) *Осы жағдайда қандай мәжбүрлеу шараларын қолдануға болады?*
- 4) *Учаскелік полиция инспекторы қандай материал жинауы тиіс?*

Тапсырма №15

Учаскелік полиция инспекторына жеке сұрақтары бойынша қабылдау уақытында азамат Н.Г. Попова өзінің күйеуі Д.Ю. Поповтың жиі үйінде қонбайтындығын және үйге спирт ішімдігінің иісімен келетіндігін айтып арызданды. Ол күйеуін көзіне шөп салады деп күдіктенеді. Отбасы ажырасу шегінде тұр. Попова Н.Г. учаскелік полиция инспекторын күйеуіне сәйкес шара қолдануы туралы өтінді.

- 1) *Д.Ю Поповтың әрекетін саралаңыз.*
- 2) *Попов Д.Ю. әкімшілік жауапкершілікке тартылуға жата ма?*
- 3) *Учаскелік полиция инспекторының әрекеті қандай?*

12. 2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 744 бабы келесіні қарастырады:

- A) Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға
- B) Қорғаушыны беру тәртібі
- C) Жәбірленушінің құқығы
- D) Куәгердің
- E) Прокурордың

2. Әкімшілік ұстау уақыты.

- A) 3 сағат
- B) 24 сағат
- C) 72 сағат
- D) 12 сағат
- E) 48 сағат

3. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған кәмелетке толмағанға қорғау ұйығарымын ПО қандай мерзімге шығарады?

- A) 30 күнге дейін;
- B) 3 айдан бір жылға дейін;
- C) 3 күннен 10 күнге дейін;
- D) 30 күнге дейін ұзартылған 15 күнге дейін;
- E) кәмелетке толмағандарға қорғау ұйғарымы шығарылмайды.

4. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған кәмелетке толмағанға мінез-құлқына ерекше талаптар қандай мерзімге белгіленуі мүмкін?

- A) 3 айдан бір жылға дейін;
- B) бір айдан бір жылға дейін;
- C) 6 айға дейін;
- D) 15 күнге дейін ұзартылған 30 күнге дейін;
- E) кәмелетке толмағандарға қатысты мұндай талаптар қабылданбайды.

5. ҚР азаматтары неше жастан бастап темекі өнімдерін өз бетінше сатып ала алады?

- A) 19 жастан бастап;
- B) 16 жастан бастап;
- C) 18 жастан бастап;
- D) 20 жастан бастап;
- E) 21 жастан асқан.

6. ҚР азаматтары әкімшілік жауапкершілікке неше жастан бастап тартылады?

- A) 14 жастан бастап егер оларда тәуелсіз өмір көзі болса ғана;

- В) 18 жастан бастап;
- С) Д) 16 жастан бастап жалпы негізде;
- Е) 16 жылдан бастап ауыр қылмыстар үшін, ал қалған жағдайларда 18 жастан асқан.

7. ҚР азаматтары неше жастан бастап спирттік ішімдіктерді өз бетінше сатып ала алады?

- А) 21 жастан бастап;
- В) 18 жастан бастап;
- С) 19 жастан бастап;
- Д) 20 жастан бастап;
- Е) 17 жастан бастап ғана.

8. Азаматтар қоғамдық орындарға мас күйде бара алады ма?

- А) жоқ
- В) егер олар адамдық қадір-қасиетін және қоғамдық өнегесін жоққа шығармаса;
- С) Иә, олар мас адамға еріп жүрсе;
- Д) спорттық және мәдени іс-шаралар өткізілетін жерлерді қоспағанда;
- Е) ия, алкогольді ішімдіктерді сатуға болатын жерлерді қоспағанда.

9. Ата-аналарды балаларының әрекеттері үшін әкімшілік жауапкершілікке тартуға бола ма?

- А) ия, 16 жасқа толмаған балалардың, сондай-ақ 18 жасқа дейінгі балалар үшін, егер оларда тәуелсіз өмір сүруге мүмкіндіктері болмаса, жауапты болады;
- В) иә, тек 16 жасқа толмаған балалар;
- С) иә, егер балалар 17 жасқа толмаған болса;
- Д) жоқ;
- Е) егер балалар 14 жасқа толмаса ғана;

10. Кәмелетке толмағандардың есірткі заттарын қолданғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту қарастырылған ба?

- А) ия;
- В) жоқ;
- С) иә, бірақ тек қоғамдық орындарда есірткіні пайдалану үшін;
- Д) созылмалы нашақорлар ғана жауапты;
- Е) есірткіні қайта қолдануға жауапты.

12. 3 Бақылау сұрақтары

1. ЖПҚ қызметінің құрылымы мен негізгі бағыттары
2. Учаскелік полиция пунктіне жеткізілген отбасылық құқық бұзушылармен анықтау жүргізу

3. Отбасылық әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасының құқықтық негіздері
4. УПИ отбасылық профилактикалық есебінде тұрғандар санаттары
5. ӘЗЗҚ қызметін ұйымдастыру
6. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы
7. ЖПҚ қызметкерлерімен тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша есепте тұрғандардан қару бойынша бақылау жасау.
8. ҚР-да шетел азаматтарының тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша құқық бұзғандағы қолданылатын іс шаралар.
9. ҚР тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау
10. Тұрмыстық зорлық-зомбылық бойынша ПО қызметкерлерімен қолданылатын мәжбүрлеу шаралары.
11. ҚР тұрмыстық деликтіліктің алдын алудың құқықтық негіздері
12. ҚР тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу субъектілері
13. Тұрмыстық зорлықшыларға қолданылатын жеке профилактика шаралары
14. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы субъектілерінің ведомствоаралық өзара әрекеті
15. ҚР тұрмыстық зорлық құрбандарын әлеуметтік сүйемелдеу

13. 1 «Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын құқықбұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу» тақырыбы.

Тапсырма №1

Полиция патрульдік нарядына «Салтанат» азық-түлік дүкенінің сатушысы азамат С.К. Сакеновқа оған 12.00 сағатқа дейін арақ сатпағаны үшін алушылардың алдында балағаттағандығы туралы арызбен жүгінді.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) Осы жағдайдағы полиция қызметкерінің әрекет ету алгоритмін және қандай құжаттар толтыру қажет екендігін мазмұндаңыз?*
- 3) С.К. Сакеновке әкімшілік жаза тағайындау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4) Сакеновты жеткізу хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №2

Киров ауданының Ордабасы ауылында «Ауди – 100» автокөлігінің жүргізушісі өзінің авкөлігін «Золотой колос» мәдениет үйінің қасындағы тұраққа «Токтауға тыйым салынады» деген жол белгісіне қарамастан қойды. Полиция патрулі құқық бұзушыға қарсы әкімшілік хаттама толтырды, жүргізуші куәлігін алып қойды, орнына үш айға уақытша жүргізуші куәлігін беріп оған әкімшілік жазалау тағайындау туралы үкім шығару үшін жол полициясына келу қажеттігін айтты.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) Полиция патрулі дұрыс әрекет етті ма?*
- 3) Осы жағдайда әкімшілік жаза тағайындау туралы шешім қабылдауға кім құқылы?*
- 4) «Ауди - 100» жүргізушісінің сұрау хаттамасын құрастырыңыз..*

Тапсырма № 3

Азамат Иванов патрульдік полиция қызметкерлеріне, оның үйінің алдында бала көрпесіне оралған нәрестені қалдырып кеткендігі туралы хабарлады.

- 1) Патрульдік полиция қызметкері қалай әрекет етуі қажет?*
- 2) Сұрақтың шешілуіне дейін нәресте қайда болуы тиіс?*

Тапсырма №4

ЖБО-на қаланың орталығындағы ломбарлқа қарулы шабуыл жасалғандығы туралы хабарлама түсті. Күштер мен құралдарды басқару тобының инспекторы оқиға орнына осы ауданда кезекшілік атқарушы тек қана бір көлік патрулін жіберді.

- 1) Егер оқиға орнына қаланың басқа аудандарынан көлік патрулін жіберсе, ЖБО қызметкерінің әрекеті заңды болар ма еді?*

2) *Егер заңды болса, онда басшылықтың рұқсаты қажет пе?*

Тапсырма №5

ЖБО-на ЖПП взвод командирі қоңырау шалып, жаяу патруль маршрутындағы (2 қызметкер) бір полицей өзін нашар сезініп, ауруханаға жеткізіліп жатқызылғандығын айтты.

1) *Қызметте қалған полицей қайда жіберілуі тиіс?*

2) *ЖБО қызметкерінің қалған полицейді маршруттан алып тастауға құқығы бар ма?*

Тапсырма №6

Жаяу патруль патрульдеу барысында №15 дүкеннің маңынан жасы шамамен 40-тағы ұсқынсыз киінген ер адамның азаматтардан өзін тонап кеткендігін және Талапкер ауылына үйіне кату үшін ақша сұрап жүргендігін көреді.

Ер адамның құжаттары болмағандықтан оны анықтау үшін стационарлық бекетке жеткізілді. Оны тону туралы ақпарат расталмады, бірақ ол расымен Талапкер ауылында тіркелген және Талапкер ауылына жету үшін қажетті ақшасы бар болып шықты.

1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*

2) *ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.*

3) *Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?*

4) *Құқық бұзушыны сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №7

Азамат М.Ж. Попов және азамат В.З. Сидоров еңбекақы алуларына байланысты Орталық саябақтағы орындықта бір бөтелке арақты ішпекші болды. 50 граммнан ішкеннен кейін оларды ЖПҚ жаяу патрулі ұстап полиция учаскелік пунктіне жеткізді. Учаскелік полиция инспекторы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырып, арақтың қалдығын жерге төгіп, 1 АЕК көлемінде айыппұл түріндегі әкімшілік жазалау тағайындау туралы қаулы шығарды.

1) *Жағдайды саралаңыз және ПО қызметкерінің әрекетін бағалаңыз.*

2) *Осы факт бойынша жинайтын құжаттарды атаңыз.*

3) *М.Ж.Попов пен В.З.Сидоровке әкімшілік жазалау тағайындауға кім құқылы?*

4) *Арақты алып қою хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №8

Патрульдік қызмет қызметкерлері мас күйінде трамвай салонында темекі шеккен М.Б. Капаровты ұстады.

- 1) *Жағдайды саралаңыз.*
- 2) *ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз және осы факті бойынша қандай құжаттар жинау қажеттігін атаңыз.*
- 3) *М.Б. Капаровты жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4) *М.Б. Капаровты ұстау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №9

Жол-патрульдік полициясы қызметкерлері ҚІБ кезекші бөліміне профилактикалық есептегі Л.Д. Рахметовты Орталық базардың қасындағы дәмханада сыра ішкені үшін жеткізді. ҚІБ кезекшісі қадағаланушының әрекетін учаскелік инспектор әкімшілік қадағалау тәртібін бұзу деп саралап, қажетті материал жинап, Л.Д. Рахметовты істің сотта шешілуіне дейін ұстады.

- 1) *Жағдайды саралаңыз.*
- 2) *Учаскелік полиция инспекторы дұрыс жасады ма?*
- 3) *Осы факті бойынша жиналуы қажет құжаттарды атаңыз.*
- 4) *Жазалау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 5) *Рахметовты сұрау хаттамасын толтырыңыз.*

Тапсырма №10

Бекет қызметінің жаяу патрулі учаскелік полиция пунктіне орталық алаңда ұйқтап жатқан мас күйіндегі азаматты жеткізді. Өзімен бірге құжаттары болмады, мекенжай бюросында тіркелмеген. Азамат өзін П.Л. Ильин деп таныстырды, құжаттарын жоғалтып алған, тұрғылықты жері жоқ.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3) *Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет?*
- 4) *Осы жағдайда әкімшілік жаза тағайындау туралы шешім қабылдауға кім құқылы?*
- 5) *П.Л. Ильинды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №11

Жаяу патруль темір жол вокзалының маңында қоғамдық тәртіпті күзету бойынша полиция қоғамдық көмекшілерімен бірлесе қызмет атқарып жүрді. Сағат 17.00 шамасында қолында «Пәтер жалға беремін» деген жазумен азаматтарға тәуліктік және сағат бойынша пәтер жалдауларын ұсынып жүрген әйелді байқады.

Құжаттарды тексеру кезінде әйелдің жеке басын анықтап, оның уақытша жұмыссыз екендігін анықтады.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және әйелдің әрекетін саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды.*
- 4) Құқық бұзушының тергеу хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №12

Жаяу патруль темір жол вокзалының маңында қоғамық тәртіпті күзету бойынша полиция қоғамдық көмекшілерімен бірлесе қызмет атқарып жүрді. Сағат 17.00 шамасында вокзал алаңында жолаушылар тасымалы бойынша азаматтарға қызметін ұсынып жүрген ер адамды байқады. Құжаттарын тексеру кезінде ер адамның жеке басы мен оның өзінің жеке көлігімен жеке тасымал қызметін атқаратыны анықталды.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және ер адамның әрекетін саралаңыз.*
- 2) ПО қызметкерлерінің тәжірибелік әрекетін мазмұндаңыз.*
- 3) Осы факті бойынша шешімді кім қабылдайды.*
- 4) Құқық бұзушының тергеу хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №13

УПП-не «Рахат» кішкене базарында мас күйінде азаматтарды балағаттап мазалаған азамат С.А. Попов жол-патрулдік қызметінің автопатрулімен жеткізілді.

Әкелінгенің жеке басын анықтау кезінде кезекші С.А. Поповтың Ресей азаматы екендігін және Қазақстанға Челябині циркімен 15 күнге гастрольге келгендігін анықтады (құқық бұзушының сөзінен) және өзімен құжаттары бомады, мекенжай бюросында есепте жоқ.

- 1) Оқиганы саралаңыз және АІБ кезекшісінің әрекетін мазмұндаңыз.*
- 2) Осы факті бойынша қандай материалдар жинау қажет және кім шешім қабылдайды?*
- 3) С.А. Поповты ұстау туралы шешімді кім қабылдайды?*
- 4) С.А. Поповты ұстау хаттамасын құрастырыңыз.*

Тапсырма №14

Жаяу патруль сағат 19.00 шамасында азамат Омаров өзінің үлкен итін көппәтерлі үйдің ауласында қарғыбаусыз, жан-жағындағы азаматтардың алаңдаушылығын туғызып, ертіп жүргенін көрді.

Полицейлердің ескертулеріне Омаров иттің үйретілген екендігін және сондықтан қарғыбауын үйінде қалдырып кеткендігін түсіндірді.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.
- 3) Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?
- 4) Омаровты сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

Тапсырма №15

ЖБО кезекшісі жаяу патрульді олардың патрульдеу жолында, нақты Абай мен Әл-Фараби көелерінің қиылысында жасөспірімдер тобы көлкі құралдарының жүргізушілеріне жеміс-жидек (банан, алма, апельсин және т.б.) сатып жол қауіпсіздігіне кедергі келтіріп жүруіне байланысты бағыттады.

ЖБО кезекшісімен көрсетілген жерге келісімен ақпарат расталды. ЖПҚ стационарлық бекетіне №2 ОМ оқушылары болып табылатын 15 және 16 жастағы 9 сынып оқушылары жеткізілді.

- 1) Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.
- 2) ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.
- 3) Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?
- 4) Құқық бұзушыларды сұрау хаттамасын құрастырыңыз.

13. 2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. Ерекше ұстау режимімен арнайы білім беру ұйымдарына жіберу үшін ұсынысты кім дайындайды?

- А) ішкі істер органдары;
- В) Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия;
- С) білім беру ұйымдары мен арнайы білім беру ұйымдары;
- Д) денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдары;
- Е) барлық жауаптар дұрыс.

2. УПП қандай стендтермен жабдықтау міндетті емес?

- А) «Профилактикалық есепте тұру тәртібі»;
- В) «Назар аударыңыз, іздеу»;
- С) «Әкімшілік учаскі кестесі»;
- Д) «учаскелік полиция пункті қызметкерлері»;
- Е) «Қызметтік этика тәртібі»..

3. Халық алдындағы УПИ есеп беру ұзақтығы қандай?

- А) 15 минуттан көп емес;
- В) 30 минуттан көп емес;
- С) бір сағаттан көп емес;
- Д) 30 минуттан аз емес, бірақ бір сағаттан көп емес;
- Е) ауылдық жерде 15 минуттан және қалада 30 минуттан аз емес.

4. Патрульдік-бекеттік қызмет өтекру кезіндегі маневр деген не?

- А) белгіленген дислокацияны өзгерту;
- В) патрульдеу түрі;
- С) «Тосқауыл» жоспары бойынша патрульдеу механизмі;
- Д) нарядты патрульдеу наряды бойынша ауыстыру;
- Е) маршруттағы патрульдеу түрін өзгерту.

5. Патрульдік-бекеттік қызметті тексеру мерзімділігі қандай?

- А) ПО бастығының қалауы бойынша;
- В) апта сайын;
- С) он күн сайын;
- Д) он күнде бір рет;
- Е) күнделікті.

6. ПП қызмет өткеруін тексеру түрлері қандай?

- А) жасырын және дауысты;
- В) тек қана дауысты;
- С) тек қана жасырын;
- Д) барлық тексерулерге тыйым салынған;
- Е) кешендік, инспекторлық және ведомстволық.

7. Полиция нарядын тексеру нәтижелері туралы белгі қайда жасалады?

- А) бекеттік сedomосте және тексеру журналында;
- В) тек қана бекеттік ведомосте;
- С) қызметтік кітапта және бекеттік ведомосте;
- Д) тек қана ПО бастығының атына баянат жазылады;
- Е) барлық жауаптар дұрыс.

8. ППҚ детоксация бөлімдеріне масаюдың қандай деңгейімен жеткізуге рұқсат етіледі?

- А) жеңіл және орта;
- В) тек қана орта;
- С) масаюдың кез келген деңгейімен;
- Д) тек қана жеңіл;
- Е) ППҚ мастарды жеткізуге тыйым салынған.

9. ППҚ наряды ПО-на құқық бұзушылық жасағаны үшін жеткізілген адам туралы кімге баяндауы қажет?

- А) тек қана баянатпен ПО бастығының атына;
- В) ПО немесе ЖБО кезекшісіне ауызша;
- С) жұмыс нәтижесін тапсыру уақытында тек қана сап бөлінісі командиріне;
- Д) ПО мен ЖБО кезекшісіне баянатпен;
- Е) ҚАЖІБ әкімшілік полициясы бастығының атына баянатпен.

10. Полицей азаматтармен қарым-қатынас жасау кезінде қызметтік куәлігін көрсетуге бола ма?

- А) жоқ, өйткені қызметте әрдайым нысандық киімде болмайды;
- В) әрдайым қажет;
- С) ия, егер оны азамат талап етсе;
- Д) ия тек қана жаяу полицей;
- Е) ия, тек қана түнгі уақытта.

13. 3 Бақылау сұрақтары

1. Қоғамдық тәртіпті күзетке және құқық бұзушылықтың алдын алуға қатысушы қоғамдық құрылымдар
2. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасының құқықтық негіздері
3. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті күзетке қатысушы қоғамдық құрылымдардың бағыттары мен рөлі
4. Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті күзетке қатысушы қоғамдық құрылымдар
5. Қоғамның ішкі істер органдарымен заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту бойынша өзара әрекеті
6. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі азаматтардың қатысуы
7. Қоғамдық көмекшілерді іріктеу тәртібі және оларға жеке істерді жүргізу
8. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті күзету бойынша полицияның кешенді күштерін қолдану
9. Қоғамдық тәртіпке жіне имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтар
10. Қоғамдық тәртіпті күзетке және құқық бұзушылықтың алдын алуға қатысушы қоғамдық құрылымдар
11. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және профилактикасының құқықтық негіздері
12. УПИ профилактикалық есебінде тұрғандар санаттары
13. Кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыз және қараусыз қалу профилактикасының субъектілерінің құзыреті
14. Кәмелетке толмағандарға және нашар жағдайлы отбасыларға қолданылатын жеке алдын алу шаралары
15. Ішімдікке, есірткіге құмарларды және таксикомандарды зорлап емдеудің құқықтық негіздері

14.1 «ПО-да қызметтік іс жүргізу»

Тапсырма №1

Азамат С.Алиев өзі тұратын аудан бойынша ПБ барып полицияның қоғамдық көмекшісі болғысы келетінін айтып өтініш жасады. Әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы оның жасы 40-тан асып кеткендігін, ешқандай қоғамдық тәртіпті сақтауға қатыса алмайтындығын айтып шығарып салды.

1. *ПО қызметкерінің іс-әрекеті заңды ма?*
2. *Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамдар мен жол берілмейтін адамдар санатын атаңыз.*

Тапсырма №2

Полицияның қоғамдық көмекшісі болып тіркелген азамат Р.Мансуров кешке жұмыстан қайтып келе жатып жолда екі азаматтың былапыт сөйлеп, адамдарға тиісіп жүргенін көріп, оларға барып куәлігін көрсетіп, тәртіп сақтауға шақырды. Олар оның талабына бағынбады. Р.Мансуров өзі бекітілген УПИ шағырып, екеуі екі азаматты УПП жеткізіп әкішілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырып, айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салды.

1. *УПИ іс-әрекеті заңды ма?*
2. *ӘҚБ туралы хаттама толтырыңыз.*

Тапсырма №3

Полиция қызметкері Нүкеров ұрлық жасады деп күдікті азамат Көпбаевты ұстау кезінде жеке тінту жасауға шешім қабылдады.

1. *Жеке тінтуді жүргізу және ерекше жағдайларда (куәларсыз, тінту туралы үкім және прокурор санкциясы болмаса) жеке тінту тәртібі қандай?*
2. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
3. *ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.*
4. *Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №4

Тергеуші Қапанов, есірткі заттарды сақтады және сатты деген күдікпен азамат Ибрагимовқа қатысты жеке тінту туралы шешім қабылдады. Тергеушінің ойынша Ибрагимов денесіндегі табиғи саңылауларға есірткі заттарды тығып қоюы мүмкін.

1. *Тінту заңды болуы үшін тергеуші не істеуі керек?*
2. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
3. *ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.*
4. *Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №5

Криминалды полиция қызметкері Зотов бір азаматқа қатысты көшеде әкімшілік тексерісін өткізу туралы шешім қабылдады, себебі оның іс-әрекеттері ҚР ҚК 296 бабына сәйкес қылмыстық заң бұзушылық байқалып сезік тудырды.

1. Бұл жерде әкімшілік тексеріс жасау негіздері қандай?

2. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

3. ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.

4. Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?

Тапсырма №6

Полиция қызметкері Ракишев азамат Сидоровты жеке тексеріс жасауды ұйығарды, себебі ол қылмыс жасағаны үшін іздестірілуде жүрген жедел сілтемеде берілген тұлғаға ұқсас. Ол куәлардың қатысуымен Сидоровтың киімдері мен қобдишасына тексеріс жасап, жеке тексеріс хаттамасын толтырды.

1. Полиция қызметкерінің әрекеттері дұрыс па?

2. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

3. ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.

4. Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?

Тапсырма №7

Тәртіп бұзушыларды жеке тексеріс тактикасын мына жағдайлардың бірінде көрсетіңіз: жатқан, тұрған жағдайда, вертикаль бетке сүйеп қойып немесе тізерлер тұрғанда.

1. Бұл жағдайларды таңдау неге байланысты?

2. Ұсақ бұзақылық жасаған тұлғаны сотқа апару үшін қажетті құжаттарды рәсімдеу

Тапсырма №8

2021 жылғы 24 қаңтар күні сағат 16.00 мөлшерінде Алматы қаласы ПБ не азамат Надиров Нұрсұлтан Іргебайұлын 1976 жылы туған, Алматы қаласы, Тәшенов көшесі, 15 үй тұрғыны, жұмыс істемейді, бойдақ ҚР ӘҚБ Кодексінің 434 бабын бұзғаны үшін алып келінді.

1. Осы жағдай бойынша қажетті әкімшілік іс құжаттарын толтырыңыз.

2. Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.

3. ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.

4. Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?

Тапсырма №9

Спирттік ішімдікті көшеде ішкені үшін полиция екі азаматқа ішкі істер бөліміне жүруін өтінді. Азаматтар оның сөзіне құлақ аспай, оны балағаттап, барудан бас тартты. Осы кезде полиция қызметкері азаматтарды резина таяқпен

ұрып оларды ішкі істер бөліміне жеткізді.

1. *Полицияның ісі дұрыс па?*
2. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
3. *ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.*
4. *Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №10

Полиция қызметкері іздеуде жүрген адамды ұстайды. Алайда ұсталған адам қарсылық көрсетіп қаша жөнеледі. Бірақ полиция оны қуып жетіп, қолына кісен салып бөлімшеге жеткізді.

1. *Полицияның әрекеті дұрыс па?*
2. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
3. *ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.*
4. *Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?*

№ 11 есеп.

Учаскелік инспектор өз учаскесін аралап жүріп, үйлердің арасынан шыққан қатты айқайды естиді. Аулаға кірген кезде екі адамның төбелесіп жатқанын көреді, олардың біреуі екіншісін пышақпен ұрып құлатып, қашпақшы болады, бірақ учаскелік инспектор оның жолын бөгеп жібермейді. Қылмыскер үйдің қабырғасына тақалып «Жолама, өлтірем» деп айқайлап пышағын бірнеше рет сілтеді. Ол учаскелік инспектордың пышағынды таста дегеніне қарамастан өзіне қарсы жүгіріп сытылып қашып шықпақшы болады. Учаскелік инспектор қылмыскердің шабуылынан қорғана жүріп, жерде жатқан темір құбырдың кесіндісін алып оны басынан ұрып ауыр жарақат түсірді.

1. *Учаскелік инспектордың ісі дұрыс па?*
2. *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
3. *ПО қызметкерлерінің әрекетінің алгоритмін мазмұндаңыз.*
4. *Аталған факті бойынша қандай қажетті материал жинау қажет және шешімді кім қабылдайды?*

Тапсырма №12

Ерлі-зайыптылар Мамыров және Жасланова – екеуі де 1955 жылы туған заңды некеде 35 жыл тұрған, араларында ешқашан үлкен жанжалдар мен ұрыстар болмаған. Бірақ Жасланова жақын құрбысы оған күйеуінің ағасының үйіне барған кезде жеңіл жүрісті әйелмен көзіне шөп салғанын айтты.

Осы себептен Жасланова үйінде жанжал шығарып, Мамыровты балағаттады. Мамыров шыдай алмай оған кесені лақтырды, кесе бетіне тиіп денсаулығына жеңіл зиян келтірді. Жасланова ПО (102) және учаскелік полиция инспекторына хабарласып, М.амыровқа шара қолдануын сұрады, бірақ медициналық куәландырудан өтуден бас тартты. Аталған жанжалдың куәгерлері көршілері болды.

- 1) *Жағдайды бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *ПО қызметкерінің және басқа да тұрмыстық зорлық-зомбылық субъектілерінің әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3) *Осы жағдайда қандай жеке алдын алу шараларын қолдануға болады?*

Тапсырма №13

Күйеуі мас күйінде қызғаныштан подъездің қасында әйелін балағаттап, жанжал шығарды. Әйелі оны итеріп жіберіп, өзінің үйіне кіріп кетіп, есігін құлыптап алды. Күйеуі есікті сындырмақ болды, есікті қатты қағып, балағаттауын доғармады. Әйелі терезеден секіріп шығып, учаскелік полиция инспекторына шағым түсірді.

- 1) *Зорлық фактісін бағалаңыз, саралаңыз және зорлық түрін анықтаңыз.*
- 2) *Егер жәбірленуші полицияға өзі келсе, алғашқы әрекет ету алгоритмін анықтаңыз.*
- 3) *Егер жәбірленуші көмек көрсету бойынша ұйымға өзі келсе, алғашқы әрекет ету алгоритмін анықтаңыз.*
- 4) *Жәбірленуші әйелге қандай көмек қажет?*

Тапсырма №14

Әйелі күйеуінен өзінің анасына кетіп қалды. Күйеуі олардың үйіне келіп, жанжал шығарды, әйелінің үйіне оралғанын талап етті. Әйелі бармайтынын айтып оны қуа бастады, сол кезде тапаншасын алып шығып, егер әйелі үйіне бармаса, онда өзін атып тастайтындығы туралы айтып қорқытты. Әйелі бас тартқан соң күйеуі өзін иығына атып, өзіне жеңіл дене жарақатын келтірді. Күйеуінің қарудың (тапаншаның) айналымына ресми рұқсаты болды.

- 1) *Жағдайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *Полиция қызметкерінің алғашқы әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3) *Жәбірленуші әйелдерге қандай көмек қажет?*
- 4) *Тұрмыстық зорлықшыға көмек қажет пе?*
- 5) *Осы жағдайдағы зорлық құрбандарына арнайы көмек көрсету бойынша алдын алу субъектілерінің алғашқы әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*

Тапсырма №15

Ер адам өзінің анасымен және оларда бөлмені жалдайтын жас әйелмен бірге тұрады. Еркек әйелге бірнеше мәрте көңілін білдіріп, күйеуге шығуын сұраған. Ол үйіне мас күйінде кеш келіп, әйелдің бөлмесінің есігін қаға бастады, анасының ескертуіне құлақ аспады, балағат сөздер айтты. Таңертең әйел Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөліміне барды.

- 1) *Жағдайды және тұрмыстық зорлық түрін бағалаңыз және саралаңыз.*
- 2) *Полиция қызметкерінің алғашқы әрекет ету алгоритмін мазмұндаңыз.*
- 3) *Әйелге қандай көмек қажет?*
- 4) *Тұрмыстық зорлықшыға қандай мәжбүрлеу шараларын қолдану өажет?*

14. 2 Білімдерін бақылау үшін тестілеу.

1. ПО басшылығының алдындағы УПИ есеп беру мерзімділігі қандай?

- A) айына бір рет;
- B) тоқсанына бір рет;
- C) жартыжылдықта бір рет;
- D) апта сайын;
- E) күн сайын.

2. ҚР ІІМ біріктірілген мәліметтер базасымен профилактикалық есеп бойынша салыстыру мерзімділігі қандай?

- A) апта сайын;
- B) ай сайын;
- C) тоқсан сайын;
- D) жартыжылдықта бір рет;
- E) он күн сайын.

3. Ауылдық жердегі УПИ тұрғылықты халықтың қандай санына қызмет көрсетеді?

- A) шаршы километрдегі халық санына байланысты;
- B) үш мың;
- C) екі мың немесе бір ауылдық мекенде тұратын халық;
- D) бір мың;
- E) кәмелетке толмағандарды есепке алмағанда екі мың.

4. ҚАІБ ЖПҚ бастығымен учаскіге паспортты тексеру мерзімі қандай?

- A) ай сайын;
- B) мерзімі қойылмаған;
- C) тоқсанына бір рет;
- D) жартыжылдықта бір рет;
- E) мерзімділігі ҚАІБ бастығымен анықталады.

5. ҚАІБ бастығының орынбасарымен учаскіге паспортты тексеру мерзімі қандай?

- A) ай сайын;
- B) мерзімі қойылмаған;
- C) тоқсанына бір рет;
- D) жартыжылдықта бір рет;
- E) мерзімділігі ҚАІБ бастығымен анықталады.

6. ҚАІБ бастығымен учаскіге паспортты тексеру мерзімі қандай?

- A) ай сайын;
- B) мерзімі қойылмаған;
- C) тоқсанына бір рет;

- Д) жартыжалдықта бір рет;
- Е) мерзімділігі ҚАІБ бастығымен анықталады.

7. Профилактикалық есепте тұрғандарды есепке алу журналы қайда тіркеледі?

- А) УПП-де;
- В) ҚАІБ ЖПҚ-де
- С) УПП-де, қажет болған жағдайда қосымша жірнал ҚАІБ ЖПҚ-де;
- Д) ПО кезекші бөлімінде;
- Е) ҚАІБ кезекші бөлімінде және УПП.

8. Халық алдындағы УПИ есеп беру ұзақтығы қандай?

- А) 15 минуттан көп емес;
- В) 30 минуттан көп емес;
- С) бір сағаттан көп емес;
- Д) 30 минуттан аз емес, бірақ бір сағаттан көп емес;
- Е) ауылдық жерде 15 минуттан және қалада 30 минуттан аз емес.

9 УПИ қызметінің нәтижелері туралы баяндама хаттарды дайындау мерзімділігі қандай?

- А) ай сайын;
- В) тоқсан сайын;
- С) жылына бір рет;
- Д) жартыжылдықта бір рет және жыл қорытындысы бойынша;
- Е) апта сайын.

10. ҚАІБ бастығы жедел кеңесте УПИ қызметін неше рет қарастыруғв тиіс?

- А) айына бір рет;
- В) тоқсан сайын;
- С) жартыжылдықта бір рет;
- Д) жылына бір рет;
- Е) айына екі рет.

14. 3 Бақылау сұрақтары

1. ӘЗЗҚ ұшыраған адамдарды қорғау бойынша іс жүргізу
2. ЖПҚ қызметкерлерімен әкімшілік жауапкершілікке тарту тәртібі
3. Ішімдікке, есірткіге құмарларды және таксикомандарды зорлап емдеудің құқықтық негіздері
4. Табиғатты қорғау полицлері мен қаралатын әкімшілік істер
5. Кәмелетке толмағандарды заңды жауапкершілікке тартудың құқықтық негіздері
6. ПО арнайы мекемелерінің қызметін ұйымдастыру
7. ЖПҚ қолданылатын мәжбүрлеу шараларының іс жүргізу заңдылығы.
8. Азаматтардың құқықтық тәртіпті қолдаудағы құқықтық формалары

9. Қарудың жеке түрлерін сақтау, алып жүру тәртібін бұзғаны бойынша әкімшілік іс жүргізу.
10. ҚР-да шетел азаматтарының болу тәртібіне қадағалау ісін жүргізу
11. Әкімшілік қадағалау істерін жүргізу тәртібі
12. ПО келіп түсуші қабылдау және шешу механизмінің құқықтық негіздері
13. Жеке және заңды тұлғалардың арыздарын қарастыру, шешу
14. Азаматтарды жеке сұрақтары бойынша қабылдау тәртібі
15. Азаматтардың арыздары мен шағымдарын қабылдау процесіндегі қызметтік іс жүргізу

15 «Ерекше жағдайлардағы ПО қызметі» тақырыбы

Осы тақырып бойынша қарастырылатын құжаттарда ҚБПү мәліметтер қарастырылған.

ТЕСТ ЖАУАПТАРЫ

№	2.4	3.4	4.4	5.4	6.4	7.4	8.4	9.4	10.4	11.4	12.4	13.4	14.4
1	A	A	Д	С	A	A	A	A	Д	A	A	A	A
2	A	A	A	A	A	A	A	A	Е	A	A	A	A
3	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A
4	A	A	С	Е	A	A	A	A	В	A	A	A	A
5	A	A	С	В	A	A	A	A	С	A	A	A	A
6	A	A	В	Д	A	A	A	A	Д	A	A	A	A
7	A	A	A	Д	A	A	A	A	С	A	A	A	A
8	A	A	В	A	A	A	A	A	A	A	A	A	A
9	A	A	В	Е	A	A	A	A	В	A	A	A	A
10	A	A	В	A	A	A	A	A	В	A	A	A	A

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыздағы;
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі 2014 жылғы 5 шілдегі № 235- V;
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу туралы кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V.
5. Қазақстан Республиканың Президентінің «Қазақстан Республиканың мемлекеттік қызметкерлердің Этикалық кодексі (мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік этика ережесі), бекіту туралы 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 жарлығы;
6. Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV заңы;
7. Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199 –V заңы;
8. Қазақстан Республикасының «Жол қозғалыс ережесі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі №194- V заңы;
9. Қазақстан Республикасының «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV заңы;
10. Қазақстан Республикасының «Жергілікті полиция қызметі сұрақтары бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы № 388-V заңы.
11. Қазақстан Республикасының «Жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қазаннан №410-V заңы.
12. Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлықтың алдын алу туралы» 2009 жылғы 4 желтоқсанда №214- IV заңы
13. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Заңды және жеке тұлғалардың шағымдарын қарау тәртібі туралы» заңы.
14. Қазақстан Республикасы ІІМ «Қазақстан Республикасы ІІО жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» 2014 жылғы 17 шілдедегі № 439-бұйрығы.
15. Қазақстан Республикасы ІІМ «Қазақстан Республикасы ІІО заңды және жеке тұлғаларды, азаматтардың жүгінуіне рұқсат беру, қарастыру бойынша нұсқаулықты бекіту туралы» 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 225-бұйрығы.
16. Қазақстан Республикасы ІІМ «ІІО азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2016 жылғы 29 наурыздағы № 313-бұйрығы.
17. Қазақстан Республикасы ІІМ «ІІО кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1098-бұйрығы.
18. Қазақстан Республикасы ІІМ «Учаскелік полиция бекетінің жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік

полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1095-бұйрығы.

19. Қазақстан Республикасы ІІМ «Қазақстан Республикасы ІО әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1097-бұйрығы.

20. Қазақстан Республикасы ІІМ «Қазақстан Республикасы ІО жүйесінде құжаттандыру және құжаттаманы басқару ережелерін бекіту туралы» 2012жылғы 20 қаңтардағы № 33-бұйрығы

21. Қазақстан Республикасының ІІМ 2011 жылғы 23 маусымдағы «ІО қабылдау-тарату орындарында адамдардың жеке басын анықтау жөніндегі іс-шараларды өткізу ережесін бекіту туралы» №231, бұйрығы.

22. Қазақстан Республикасының ІІМ 2011 жылғы 23 маусымдағы «ІО арнайы қабылдау орындарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» №232, бұйрығы.

23. Қазақстан Республикасының ІІМ 2011 жылғы 23 маусымдағы «ІО қабылдау-тарату орындарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» №233, бұйрығы.

24. Қазақстан Республикасының ІІМ 2012 жылғы 9 қаңтардағы «ІО қабылдау-тарату орындарының ішкі тәртіп ережесін бекіту туралы» №10 бұйрығы.